

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі
Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы



ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ ЕРТЕ БОЙЛАТУ БАҒДАРЛАМАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

Астана, 2025

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы ғылыми-әдістемелік кеңесінің шешімімен ұсынылды (2025 жылғы 5 маусымдағы №2 хаттама)

Қазақ тіліне ерте бойлату бағдарламасын жүзеге асыру бойынша әдістемелік ұсынымдар – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2025 ж. – 160 б.

Әдістемелік ұсынымдар білім алушылардың қазақ тілінде ойлау, сөйлеу дағдыларын дамытуға және тілдік қабілеттерін ерте жастан қалыптастыруға бағытталған. Бағдарлама қазақ тілін күнделікті өмірде қолдану арқылы білім алушылардың тиімді қарым-қатынас жасау, тілдік дағдыларын жетілдіру, сонымен қатар ұлттық мәдениетті терең түсінуге жол ашады. Ұсынымдар оқыту процесінде қолдануға ыңғайлы практикалық әдіс-тәсілдерді қамти отырып, білім алушылардың тілге деген қызығушылығын арттыруды көздейді.

Әдістемелік ұсынымдар орта білім беру ұйымдарының басшыларына, білім басқармалары мен бөлімдерінің, оқу-әдістемелік орталықтардың әдіскерлеріне, бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған.

КІРІСПЕ

Қазақ тіліне ерте бойлату бағдарламасын жүзеге асыруда әлем елдерінің тәжірибесі мен отандық ғылыми-әдістемелік зерттеулерге сүйену – бұл бағыттың тиімділігін арттырады. Атап айтқанда, тілге бойлата оқыту үлгілері бойынша Эстония, Канада сынды мемлекеттерде жүргізілген озық педагогикалық тәжірибелер мен олардың нәтижелері зерттеліп, бағдарлама мазмұнын құруда негіз ретінде алынған. Бұл елдерде қолданылған ерте тілдік ортаға бойлату әдістері баланың ойлауын, сөйлеуін және мәдени танымын дамытуда табысты нәтижелерге жетелегені белгілі.

Сонымен қатар, қазақ тілін оқыту мен үйретуге бағытталған отандық ғылыми еңбектердің нәтижелері де бағдарлама мазмұны мен әдістемелік жүйесін қалыптастыруда толықтай пайдаланылды. Осы тұста ұлттық педагогиканың негізін қалаған алғашқы ағартушылар мен Алаш қайраткерлерінің идеяларына да сүйену маңызды. Мәселен, Жүсіпбек Аймауытовтың «Тәрбие жетекшісі» атты еңбегіндегі: «Әр сабақ, әр пән бір жағынан өзіне хас мақсұт көздесе, екінші жағынан тіл түзетуге, тіл сабағының міндетін атқаруға тырысуы керек... Тілсіз оқылатын, ұғылатын пән жоқ екені анық... Білім тану жолы мен тіл үйрену жолын айыру дұрыс емес» деген тұжырымдары тілге бойлата оқыту идеясын ерте ұсынғанын көрсетеді. Бұл қағида қазіргі заманғы интеграциялық оқыту талаптарымен толық үндеседі.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде қазақ тілін оқыту әдістемесіне қатысты көптеген ғылыми зерттеулер мен тәжірибелік жобалар жүзеге асырылды. Солардың бірі – профессор М. Жадрин жетекшілік еткен «Тілге бойлау» жобасы. Бұл жоба 2012 жылдан бастап балабақша деңгейінде, 2013 жылдан бастап Астана, Көкшетау, Талдықорған қалаларындағы Назарбаев Зияткерлік мектептерінің бастауыш сыныптарында жүргізілген тәжірибелік сабақтар негізінде жүзеге асырылып, оң нәтижелер көрсеткен.

Аталған жобаның жетістіктеріне сүйене отырып және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 23 қаңтардағы №12 бұйрығымен бекітілген бастауыш білім берудің мемлекеттік стандартына сәйкес, қазақ тіліне ерте бойлату бағдарламасын білім беру ұйымдарының тандауы бойынша жүзеге асыру ұсынылып отыр (34-тармақ) [1].

Осыған орай, ұсынылып отырған әдістемелік ұсынымдар кіріспе, екі негізгі бөлім және қорытындыдан тұрады. «Тілге ерте бойлату тәсілін жүзеге асыру бойынша халықаралық тәжірибе» бөлімінде Эстония, Канада, Финляндия, Израиль, Ирландия елдеріндегі тілге бойлата оқыту процесінің ерекшеліктері мен тиімді әдістері талданады. «Қазақ тіліне ерте бойлату бағдарламасын жүзеге асыру бойынша әдістемелік ұсынымдар» бөлімінде бағдарламаның мазмұндық құрылымы, қолданылатын әдістер, мұғалімдерге арналған нұсқаулықтар мен ұсыныстар жүйеленген. Қорытынды бөлімінде бағдарламаның жүзеге асырылуына қатысты қорытындылар мен болашақтағы даму бағыттары ұсынылады.

Әдістемелік ұсынымда бастауыш сынып білім алушыларына арналған кіріктірілген сабақтардың үлгілері берілген. Бұл сабақтарда белгілі бір тақырыпты жан-жақты қарастыру арқылы білім алушылардың білім, білік, дағдыларын қалыптастыру және олардың тілдік-коммуникативтік дамуын қамтамасыз ету көзделеді.

Сабақтар барысында қолданылатын белсенді оқыту әдістері – сюжетті-рөлдік ойындар, қимылды және дидактикалық ойындар, тәжірибелік тапсырмалар – білім алушылардың сөздік қорын байытып, қазақ тіліндегі тілдік қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыруға және жетілдіруге ықпал етеді.

1 ТІЛГЕ ЕРТЕ БОЙЛАТУ ТӘСІЛІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ БОЙЫНША ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕ

Қазіргі заманда көптілді білім беру – әлемдік білім жүйесінің маңызды бағыттарының біріне айналды. Әсіресе, ерте жастан тілге бойлату әдісі арқылы тілдік дағдыларды қалыптастыру – көптеген елдердің білім беру жүйесінде тиімді нәтиже берген инновациялық тәжірибе ретінде танылды. Бұл тәсіл білім алушылардың тек жаңа тілді меңгеруін ғана емес, сол тілде еркін ойлап, коммуникативтік тұрғыдан еркін сөйлеу қабілетін де дамытуға бағытталған.

Тілге бойлата оқыту бағдарламалары – бұл білім алушыларға екі немесе одан да көп тілде білім беруді көздейтін интеграциялық оқыту жүйесі. Мұндай бағдарламаларда, әдетте, білім алушының ана тілі – бірінші тіл ретінде, ал шет тілі – екінші тіл ретінде қолданылады. Оқыту мазмұнының едәуір бөлігі (жартысынан астамы) шет тілі арқылы ұсынылады және бұл процесс бірнеше жылға созылады.

Бұл тәсілдің маңызды ерекшелігі – білім алушылар шет тілін жай ғана пән ретінде емес, оқу мен ойлаудың негізгі құралы ретінде қолданады. Нәтижесінде, білім алушылар тілді табиғи ортада меңгергендей жағдайда үйренеді. Тілге бойлату жүйесі түрлі модельдер арқылы жүзеге асады, алайда көп жағдайда білім алушылар бір ана тілінде сөйлейтін және шет тілін мектептен тыс ортада сирек қолданатын ортада болады.

Тілге бойлата оқыту бағдарламалары алғаш рет Канадада, Монреаль қаласында енгізілді. Бағдарламаның мақсаты – ағылшын тілді балалардың екі ресми тілді – ағылшын және француз тілдерін – бірдей деңгейде меңгеруіне мүмкіндік жасау. Квебек провинциясында ағылшын тілділер халықтың тек 15 пайызын құрайтындықтан, мұндай бағдарлама қажеттілікке сай туындады.

1965 жылдан кейін бұл үлгі басқа тілдік контекстерде де қолданылды. Атап айтқанда: иврит-ағылшын, гавай-ағылшын, мохох-ағылшын (үндінің тілі), жапон-ағылшын, баск-испан, фин-швед секілді модельдер қалыптасты. Бұл бағдарламалар сол аймақтың қажеттілігіне қарай бейімделді [Настольная книга о языковом погружении, Таллинн 2009] [Johnson & Swain. 1997].

Канададағы ерте тілге бойлату (French Immersion) бағдарламасы - әлемдегі ең табысты және кең таралған қос тілді білім беру үлгілерінің бірі. Бұл бағдарлама ағылшын тілді білім алушыларға француз тілін ерте жастан меңгеруге мүмкіндік береді және олардың екі тілде де жоғары академиялық нәтижелерге қол жеткізуін қамтамасыз етеді.

Бағдарламаның шығу тегі мен дамуы

French Immersion бағдарламасы 1965 жылы Квебектегі Сент-Ламбер қаласында үш ағылшын тілді ана – Ольга Меликофф, Мюриэль Паркес және Валери Нилдің бастамасымен құрылды. Олар өз балаларының француз тілін еркін меңгеруін қалап, мектеп басқармасына арнайы бағдарлама енгізуді

ұсынды. Бастапқыда бұл бағдарлама балабақша деңгейінде енгізіліп, кейіннен бүкіл Канада бойынша кеңінен таралды [24].

Бағдарламаның құрылымы мен ерекшеліктері

Ерте бойлату моделі (Early French Immersion)

Басталуы: бағдарламаға балалар балабақшада (Kindergarten) немесе 1-сыныпта қосылады.

Оқыту тілі: бастапқыда барлық пәндер француз тілінде оқытылады.

Ағылшын тіліне көшу: 3-сыныптан бастап ағылшын тілі пәні енгізіледі, ал жоғары сыныптарда пәндердің бір бөлігі ағылшын тілінде оқытылады.

Мақсаты: білім алушылардың екі тілде де жоғары деңгейде білім алуын қамтамасыз ету.

Бағдарламаның артықшылықтары

- билингвизм: білім алушылар екі ресми тілді де еркін меңгереді.
- когнитивтік даму: зерттеулер көрсеткендей, екі тілді меңгеру білім алушылардың когнитивтік қабілеттерін арттырады.
- мәдени түсінік: бағдарлама білім алушылардың мәдени әртүрлілікті түсінуіне және бағалауына ықпал етеді.

French Immersion бағдарламасының тиімділігі

Канададағы French Immersion – бұл бірнеше онжылдықтар бойы сәтті қолданылып келе жатқан ерте тілге бойлату бағдарламасы. Оның тиімділігі көптеген ғылыми зерттеулермен расталған және үш негізгі бағытта (академиялық жетістіктер, тілдік дағдылар және әлеуметтік интеграция) ерекше байқалады.

1) академиялық жетістіктер. French Immersion бағдарламасына қатысқан білім алушылардың академиялық жетістіктері жоғары деңгейде болуы – бұл оқыту моделінің тиімділігін дәлелдейтін маңызды көрсеткіштердің бірі. Мұндай білім алушылар екі тілді ортада білім ала отырып, оқу материалын игеру қабілетін де қатар дамытады. Бұл олардың когнитивтік даму деңгейінің жоғары екенін және екі тілде ойлау дағдыларының тиімді қалыптасқанын көрсетеді.

Онтарио провинциясында жүргізілген ұзақмерзімді зерттеулер (Cummins, 2000; Turnbull et al., 2011) French Immersion бағдарламасына қатысушы білім алушылардың ағылшын тілі пәні бойынша көрсеткіштері осы пәнде тек ана тілінде оқитын құрдастарымен салыстырғанда ешбір кем еместігін анықтады. Сонымен қатар, білім алушылар математика, жаратылыстану сияқты тілге тікелей байланысты емес пәндер бойынша да жоғары нәтижелер көрсеткені байқалды (Genesee, 2006). Бұл – иммерсиялық оқыту жүйесінің пәндік білім сапасына кедергі келтірмейтінін, керісінше, жан-жақты дамуға ықпал ететінін айғақтайды.

Екі тілде оқу білім алушылардың когнитивтік қабілеттерін – ақпаратты өңдеу, салыстыру, талдау, логикалық ойлау және шешім қабылдау дағдыларын айтарлықтай арттырады. Бұл қабілеттер кейінгі сыныптарда кез келген оқу пәнін

терең әрі сындарлы меңгеруге ықпал етіп, жалпы академиялық табыстылыққа оң әсер етеді.

2) тілдік дағдылар. Иммерсиялық бағдарламаның басты мақсатының бірі – білім алушылардың француз тілінде тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым дағдыларын ерте жастан бастап жүйелі дамыту. Бұл тәсіл арқылы білім алушылар екінші тілді жай ғана меңгеріп қоймай, оны күнделікті өмір мен оқу процесінде функционалды деңгейде қолдана алатын деңгейге жетеді.

Зерттеулерге сүйенсек, Ontario Institute for Studies in Education (OISE) жүргізген зерттеу нәтижелері French Immersion бағдарламасын 6-сыныпқа дейін аяқтаған білім алушылардың басым көпшілігі француз тілінде еркін диалог жүргізе алатынын көрсетеді. Ал 12-сынып түлектерінің 80%-дан астамы француз тілін CEFR шкаласы бойынша B2 деңгейінде, кейбірі одан да жоғары деңгейде меңгерген (Government of Canada, 2017). Бұл – тілдік дағдылардың ұзақ мерзімді перспективада тұрақты дамитынының айғағы.

Қосымша маңызды аспектілер ретінде ерте тілдік экспозицияны атап өтуге болады. Баланың мол тілдік ортада болуы оның дыбыстық жүйені қабылдауын, грамматикалық құрылымдарды түсінуін және тілдік интуициясының дамуын жеделдетеді. Сонымен қатар француз тіліндегі теледидар бағдарламаларын көру, көркем және танымдық әдебиеттер оқу, сыныптағы сабақтар мен ойын барысында тілдік құралдарды белсенді қолдану – білім алушылардың тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым дағдыларын кешенді дамытуға ықпал етеді.

3) әлеуметтік интеграция және мәдениетаралық құзыреттер. French Immersion бағдарламасы тек тілдік құзыреттілікті дамытуға ғана емес, сонымен қатар білім алушылардың екі түрлі мәдени ортаға бейімделуіне, өзге ұлт өкілдерімен өзара түсіністік пен төзімділік негізінде қарым-қатынас орнатуына жағдай жасайды. Ғалымдар Bialystok (2001) пен Lambert (1974) екі тілді меңгерген білім алушылардың мәдени төзімділік деңгейі жоғары болатынын атап өткен. Сонымен қатар, иммерсия бағдарламасына қатысқан білім алушылар әлеуметтік стереотиптерге аз ұшырайды және түрлі этникалық топтармен қарым-қатынас орнатуға бейім келеді. Мысалы, француз мәдениетін таныстыру мақсатында ән айту, ұлттық дәстүрлер мен мейрамдармен танысу, мектепшілік театр қойылымдары мен мерекелік іс-шараларға қатысу арқылы білім алушылар мәдени әртүрлілікті құрметтеуге және қабылдауға үйренеді. Бұл құзырет кейінірек еңбек нарығында немесе халықаралық ортада тиімді коммуникация орнатуға мүмкіндік беріп, әлеуметаралық кедергілерді азайтады.

1-кесте. Екі тілді оқыту бағдарламасының білім алушыларға әсері

Көрсеткіш	Immersion бағдарламасы қатысушылары	Жалпы білім алушылар
Екінші тілді меңгеру деңгейі	B2 – C1 (CEFR шкаласы бойынша)	A2 – B1
ҰБТ-ға қатысу көрсеткіші	Жоғары	Орташа
Университетке түсу деңгейі	85%+	70–75%
Жұмыс нарығындағы икемділік	Екі тілде жұмыс істей алады	Бір тілмен шектеледі

Канададағы French Immersion бағдарламасы – ерте жастан бастап екінші тілді меңгертудің ең табысты, ғылыми негізделген және әлемдік деңгейде мойындалған үлгісі. Оның құрылымы, мазмұны және нәтижелері білім алушылардың академиялық, тілдік және әлеуметтік жетістіктерін арттыруға айқын ықпал етіп отыр. Билингвизмді дамытумен қатар, бұл бағдарлама білім алушылардың когнитивтік және мәдениетаралық құзыреттерін тереңдетіп, олардың заманауи қоғамға бейімделуіне мүмкіндік береді.

Осы табысты тәжірибе басқа да елдердің көптілді білім беру жүйесіне үлгі болды. Француз тілін ағылшын тілді ортада бойлатып меңгертудің әдістемелік қағидаттарын негізге ала отырып, Эстония, Финляндия, Жаңа Зеландия сынды мемлекеттер өздерінің ұлттық тілдік жағдайларына сәйкес тілге бойлату моделін бейімдеді. Төменде осы елдердегі тәжірибелер мен ерекшеліктер қарастырылады.

Эстонияда тілге бойлата оқыту моделі әсіресе орыс тілді және өзге де этностық топтардан шыққан білім алушылардың мемлекеттік тіл эстон тілін меңгеруін қамтамасыз етуге бағытталған. Бұл бағдарлама Канададағы French Immersion моделіне ұқсас құрылымға ие және ұлттық білім беру саясатының маңызды құралы болып табылады. Эстон тілін ерте жастан бойлата меңгерту арқылы білім алушыларды эстон қоғамына сәтті әлеуметтендіру, мемлекеттік тілді еркін қолдануға мүмкіндік жасау көзделеді. Бағдарлама тек тілді үйретуді ғана емес, сонымен бірге мәдениетаралық түсіністік пен әлеуметтік бірігуді қамтамасыз етуге бағытталған.

Бағдарлама мемлекеттік тілді екінші тіл ретінде үйрету арқылы балалардың тілдік, когнитивтік және әлеуметтік дағдыларын дамытуға бағытталған. Яғни, бала тілді жай жаттап ғана қоймай, оны күнделікті өмірде, бастауыш білім беру процесінде еркін қолдана алатындай деңгейге жетуі тиіс.

Бағдарламаның негізгі міндеттері:

Эстониядағы тілге ерте бойлату бағдарламасы бірнеше стратегиялық бағыттарды қамти отырып, орыс тілді және өзге де этностық топтардың білім алушыларына мемлекеттік тілді – эстон тілін ерте жастан меңгертуге бағытталған. Бағдарламаның негізгі міндеттері төмендегідей:

1) бастауыш жастағы білім алушыларды эстон тіліне бойлату:

- баланың ана тіліне зиян келтірмей, эстон тілін ойын, қарым-қатынас және оқу әрекеті арқылы табиғи жолмен меңгеруіне жағдай жасау;

- қос тілділікке бейімделуді біртіндеп, баланың психологиялық және тілдік даму ерекшеліктерін ескере отырып жүзеге асыру.

2) тілді қолдануға қолайлы коммуникативтік орта қалыптастыру:

- эстон тілінде қарым-қатынас жасауға ынталандыратын интерактивті оқу ортасын ұйымдастыру (рөлдік ойындар, театрландырылған қойылымдар, бірлескен жобалар);

- білім алушылардың әлеуметтік белсенділігін арттыра отырып, өз ойын еркін жеткізу дағдыларын қалыптастыру.

3) педагог кадрларды арнайы даярлау:

- екі тілде білім беру саласына бейімделген, кәсіби құзыретті педагогтерді даярлау;

- эстон тілін ана тілі емес, екінші тіл ретінде оқыту әдістемесін жетілдіру және жаңғырту.

4) оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеу және бейімдеу:

- балалардың жас және тілдік ерекшеліктеріне сәйкес келетін оқулықтар, жұмыс дәптерлері, дидактикалық құралдар мен көрнекіліктер дайындау;

- оқу мазмұнын тіл үйрету мақсатына сай бейімдеп, пәндік-тілдік кіріктіру тәсілін енгізу.

5) тілдік жетістіктерді бағалау және мониторингілеу:

- білім алушылардың эстон тілін меңгеру деңгейін жүйелі түрде диагностикалау;

- тілдік дамуды нақты өлшемдер арқылы бақылау және қажетті жағдайда қолдау көрсету шараларын іске асыру.

6) мәдениетаралық түсіністікті дамыту:

- білім алушыларды Эстонияның ұлттық және мәдени құндылықтарымен ерте жастан таныстыру;

- эстон қоғамының толыққанды мүшесі екенін сезіндіру арқылы азаматтық бірегейлікті қалыптастыру.

Эстонияның тілге ерте бойлату бағдарламасы – бұл тек тілді меңгеру процесі емес, сонымен бірге білім алушының тұлғалық, мәдени және әлеуметтік тұрғыдан қалыптасуына ықпал ететін кең ауқымды стратегиялық жоба. Оның мақсаттары мен міндеттері әр баланың екі тілділікке бейімделуін жеңілдетуге және көптілді қоғамда еркін өмір сүруге дайын тұлға болып өсуіне бағытталған.

Бағдарламаның құрылымы мен әдістері

Эстонияның тілге ерте бойлату бағдарламасы – елдегі білім беру саласындағы көптілділікті дамытуға бағытталған маңызды стратегиялардың бірі. Бағдарлама екі негізгі бағытта жүзеге асырылады: ерте бойлату және кеш бойлату. Бұл бағыттардың әрқайсысы білім алушылардың жас ерекшеліктері мен дайындық деңгейін ескере отырып ұйымдастырылады.

1. Ерте бойлату (Early Immersion)

Бағдарлама аясында балалар эстон тілін ерте жастан бастап, мектепке дейінгі кезеңнен меңгеруге тартылады. Мұндағы басты ерекшелік – тілдік білімді формалды түрде емес, күнделікті қарым-қатынас жағдайында: ойын, іс-әрекет, көркем шығармашылық және танымдық тапсырмалар арқылы сіңіру. Бұл тәсіл тіл үйренуді еріксіз процеске айналдырып, баланың қызығушылығы мен белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Бағдарламаның негізгі сипаттамалары:

- оқыту тілі – эстон тілі. Бастапқы кезеңнен бастап барлық оқу процесі (сабақтар, ойын әрекеті, күнделікті қарым-қатынас) тек эстон тілінде жүргізіледі;

- тілдік ортаға бойлату. Білім алушылар үнемі эстон тілінде сөйлейтін тілдік ортада болады, бұл тілдік дағдыларды күнделікті тұрмыстық және танымдық деңгейде меңгеруге мүмкіндік береді;

- мамандандырылған педагогтер. Бағдарламада екі тілді меңгерген немесе арнайы дайындықтан өткен мұғалімдер жұмыс істейді. Олар оқытуды білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сай, түсінікті және қолжетімді түрде ұйымдастырады;

- интерактивті оқу мазмұны. Сабақ мазмұнына ойын, музыка, қолөнер, қимыл-қозғалыс белсенділігі сияқты элементтер кіріктіріледі. Бұл тәсіл тілге деген қызығушылықты арттырып, мотивацияны қалыптастырады.

Бағдарламаның артықшылықтары:

- танымдық және тілдік дамудың үйлесімділігі. Тіл үйрену процесі баланың жалпы ойлау, есте сақтау, зейін және шығармашылық қабілеттерінің дамуына оң әсер етеді;

- әлеуметтік және академиялық бейімделу. Эстон тілін еркін меңгерген бала жалпы білім беру жүйесінде табысты оқып, қоғамда тиімді қарым-қатынас орната алады және болашақта еңбек нарығында бәсекеге қабілетті тұлғаға айналады;

- ерте жастан бастап тіл меңгерудің артықшылығы. Мектепке дейінгі кезең – тілдік қабілеттердің қарқынды дамитын кезеңі. Осы уақытта үйренген тіл білім алушының ұзақмерзімді жадысында терең сақталып, өмір бойғы тілдік дағдылардың негізін қалайды. Ерте меңгерілген тіл болашақта күрделі тілдік құрылымдарды тез қабылдауға, көптілділікке оңай бейімделуге және тілдік құзыреттілікті саналы түрде дамытуға мүмкіндік береді.

2. Кеш бойлау (Late Immersion)

Бұл модельде білім алушылар эстон тілін бастауыш немесе орта буын деңгейінде меңгере бастайды. Яғни оқыту бастапқыда ана тілінде (мысалы, орыс тілінде) жүргізіліп, кейіннен біртіндеп эстон тіліне көшіріледі. Бұл тәсіл білім алушылардың жаңа тілге бейімделуін жеңілдетіп, психологиялық тосқауылдарды төмендетуге мүмкіндік береді.

Негізгі сипаттамалары:

- біртіндеп көшу қағидасы. Білім беру процесі кезең-кезеңмен эстон тіліне көшеді: бастапқыда пәндердің бір бөлігі ана тілінде, қалған бөлігі эстон тілінде жүргізіледі;

- сабақ жүктемесін оңтайлы бөлу. Эстон тіліндегі пәндердің үлесі оқу жылының немесе сынып деңгейінің өсуіне қарай біртіндеп артады. Бұл баланың тілдік жүктемені жеңіл қабылдауына мүмкіндік береді;

- пән арқылы тіл үйрету (CLIL әдісі). Эстон тілі тек жеке пән ретінде емес, мазмұндық пәндер (жаратылыстану, тарих, музыка т.б.) арқылы да үйретіледі. Бұл сөздік қордың байып, тілдік түсініктің тереңдеуіне ықпал етеді;

- білікті педагогтер. Мұғалімдер екі тілді оқыту әдістемесін меңгерген және білім алушыларға қолайлы тілдік орта құруға назар аударады.

Артықшылықтары:

- көптілділікке жол ашады. Білім алушылар ана тілін сақтай отырып, жаңа тілді меңгеруге мүмкіндік алады;

- тілді меңгеру процесі табиғи және жүйелі жүреді. Сабақ жүктемесінің біртіндеп артуы тіл үйренуге байланысты стресс деңгейін төмендетеді;

- психологиялық бейімделу жеңіл өтеді. Ана тілінде алынған алғашқы білім базасы баланың сенімділігін арттырып, эстон тілін меңгеруге оң көзқарас қалыптастырады;

- сапалы нәтижеге жетелейді. Уақыт өте келе эстон тіліндегі коммуникативтік және академиялық құзыреттілік айтарлықтай деңгейде артады.

3. Мазмұн мен тілді кіріктіріп оқыту (CLIL әдісі)

Эстониядағы тілге бойлату бағдарламасында кеңінен қолданылатын маңызды тәсілдердің бірі – CLIL (Content and Language Integrated Learning), яғни мазмұн мен тілді кіріктіріп оқыту әдісі.

Бұл әдістің мәні – білім алушылардың пәндерді, мысалы, математика, жаратылыстану немесе көркем еңбек сияқты сабақтарды, эстон тілінде меңгеруі болып табылады. Тіл үйрету пән мазмұны арқылы жүргізіледі, яғни балалар бір уақытта пәндік және тілдік білімді бірге игереді. Мұғалім сабақ барысында тек тілдік дағдыларды ғана емес, сонымен қатар пәнге тән терминология мен ұғымдарды да үйретеді, бұл екі бағыттың бірлесіп дамуына мүмкіндік береді. Осылайша тіл үйрену процесі білім алушылар үшін нақты және өмірлік мәні бар жағдайларда жүзеге асады, және тіл үйрену мақсаты пәндік білімді игерудің құралына айналады. Нәтижесінде білім алушылар екі тілді де терең әрі жан-жақты меңгеріп, пәнге деген қызығушылықтары артып, тілдік белсенділіктері күшейеді.

Бұл әдіс бойынша білім алушылар тіл үйренуді күнделікті өмірден алынған, нақты және мағыналы жағдайларда жүзеге асырады. Мұндай контекст тілдің өмірлік қажеттілік ретінде қабылдануына ықпал етеді және білім алушылардың тілді қолданудағы белсенділігін арттырады. Яғни, тіл үйрену өз алдына мақсат болмай, керісінше, пәндік білімді игерудің маңызды құралы ретінде қарастырылады. Осылайша, білім алушылар тіл арқылы тек тілдік дағдыларды емес, сондай-ақ сол тілде берілетін пәндік материалды да терең түсініп, меңгереді. Бұл тәсіл тіл мен пән білімінің бірлесіп дамуына, білім алушылардың оқу мотивациясының жоғары болуына және олардың екі бағытта да нәтижелі жетістіктерге жетуіне мүмкіндік береді.

Қолдану тәсілдері мыналардан тұрады:

- білім алушыларға түсінікті болу үшін сабақта суреттер, диаграммалар мен кестелер пайдаланылады. Бұл визуалды құралдар ақпаратты жеңіл меңгеруге және есте сақтауға көмектеседі.

- сабақ барысында диалогтар, жұптық және топтық тапсырмалар ұйымдастырылады. Бұл әдістер білім алушылардың өзара қарым-қатынас жасау қабілетін дамытып, тілдік практикаға көп мүмкіндік береді.

- белсенді сөздік қорды кеңейту үшін сабақта жаңа терминдер мен сөз тіркестерімен жұмыс жүргізіледі. Бұл тілдік дағдыларды жетілдіруге және пәнге қатысты лексиканы меңгеруге септігін тигізеді.

- пәндік және тілдік материалдарды үйлестіре отырып, арнайы қосымша оқу құралдары әзірленеді. Олар оқыту процесін жеңілдетіп, білім алушыларға екі бағытты да терең меңгеруге қолдау көрсетеді.

Эстониядағы ерте және кеш бойлату бағдарламалары – бұл білім алушылардың эстон тілін өмірлік дағды деңгейінде меңгеруіне бағытталған, заманауи және ғылыми негізделген құрылымдар. CLIL әдісінің қолданылуы оқыту процесін тиімді, мазмұнды әрі практикалық етеді. Бұл тәсілдер баланың тілді ойын, қарым-қатынас және пәндік мазмұн арқылы үйренуіне мүмкіндік береді, сондай-ақ көптілді қоғамда сәтті кіріктірілуіне жол ашады.

2-кесте. Эстониядағы ерте және кеш бойлату модельдерінің салыстырмасы

Критерий	Ерте бойлату (Early Immersion)	Кеш бойлату (Late Immersion)
Басталу кезеңі	Мектепке дейінгі ұйымдарда немесе 1-сыныптан басталады	2–5-сыныптарда немесе орта буында басталады
Бастапқы оқыту тілі	Эстон тілі	Ана тілі (мысалы, орыс тілі)
Тілдік орта	Эстон тілі негізгі қарым-қатынас тілі	Тілдік орта біртіндеп эстон тіліне көшеді
Тілді қолдану тәсілі	Ойын, күнделікті іс-әрекет арқылы	Жүйелі, пәндік негізде (CLIL әдісімен)
Пәндердің тілі	Барлық пәндер эстон тілінде	Бастапқыда пәндер аралас тілде, кейіннен көпшілігі эстон тілінде
Педагогке қойылатын талаптар	Эстон тілін ана тілі деңгейінде меңгерген, қостілді әдіскер	Екі тілде еркін сөйлейтін, кезеңдік көшу әдісін меңгерген
Артықшылықтары	- Ерте когнитивтік және тілдік дамуға ықпал етеді - Эстон қоғамына еркін интеграция	- Ана тілін сақтап қалуға мүмкіндік береді - Психологиялық тосқауылды азайтады
Қолдану аясы	Балабақшалар, бастауыш мектептер	Бастауыштың жоғары сыныптары мен негізгі мектеп деңгейі

Оқу-әдістемелік материалдар

Эстония Білім және ғылым министрлігі эстон тілін үйренуге арналған түрлі онлайн курстар мен оқу ресурстарын ұсынады:

Keeleklikk: жаңадан бастаушыларға арналған онлайн курс, 16 түрлі тақырып пен 1000-нан астам жаттығуды қамтиды.

Keeletee: B1 деңгейіндегі курс, жазылым, оқылым және мәтінді түсіну дағдыларын дамытуға бағытталған.

Üleilmakool (Global School): Эстониядан тыс жерде тұратын білім алушыларға арналған онлайн курстар, Skype сабақтарын қамтиды.

Oriq: эстон тіліндегі цифрлық оқу материалдары.

E-Koolikott: оқу материалдарын табуға, жариялауға және құрастыруға арналған цифрлық орта.

Eesti keele lootskursus: 6-10 жас аралығындағы білім алушыларға арналған 10 сағаттық курс, ана тілі ретінде эстон тілін үйретуге бағытталған.

Koolielu: әртүрлі деңгейдегі білім алушыларға арналған жаттығуларды қамтиды.

Miksike: жалпы білім беретін мектептерге арналған оқу материалдарын ұсынады, құрылымдалған материалдар мен онлайн тесттерді қамтиды.

Бағдарламаның нәтижелері

Эстониядағы тілге ерте бойлату бағдарламасының нәтижелері бірнеше жылдар бойы жүргізілген зерттеулер мен мониторинг арқылы жан-жақты бағаланып отырды. Бұл бағдарламаның басты жетістіктерінің бірі – білім алушылардың эстон тілін меңгеру деңгейінің айтарлықтай артуы және білім беру саласындағы табыстарының едәуір жақсаруы.

1) тіл меңгеру деңгейінің артуы. 2008–2010 жылдары Эстонияның Білім және ғылым министрлігі мен Таллинн университеті бірлесіп жүргізген кешенді зерттеу нәтижелері бойынша, тілге ерте бойлату бағдарламасына қатысқан білім алушылар:

- эстон тілінде ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын ана тілінде сөйлейтін құрдастарына шамалас деңгейде меңгерген;
- тыңдалым және түсіну дағдылары жағынан бағдарламадан тыс қалған білім алушылармен салыстырғанда едәуір жақсы көрсеткіштерге қол жеткізген;
- эстон тілінде пәндік мазмұнды қабылдау қабілеттері жоғары болған (мысалы, математика, жаратылыстану, тарих пәндерін эстон тілінде меңгеру жеңілдеген).

2) академиялық жетістіктер. Бағдарлама аясында оқыған балалар жалпы білім беру мазмұнын игеруде де жоғары нәтижелер көрсетті:

- эстон тілін меңгеру деңгейі жақсы болған білім алушылар басқа пәндер бойынша да үлгерімін арттырған;
- TIMSS, PIRLS, PISA сияқты халықаралық зерттеулер нәтижесінде, көпұлтты мектептерде оқитын, бірақ тілге ерте бойлата оқытылған білім алушылардың көрсеткіштері өз ана тілінде оқитын білім алушылардан көп жағдайда кем түспеген, кейде асып түскені байқалған;
- эстон тілінде өз ойын нақты әрі сауатты жеткізу қабілеті қалыптасып, коммуникативтік құзыреттіліктері арта түскен.

3) әлеуметтік және психологиялық бейімделу. Бағдарлама тек тілдік емес, сонымен қатар әлеуметтік бейімделуге де ықпал етті:

- эстон тілін ерте меңгерген балалар қоғамға, мектеп ортасына тез бейімделіп, қақтығыстарға аз түсіп, достарымен және мұғалімдермен тиімді қарым-қатынас орната алды;
- Эстонияда тұратын орыс тілді отбасылардың балалары да мемлекеттік тілге деген көзқарас өзгеріп, ұлттық бірлікке қосқан үлестері артты;
- білім алушылар мәдениетаралық қарым-қатынасқа бейімделіп, эстон мәдениеті мен құндылықтарын тереңірек түсіне бастады.

4) педагогтер мен ата-аналар пікірлері. Бағдарламаға қатысқан педагогтер мен ата-аналардан алынған пікірлер де бағдарламаның тиімділігін дәлелдейді:

- педагогтер білім алушылардың эстон тілінде тез тіл табысып кететінін, сабаққа белсенді қатысатынын атап өтті;
- ата-аналар өз балаларының сөздік қорының кеңейгенін, екі тілде де еркін сөйлей алатынын, өзін сенімді ұстайтынын жеткізді;
- ата-аналардың мемлекеттік тілге деген мотивациясы мен қызығушылығы артты, олар да өздері тіл үйренуге талпына бастады.

5) мемлекеттік деңгейдегі жетістіктер. Бағдарламаның нәтижесінде Эстония:

- мемлекеттік тіл саясатын білім беру арқылы жүзеге асырудың тиімді моделін қалыптастырды;
- аз ұлт өкілдері арасында эстон тіліне деген сенімділік пен қажеттілік сезімін арттырды;
- білім беру саласындағы инклюзивтілік пен тең мүмкіндіктер принципін нақты іске асырды.

Эстонияның тілге ерте бойлату бағдарламасы – мемлекеттік тілді меңгеру мен академиялық табыстың арасында тікелей байланыс бар екенін нақты дәлелдейтін мысал. Бұл тәжірибе балалардың тек тілдік емес, когнитивтік, әлеуметтік және мәдени дамуындағы өзгерістерге әкелді. Сонымен қатар, бағдарлама ұлттық тұтастықты нығайту мен көптілді қоғамда тиімді тіл саясатын іске асырудың озық үлгісі ретінде халықаралық сарапшылар тарапынан да жоғары бағаланды.

Эстон тілінде оқытуға көшу: кезеңдері мен мақсаттары

Эстония үкіметі 2024 жылдан бастап барлық білім беру мекемелерінде эстон тілінде оқытуға кезең-кезеңмен көшу жоспарын бекітті. Бұл реформа 2029/2030 оқу жылына дейін толық аяқталуы тиіс. Тілге ерте бойлату бағдарламасы – осы көшу процесінің негізін қалаушы құрал ретінде қарастырылып, болашақта да маңызды рөл атқарады.

3-кесте. Эстон тілінде оқытуға көшу кезеңдері

Жыл	Көшу кезеңі
2024	Балабақшалар мен 1 және 4-сыныптарда эстон тілінде оқыту басталады
2025	2 және 5 сыныптар эстон тілінде оқытуға көшеді
2026	3 және 6 сыныптар эстон тілінде оқытуға көшеді
2027	7 сыныптар эстон тілінде оқытуға көшеді
2028	8 сыныптар эстон тілінде оқытуға көшеді
2029/2030	Барлық сыныптар толықтай эстон тілінде оқытуға көшеді

Тілге ерте бойлату бағдарламасының атқаратын рөлі

Тілге ерте бойлату бағдарламасы балалардың мектепке дейінгі кезеңнен бастап эстон тілін меңгеруін қамтамасыз етеді. Бұл бағдарлама арқылы білім алушылар:

- эстон тілінде қарым-қатынас жасау қабілетін қалыптастырады;
- когнитивті дамуын, сөйлеу белсенділігін және өзіндік пікірін еркін білдіру дағдысын дамытады;
- мектепке бейімделу процесін жеңілдетеді.

Ағымдағы жетістіктер мен қолдау тетіктері

Эстония үкіметі мен Білім және ғылым министрлігі оқыту процесін қолдау және тиімді жүзеге асыру үшін мынадай шараларды жүзеге асыруда:

- педагогтерге арналған қайта даярлау және кәсіби біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру;
- мектепке дейінгі ұйымдар үшін эстон тілінде білім беруге бейімделген оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеу;
- орыс тілді білім алушыларға қосымша тілдік қолдау бағдарламаларын енгізу;
- мектептер мен балабақшаларда екітілділікті біртіндеп азайтып, толыққанды мемлекеттік тілге көшуге жағдай жасау.

4-кесте. 2022-2023 оқу жылындағы мектепке дейінгі білім беру мекемелеріндегі оқыту тілі бойынша балалардың үлесі [25]

Оқыту тілі	Білім алушылар саны	Үлесі (%)
Эстон тілі	55,890	81%
Орыс тілі	8,970	13%
Тілге ерте бойлату топтары	4,140	6%

Болашақ жоспарлар мен перспективалар

Эстония үкіметі алдағы жылдарға білім беру жүйесін мемлекеттік тілге толық көшіруді мақсат етіп отыр. Бұл бағыттағы негізгі стратегиялық міндеттер мыналарды қамтиды:

- 2025 жылға қарай барлық бастауыш сыныптарда оқытудың негізгі тілі ретінде эстон тілін орнықтыру;
 - 2026–2029 жылдар аралығында негізгі және орта білім беру сатыларына толық көшу;
 - білім алушылардың эстон тілінде оқылым, жазылым, тыңдалым және айтылым дағдыларын кешенді дамытуға бағытталған «тілдік портфолио» жүйесін енгізу;
 - әртүрлі өңірлердегі білім беру ұйымдарында тілдік мониторинг пен тәуелсіз бағалау жүйелерін жетілдіру;
 - педагогикалық әдістерді тілдік ортаға бейімдеп, жаңартылған мазмұн негізінде қолдану;
 - этникалық қауымдастықтармен және көптілді отбасылармен бірлескен жұмыс жүргізу арқылы тіл саясатына әлеуметтік қолдау көрсету.
- Тілге ерте бойлату бағдарламасының тиімділігін арттыру үшін келесі педагогикалық тәсілдер ұсынылады:
- ойын арқылы оқыту (білім алушылардың жас ерекшелігіне сай сабақтарды ойын формасында ұйымдастыру арқылы оқу процесін тартымды әрі нәтижелі ету);
 - көрнекі құралдарды қолдану (суреттер, карточкалар, интерактивті бейнематериалдар арқылы лексикалық қорды байыту және есте сақтауды жеңілдету);
 - қарым-қатынасқа бағытталған тапсырмалар (білім алушылардың мұғаліммен және құрдастарымен эстон тілінде еркін тілдесуіне мүмкіндік беретін тілдік жағдаяттарды ұйымдастыру);

- мәдениетаралық компонентті енгізу (эстон халқының тарихы, дәстүрі және тұрмысымен таныстыру арқылы тіл үйренуге деген мотивацияны арттыру);
- ата-аналармен жұмыс (ата-аналар үшін кеңес беру, семинарлар ұйымдастыру, үй жағдайында тілдік қолдау көрсету тәсілдерін түсіндіру арқылы отбасылық қолдауды күшейту).

Эстониядағы тілге ерте бойлату бағдарламасы – елдің мемлекеттік тіл саясатының негізін құрайтын, білім беру мен қоғамдық интеграцияны ұштастыратын стратегиялық бастама. Бағдарлама тек тіл меңгеруге емес, сонымен қатар ұлттық сәйкестікті қалыптастыруға, мәдениетаралық түсіністікті нығайтуға және азаматтық жауапкершілікті арттыруға бағытталған.

Эстон тілін ерте жастан меңгерген білім алушы:

- қоғамға бейімделу процесінен еркін өтеді;
- білім алу мен болашақ мамандық таңдауда бәсекеге қабілетті болады;
- көптілді ортада өз орнын табуға қабілетті тұлға ретінде қалыптасады.

Мемлекеттік тілде сапалы білім беру процесі Эстония мемлекетінің инклюзивті, біртұтас және бәсекеге қабілетті білім беру жүйесін құру жолындағы маңызды қадамы болып табылады.

Бағдарламаның тиімділігі мен нәтижелері

1) когнитивтік және әлеуметтік-эмоционалдық даму. Эстониядағы тілге ерте бойлату бағдарламасы білім алушылардың танымдық (когнитивтік) қабілеттері мен әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын дамытуда тиімді тетік ретінде танылды.

ОЕСД тарапынан жүргізілген зерттеу нәтижелері көрсеткендей, эстон балалары өзін-өзі басқару, ынтымақтастық пен әлеуметтік мінез-құлық дағдылары бойынша Ұлыбритания және АҚШ-тағы құрдастарына қарағанда жоғары нәтиже көрсеткен. Бұл – тілдік орта мен білім беру тәсілдерінің үйлесімділігінің тікелей жемісі.

2) мектепке дайындық. Бағдарламаға қатысқан білім алушылардың мектепке дайындығы айтарлықтай жоғары екені анықталды. Мұғалімдер мен ата-аналардың бағалауы бойынша, бұл балалар оқу процесіне тез бейімделіп, мектеп табалдырығын сенімді аттайды. Оларда тілдік кедергі азайып, оқу мотивациясы жоғарылайды [26].

3) әлеуметтік интеграция және тең мүмкіндіктер. Эстония үкіметі 2024 жылдан бастап білім беру мекемелерінде эстон тілінде оқытуға кезең-кезеңімен көшуді қолға алды. Бұл процесс 2029/2030 оқу жылына дейін толық жүзеге асады деп жоспарлануда. Осы реформаның негізінде тілге ерте бойлату бағдарламасы жатыр. Ол тек тіл меңгертумен шектелмей, саны аз ұлт өкілдері балаларының эстон қоғамына бейімделуіне, тең мүмкіндікке ие болуына және ұлттық бірлікке үлес қосуына бағытталған.

Эстониядағы тілге ерте бойлату бағдарламасы – тек тіл үйрету әдісі емес, сонымен қатар ұлттың тілдік бірлігін, білімдегі теңдікті және әлеуметтік интеграцияны қамтамасыз ететін ұзақмерзімді стратегиялық жоба. Бұл бағдарлама арқылы балалар мектепке дейінгі жастан бастап эстон тілін меңгеріп

қана қоймай, танымдық, коммуникативтік және эмоционалдық тұрғыдан жан-жақты дамиды.

Эстонияның тәжірибесі – көптілді қоғам жағдайында мемлекеттік тілді тиімді меңгертудің озық үлгісі. Бұл модель ұлттық бірегейлікті нығайтумен қатар, әрбір баланың әлеуетін ашуға мүмкіндік беретін әмбебап әрі инклюзивті тәсіл ретінде халықаралық деңгейде танылып отыр. Мұндай бағдарлама – болашақ ұрпақты біріктіретін, бәсекеге қабілетті азамат қалыптастыратын маңызды құрал.

Эстония тәжірибесіне ұқсас модельдер басқа да елдерде қолданылып келеді. Солардың бірі – Финляндия. Бұл елде де ерте жастан бастап тілге бойлату бағдарламасы табысты іске асырылып жатыр.

Финляндиядағы тілге ерте бойлату (early total immersion) бағдарламасы - бұл фин тілді балаларға швед тілін ерте жастан меңгеруге мүмкіндік беретін біржақты бойлату моделі. Бағдарлама Канададағы French Immersion үлгісіне негізделіп, Финляндияның тілдік және мәдени ерекшеліктеріне бейімделген.

Бағдарламаның құрылымы мен ерекшеліктері

Бірінші швед тіліне бойлату бағдарламасы 1987 жылы Вааса қаласында енгізілді. Бұл қалада фин тілді тұрғындар басым болғанымен, швед тілді қауымдастық та бар. Бағдарлама сәтті болғандықтан, кейіннен басқа қалаларда да енгізілді.

Бағдарлама мектепке дейінгі білім беруден (4–5 жас) басталып, негізгі білім берудің 9-сыныбына дейін жалғасады. Бастапқы кезеңде оқыту толықтай швед тілінде жүргізіледі, ал кейінгі сыныптарда фин тілі енгізіледі.

Бағдарлама тек швед тілін ғана емес, басқа да тілдерді меңгеруге бағытталған. Білім алушылар швед және фин тілдерінен бөлек, ағылшын, неміс, француз сияқты шетел тілдерін де оқи алады [27].

Мұғалімдер «бір адам – бір тіл» қағидатын ұстанады, яғни әр мұғалім тек бір тілде сөйлейді, бұл білім алушылардың әр тілде нақты тілдік модельдерді қабылдауына мүмкіндік береді.

Бағдарлама мақсаттары:

- білім алушылардың бойлату тілінде (әдетте швед тілінде) функционалды сауаттылыққа жетуі;

- ана тілін дамыту және екі тілде де жоғары деңгейде білім алуын қамтамасыз ету;

- мәдени әртүрлілікті түсіну және бағалау қабілетін қалыптастыру.

Финляндияның тілге ерте бойлату тәжірибесі көптілді қоғамдастықтар үшін тиімді үлгі болып табылады. Бағдарлама білім алушылардың екі тілде де жоғары деңгейде білім алуын қамтамасыз етіп, олардың когнитивтік және әлеуметтік дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

Финляндиядағы тілге ерте бойлату (early total immersion) бағдарламасы білім алушылардың академиялық жетістіктеріне, когнитивтік дамуына және мәдени әртүрлілікті қабылдауына оң әсер етеді.

1) академиялық жетістіктер:

- ана тілі мен бойлату тіліндегі жетістіктер: бойлату бағдарламасына қатысқан білім алушылардың ана тілі мен бойлату тіліндегі (әдетте швед тілі) жетістіктері жоғары. Зерттеулер көрсеткендей, бұл білім алушылар екі тілде де функционалды сауатты.

- басқа пәндердегі нәтижелер: билингвизм білім алушылардың математика және ағылшын тілі сияқты пәндердегі нәтижелеріне оң әсер етеді. Мысалы, зерттеулер көрсеткендей, тілге бойлату бағдарламасына қатысқан білім алушылардың математикалық дағдылары жоғары болады.

2) когнитивтік даму. Билингвизм білім алушылардың когнитивтік қабілеттерін, мысалы, зейін, есте сақтау және проблемаларды шешу дағдыларын арттырады. Зерттеулер көрсеткендей, екі тілді меңгеру балалардың когнитивтік дамуына оң әсер етеді [28].

3) мәдени әртүрлілікті қабылдау

- тілге бойлату бағдарламасы білім алушылардың мәдени әртүрлілікті түсінуіне және бағалауына ықпал етеді. Білім алушылар екі мәдениеттің ерекшеліктерін үйреніп, толеранттылық пен мәдениаралық коммуникация дағдыларын дамытады.

Финляндиядағы тілге ерте бойлату бағдарламасы білім алушылардың академиялық және когнитивтік дамуына, сондай-ақ мәдени әртүрлілікті қабылдауына оң әсер ететін тиімді білім беру моделі болып табылады.

Финляндиядағы тілге бойлату бағдарламалары негізінен жағалау аймақтарында, әсіресе екітілді (фин және швед тілдері) қауымдастықтарда шоғырланған. Бұл бағдарламалар елдің орталық, шығыс және солтүстік бөліктерінде сирек кездеседі немесе мүлде жоқ. Мысалы, 2017 жылы тілге бойлату бағдарламалары Финляндиядағы 311 муниципалитеттің тек 23-інде ғана ұсынылған [29].

Тілге бойлату бағдарламаларына сұраныс жоғары. Көптеген муниципалитеттерде ата-аналар балаларын осы бағдарламаларға қатыстыруға ниетті. Алайда, ұсыныс шектеулі: көптеген муниципалитеттерде бағдарламалар мүлде жоқ немесе орын саны аз [30].

Мұғалімдердің жетіспеушілігі де мәселе болып табылады. Тілге бойлату бағдарламаларын жүргізу үшін арнайы дайындықтан өткен мұғалімдер қажет, бірақ олардың саны шектеулі.

Финляндиядағы швед тіліне бойлату бағдарламаларының таралуы аймақтық ерекшеліктерге және тілдік демографиялық жағдайларға тікелей байланысты. Бұл бағдарламалар елдің барлық өңірінде біркелкі енгізілмеген, олардың географиялық шоғырлануы мен қолжетімділігі әртүрлі.

Швед тіліне бойлату бағдарламалары негізінен Финляндияның жағалау аймақтарында, яғни швед тілді тұрғындар тығыз орналасқан өңірлерде іске асырылады.

Ең белсенді енгізілген қалалар қатарына мыналар жатады:

- Хельсинки (ел астанасы) – екі тілді тұрғындары бар үлкен қала, швед тіліне сұраныс жоғары;

- Эспоо – Хельсинки маңындағы ірі қала, швед тілінде білім беруге мүдделі отбасылар көп;

- Вааса – швед тілді қауымдастығы күшті дамыған батыс жағалау қаласы, бойлату бағдарламасы алғаш рет осы қалада енгізілген (1987 ж.).

Бұл қалаларда мектептер мен балабақшаларда швед тіліне бойлату сыныптары ашылған, ал бағдарламалар ана тілі – фин тілі болып табылатын балаларға бағытталған.

Финляндияда швед тіліне бойлату бағдарламасына деген сұраныс өте жоғары. Көптеген ата-аналар өз балаларының екі тілді ортада өсіп, швед тілін ерте жастан меңгеруін қалайды.

Алайда бұл бағдарламалар Финляндияның барлық өңірінде бірдей қолжетімді емес. Кейбір муниципалитеттерде тілге ерте бойлату мүлде енгізілмеген. Яғни ата-аналар тарапынан сұраныс жоғары болғанымен, ұсыныс бүкіл ел аумағында біркелкі жүзеге аспай отыр. Ал тілге ерте бойлату бағдарламалары іске қосылған аймақтарда да орын саны шектеулі болғандықтан, барлық тілек білдіруші білім алушыларды қамту мүмкін болмай тұр.

Мұндай шектеулер бағдарламаның ауқымын кеңейтуге және оны ұлттық деңгейде жүйелі енгізуге айтарлықтай кедергі келтіреді. Бұл өз кезегінде Финляндияда көптілді білім беру жүйесін дамытудың өзекті мәселесіне айналуға.

Бағдарламаларды енгізу үшін білікті мұғалімдер, арнайы оқу құралдары және шынайы тілдік орта секілді ресурстар қажет. Алайда бұл ресурстар барлық аймақтарда бірдей деңгейде қолжетімді емес. Осы себепті тілге бойлату бағдарламаларын ел көлемінде біркелкі енгізу әзірге мүмкін болмай отыр.

Финляндиядағы білім беру жүйесінің ашықтығы мен инклюзивтілігіне қарамастан, бойлату бағдарламалары географиялық теңсіздікке тап болып отырғаны байқалады.

Болашақтағы даму бағыттары

Финляндияда тілге бойлату бағдарламаларын жетілдіру мен кеңейту – білім беру саласындағы маңызды стратегиялық басымдықтардың бірі ретінде қарастырылып отыр. Елдің жетекші жоғары оқу орындарының бірі – Åbo Akademi университеті бұл бағытта ғылыми-әдістемелік орталық ретінде жұмыс істеуде. Университет мамандары мен білім беру сарапшылары бағдарламалардың қолжетімділігін арттыру жолдарын зерттеп, жаңа модельдер ұсынуда.

Алдағы жылдары назар аударатын негізгі даму бағыттары мыналар:

- бағдарламалар географиясын кеңейту. Қазіргі кезде шектеулі аймақтарда іске асырылып жатқан тілге бойлату бағдарламаларын елдің орталық және солтүстік өңірлеріне енгізу жоспарлануда;

- мұғалімдерді арнайы даярлау. Тілге бойлату әдістемесін меңгерген, екі тілді еркін меңгеретін және мәдениетаралық құзыреттілігі жоғары педагогтерді даярлау үшін арнайы курстар мен университеттік бағдарламалар жетілдіріліп жатыр;

- оқу-әдістемелік ресурстарды жаңарту. Білім алушылардың жас ерекшеліктеріне және тіл деңгейіне бейімделген жаңа оқу құралдары мен цифрлық ресурстар әзірленуде;

- ғылыми зерттеулерді жалғастыру. Тілге бойлату бағдарламаларының тиімділігін, білім алушылардың тілдік және когнитивтік дамуына әсерін кешенді бағалау үшін ұзақмерзімді зерттеулер жүргізілуде.

Финляндия білім беру саласындағы үздік тәжірибелерін сақтай отырып, тілдік көптүрлілікті дамыту және барлық білім алушыларға тең мүмкіндік ұсыну бағытында жүйелі жұмыс жүргізіп келеді. Тілге бойлату бағдарламасын кең ауқымда енгізу елдің көптілді болмысын нығайтып, шынайы интеграцияға жол ашатын маңызды қадам.

Мұғалімдерді даярлау және зерттеулер

Финляндиядағы швед тіліне бойлату бағдарламасын жүзеге асыруда Åbo Akademi университеті шешуші рөл атқарады. Бұл университет Финляндиядағы жалғыз швед тілінде білім беретін жоғары оқу орны және тілге бойлату педагогикасы бойынша жетекші ғылыми және әдістемелік орталық болып табылады.

Åbo Akademi University (Åbo Akademi) – Финляндиядағы швед тілді білім беруді қолдайтын жетекші мекеме.

1990-жылдардан бері бойлату әдістемесі бойынша мұғалімдерді арнайы даярлау бағдарламасын жүзеге асырып келеді [31].

Мұғалімдерді даярлау бағдарламасы

Бағдарламаның негізгі ерекшеліктері:

- иммерсиялық оқыту әдістері бойынша арнайы курстар;
- швед тілі мен фин тілі арасындағы екітілділік психологиясы мен педагогикасына бағытталған теориялық және практикалық сабақтар;
- болашақ педагогтар бойлату сыныптарында тәжірибе жинақтайды;
- пәндік және тілдік интеграция (CLIL - Content and Language Integrated Learning) қағидаттарын меңгереді.

Мұғалімдерді даярлау бағдарламасының мақсаты:

- екі тілде де жоғары кәсіби деңгейде оқыта алатын мұғалімдерді даярлау;
- билингвизмді қолдайтын орта қалыптастыру.

Қабылдау шарттары:

- үміткерлердің швед тілінде еркін сөйлей алуы талап етіледі;
- университет бағдарламасы бакалавриат, магистратура және үздіксіз білім беру нысандарын қамтиды [32].

Ғылыми зерттеулер және жобалар

Åbo Akademi университетінде тілге бойлату және көптілділік саласында зерттеулер жүргізетін арнайы ғылыми топтар жұмыс істейді. Бұл зерттеулер Финляндиядағы тілге бойлату тәжірибесінің тиімділігін дәлелдеуге және оны жетілдіруге бағытталған.

Негізгі зерттеу бағыттары:

- билингвизмнің когнитивтік әсерлері;

- швед тіліне бойлату бағдарламасының білім алушылардың жетістіктеріне ықпалы;

- тілдік сәйкестік пен мәдени интеграция;

- мұғалімдердің кәсіби дамуындағы тілдік компоненттің рөлі.

Åbo Akademi университеті:

- Канададағы French Immersion бағдарламаларымен тәжірибе алмасады;

- Еуропалық көптілділік жобаларына қатысады (мысалы, EuroCLIC);

- ЮНЕСКО және Еурокомиссия аясында тілдік әртүрлілік және білім беру тақырыптарында кеңес береді.

Финляндиядағы бойлату бағдарламасының сапасы мен тиімділігі мұғалімдердің кәсіби даярлығына және ғылыми негізделген зерттеулерге тығыз байланысты.

Åbo Akademi университеті осы жүйенің негізін қалаушы ретінде бойлату педагогикасының дамуына зор үлес қосып отыр.

Финляндияның тілге ерте бойлату тәжірибесі көптілді қоғамдастықтар үшін тиімді үлгі болып табылады. Бағдарлама білім алушылардың екі тілде де жоғары деңгейде білім алуын қамтамасыз етіп, олардың когнитивтік және әлеуметтік дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

Осындай сәтті тәжірибелердің бірі – Жаңа Зеландиядағы маори тіліне бойлату (Kōhanga Reo және Kura Kaupapa Māori) бағдарламалар үлгісі.

Kōhanga Reo – бұл 1982 жылы Жаңа Зеландияда басталған маори тіліне бойлату бағдарламасы. Бұл бағдарламада балалар 0 жастан 6 жасқа дейінгі аралықта маори тілінде және мәдениетінде тәрбиеленеді. Бағдарламаның басты мақсаты – маори тілін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу және байырғы халықтың мәдениетін сақтау [33].

Барлық іс-әрекеттер (ойын, ән, әңгіме, күнделікті қарым-қатынас) тек маори тілінде жүргізіледі. Ата-аналар мен туыстар балалардың білім алу процесіне белсенді қатысады, бұл тіл мен мәдениеттің ұрпақтан-ұрпаққа берілуін қамтамасыз етеді.

Te Whāriki – Жаңа Зеландияның ерте балалық шаққа арналған оқу бағдарламасы. Бұл бағдарлама маори құндылықтары мен дәстүрлеріне негізделген және баланың физикалық, эмоционалдық, рухани және зияткерлік дамуын біртұтас қарастырады.

Бағдарламаның негізгі принциптері

Whakamana (кұқық беру) – бұл принцип баланың әлеуетін толық ашуға, оның құқықтарын құрметтеуге және жеке тұлға ретінде дамуына қолдау көрсетуге бағытталған. Whakamana ұғымы баланың өзін құрметтеуін, сенімділігін және өзіндік бағасын дамытуға ықпал етеді. Бағдарлама осы ұстанымды баланың қабілеттері мен мүмкіндіктерін анықтап, оларды жүзеге асыруына жағдай жасау арқылы іске асырады.

Kotahitanga (бірлік) – бұл ұғым баланың дамуы үшін қоғаммен және отбасымен бірлесе әрекет етудің маңызын көрсетеді. Ол жеке тұлғаның қоғаммен өзара байланысын, отбасымен және қауымдастықпен үйлесімді

ынтымақтастық орнату қажеттілігін алға тартады. Принцип бірліктің барлық деңгейде (отбасы, қауымдастық, қоғам) маңыздылығын көрсетеді. Бұл тәсіл баланың әлеуметтік дағдыларын дамытып, оны қоғамның белсенді мүшесі ретінде қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бірлікке негізделген ортада бала өзара сыйластық пен құрметке үйренеді.

Whānau Tangata (отбасы және қауымдастық) – бұл принцип білім беру процесінде отбасы мен қоғамның шешуші рөлін айқындайды. Баланың жан-жақты дамуы тек педагогтарға ғана емес, сонымен қатар ата-аналар мен қауымдастық өкілдерінің белсенді қатысуына да байланысты. Ата-аналар мен туыстар – баланың рухани, мәдени және әлеуметтік құндылықтарының басты тасымалдаушылары. Отбасымен және қауымдастықпен бірлескен жұмыс баланың өз мәдениеті мен дәстүрлерін бойына сіңіруіне және табысты дамуына ықпал етеді.

Te Whāriki a te Kōhanga Reo – Kōhanga Reo бағдарламасына арнайы бейімделген оқу жоспары. Бұл бағдарлама маори тілін және мәдениетін тереңдетіп оқытуға бағытталған.

Тілдік дағдылар: Kōhanga Reo түлектері маори тілінде еркін сөйлей алады.

Балалар өздерінің мәдени тамырларымен тығыз байланыста өседі, бұл олардың өзіндік сана-сезімін және мәдени сәйкестігін нығайтады.

Бұл бағдарламадан өткен балалар кейінгі білім алу кезеңдерінде жоғары нәтижелер көрсетеді.

2006 жылы шамамен 9,500 бала Kōhanga Reo бағдарламасына қатысқан. 1994 жылға қарай Жаңа Зеландияда 800-ден астам Kōhanga Reo орталығы жұмыс істеген.

Kura Kaupapa Māori – бұл Жаңа Зеландияда маори тілінде (Te Reo Māori) білім беретін мектептер жүйесі. Бұл мектептер 1980-жылдардың соңында басталып, бүгінгі таңда маори тілін сақтап, дамытуға бағытталған негізгі құралдардың біріне айналды.

Олардың негізгі принциптері мен әдістемесі Te Aho Matua деп аталатын маори философиялық құжатқа сүйенеді. Te Aho Matua – бұл білім беру жүйесінің тілдік, рухани, мәдени және әлеуметтік негіздерін анықтайтын іргелі мәтін.

5-кесте. Оқыту құрылымы

Көрсеткіш	Сипаттама
Жас аралығы	5 жастан бастап орта мектепті аяқтағанға дейін
Оқыту тілі	Барлық пәндер 100% маори тілінде оқытылады
Бағдарлама ұзақтығы	Бастауыштан (wharekura) жоғары сыныптарға (wharekura senior) дейін
Қатысушылар	Маори этносының балалары, бірақ басқа этностардан да қабылданады

Ерекшеліктері:

Бағдарлама маори құндылықтарына негізделеді, атап айтқанда:

- whanaungatanga – туыстық байланыс, өзара қолдау;
- manaakitanga – сыйластық пен қамқорлық;

- wairuatanga – рухани тұтастық және ішкі үйлесім.

Оқыту процесі тек пәндік біліммен шектелмей, баланың жан-жақты дамуын (интеллектуалдық, рухани, эмоционалдық және физикалық) қамтиды.

Ата-аналар қауымдастығы (whānau) мектептің күнделікті өміріне белсенді араласады, бұл білім беру процесін мәдени тұрғыдан мағыналы және тұрақты етеді.

Te Marautanga o Aotearoa – Kura Kaupapa Māori мектептері үшін арнайы әзірленген оқу бағдарламасы.

Ол Жаңа Зеландияның жалпыұлттық білім стандарттарына сай құрылып, маори тілі мен дүниетанымына басымдық береді. Бұл бағдарлама маори балаларының тілдік, мәдени және зияткерлік сәйкестігін нығайтуға бағытталған.

6-кесте. Маори тілінде оқытудың әлеуметтік және академиялық нәтижелері

Критерий	Нәтиже
Тілдік жетістік	Білім алушылар маори тілінде жоғары деңгейде сөйлейді
Мәдени сәйкестік	Білім алушылар өз мәдениетіне терең бойлайды
Білім нәтижелері	Бұл мектептердің түлектері университетке түсу және кәсіби салада жетістікке жетуде жоғары көрсеткіштерге ие
Қоғамдық ықпал	Маори тілін қайта жаңғыртуда маңызды рөл атқарады

Көпсалалы тәсіл: Kura Kaupapa Māori мектептерінде білім беру процесі тек академиялық пәндермен шектелмей, рухани, мәдени және әлеуметтік аспектілерді де қамтиды. Бұл тәсіл баланың жан-жақты дамуына ықпал етеді және білім беру мазмұны мен әдістерінің өмірлік маңыздылығын арттырады.

Te Marautanga o Aotearoa – маори тілді мектептерге арналған ұлттық оқу бағдарламасы. Ол маори білім жүйесін, тілін және мәдениетін сақтау мен дамытуға бағытталған. Бағдарлама Te Aho Matua қағидаттарына сүйене отырып, білім алушылардың физикалық, эмоционалдық, рухани және зияткерлік дамуын біртұтас қарастырады.

Бұл бағдарлама арқылы білім алушылар тек пәндік білім ғана емес, сонымен қатар мәдени сәйкестік пен рухани тұтастықты да бойына сіңіреді. Оқу мазмұны маори тілінде ұсынылып, ұлттық дүниетанымды терең меңгеруге мүмкіндік береді.

7-кесте. Kura Kaupapa Māori мен ағылшын тілді мектептердегі білім жетістіктерін салыстыру (NCEA көрсеткіштері бойынша)

Көрсеткіш	Kura Kaupapa Māori	Ағылшын тілді мектептер (барлық білім алушылар)	Ағылшын тілді мектептер (маори білім алушылары)
NCEA деңгейі 1	63%	54%	50%
NCEA деңгейі 2	72%	66%	64%

NCEA деңгейі 3	73%	61%	56%
Университетке кіру талаптары (UE)	41%	24%	18%

Дереккөз: EducationHQ

Берілген статистикалық мәліметтер Kura Kaupapa Māori мектептерінде білім алатын білім алушылардың академиялық жетістіктері жоғары екенін дәлелдейді. Бұл мектептердің түлектері NCEA емтихан көрсеткіштері бойынша ғана емес, сонымен қатар университетке түсу деңгейінде де алда келеді.

Тарихи деректер бойыншы алғашқы Kura Kaupapa Māori мектебі 1985 жылы Окленд қаласындағы Hoani Waititi Marae-де ашылған.

Қазіргі таңда Жаңа Зеландияның әртүрлі аймақтарында 60-тан астам Kura Kaupapa Māori мектебі жұмыс істейді.

8-кесте. Kōhanga Reo мен Kura Kaupapa Māori бағдарламаларының салыстырмалы сипаттамасы

Көрсеткіш	Kōhanga Reo	Kura Kaupapa Māori
Жас аралығы	0–6 жас	5 жастан жоғары
Оқыту тілі	Маори	Маори
Оқу бағдарламасы	Te Whāriki	Te Marautanga o Aotearoa
Отбасы қатысуы	Жоғары	Орташа
Тілдік нәтижелер	Маори тілінде еркін сөйлеу	Маори тілінде жоғары деңгейде сөйлеу
Мәдени сәйкестік	Мықты	Терең меңгеру
Білім беру жетістіктері	Жоғары	Өте жоғары

Жаңа Зеландия байырғы маори халқының тілі мен мәдениетін сақтау және қайта жаңғырту бойынша бірегей әрі сәтті тәжірибе жинақтаған мемлекет. Елдің білім беру жүйесінде іске асырылып отырған Kōhanga Reo («Тіл ұялары») және Kura Kaupapa Māori (маори тілді мектептер) бағдарламалары тілге толық бойлату (иммерсия) моделінің нақты әрі тиімді үлгілері болып табылады.

Бұл бағдарламалар XX ғасырдың соңында маори тілі жойылу қаупіне ұшыраған кезеңде пайда болды. Бүгінде олар Жаңа Зеландияның білім беру жүйесі мен ұлттық тіл саясатының маңызды құрамдас бөлігіне айналған.

Маори тілі Жаңа Зеландияның байырғы халқының тілі. Алайда колониялық саясаттың салдарынан XX ғасырдың ортасына қарай бұл тілді меңгергендердің саны күрт азайды. 1980-жылдары маори тілі жойылу қаупіне ұшыраған кезде Kōhanga Reo бағдарламасы іске қосылды. Бұл бастама тілге толық бойлату тәсілін қолдана отырып, жас ұрпаққа маори тілін үйретуге бағытталды.

Бағдарлама нәтижесі: 1980 жылы маори тілін меңгерген балалар үлесі 5%-дан төмен болса, 2000 жылдары бұл көрсеткіш 25–30% аралығына жетті.

2018 жылғы Жаңа Зеландияның халық санағы бойынша, маори халқының 21%-ы маори тілінде еркін сөйлей алатынын мәлімдеген [34]

Осылайша, маори тілі жойылып кету шегінен қайта жанданып, қазіргі заманғы лингвистикалық жаңғырудың сирек кездесетін табысты мысалына айналған. Бұл жетістікке жетуде отбасы мен қауымдастықтың рөлі ерекше болды. Kōhanga Reo тек балабақша ғана емес, бұл отбасы мен қауымдастықтың бірлесіп тіл үйрететін ортасы. Ата-аналар, әжелер мен аталар балалармен бірге маори тілінде сөйлесуді, ән айтуды, салт-дәстүр үйретуді күнделікті өмірдің ажырамас бөлігіне айналдырған.

Бұл тәжірибенің негізгі ерекшеліктері:

- Whānau (отбасы) мүшелерінің оқыту процесіне белсенді қатысуы;
- қоғамдастықта «бала тек отбасының емес, бүкіл рудың аманаты» деген қағидаттың орнығуы;
- қаржылық, кадрлық және ұйымдастырушылық басқарудың жергілікті маори қауымының қолында болуы.

8-кесте. Kōhanga Reo бағдарламасының негізгі көрсеткіштері

Көрсеткіш	Сипаттамасы
Бала саны (2020)	9,000-нан астам
Орталық саны	450-ден астам Kōhanga Reo
Ата-аналардың қатысу деңгейі	85%+ белсенді қатысады
Басқару формасы	Қауымдастық иелігінде

Kōhanga Reo және Kura Kaupapa Māori бағдарламалары аясында балалар тек тілдік дағдыларды меңгеріп қана қоймай, мәдени кодты, дәстүрді, тарихты, ата-баба рухын және дүниетанымды бойына сіңіреді. Оқыту процесі әр күнді karakia (рухани дұға) және waiata (дәстүрлі ән) орындаудан бастау арқылы рухани байланысты нығайтады. Балалар marae (қауымдық үй) дәстүрлерімен, Tikanga Māori (мәдени ережелер мен этикет) жүйесімен танысады. Бұл тәсіл олардың мәдени бірегейлігін қалыптастырып, өз ұлтына деген мақтаныш сезімін арттырады.

Kura Kaupapa Māori мектептері толық маори тілінде білім береді, сонымен қатар академиялық пәндердің барлығы осы тілде жүргізіледі. Зерттеулер көрсеткендей, бұл мектеп түлектері ұлттық тестілеу нәтижелері бойынша ағылшын тілді мектептер түлектерімен тең немесе одан да жоғары көрсеткіштерге жетуде. Университетке түсу үлесі 70%-дан асады. Екі тілде де еркін сөйлейтін түлектердің когнитивті қабілеттері жоғары деңгейде дамығаны анықталған [35].

Жаңа Зеландияның тілге бойлату тәжірибесі әлемдік деңгейде мойындалып, басқа елдерде бейімделіп қолданылуда. Мысалы, Гавайидегі Pūnana Leo бағдарламасы Kōhanga Reo моделін негізге алған; Канададағы Inuit және First Nations қауымдары иммерсиялық тіл мектептерін ашқан; Уэльсте уэльс тілін сақтау үшін арнайы тілдік орталықтар құрылған. БҰҰ-ның ЮНЕСКО құрылымы бұл тәжірибені азшылық тілдерін сақтау бойынша үздік үлгі ретінде бағалаған.

Kōhanga Reo және Kura Kaupapa Māori тек тіл үйрету құралы ғана емес, сонымен қатар мәдениетті сақтау, рухани жаңғыру, ұлттық болмысты нығайту

және білім сапасын арттырудың кешенді моделі. Бұл бағдарламалар арқылы балалар ерте жастан мәдени тамырларымен байланыс орнатып, екі тілді және екі мәдениетті толық меңгерген тұлға ретінде қалыптасады. Жаңа Зеландия тәжірибесі көпэтносты және көптілді қоғамдарда, әсіресе байырғы және аз қалған ұлттар арасында тіл мен мәдениетті сақтаудың тиімді үлгісі болып табылады.

Осындай табысты тәжірибелер әлемнің басқа да аймақтарында байқалады. Мысалы, *Gaelscoileanna Ирландияда* ирланд тілін (Gaeilge) сақтау және дамыту мақсатында құрылған тілге толық бойлату мектептері. Бұл оқу орындарында барлық пәндер ирланд тілінде жүргізіліп, ағылшын тілі жеке пән ретінде оқытылады. Жүйе 1970-жылдары ирланд тілінің жойылып кету қаупіне қарсы бастау алып, бүгінде елдің білім беру жүйесінің маңызды бөлігіне айналды.

Қазіргі таңда Республика аумағында 143 бастауыш деңгейдегі *Gaelscoil* жұмыс істейді, онда 35 850 бала білім алады. Солтүстік Ирландияда 35 бастауыш мектеп 5 113 білім алушыны қамтиды. Орта білім беру деңгейінде Республикада 31 *Gaelcholáiste* (ирланд тіліндегі орта мектеп) 12 000-нан астам білім алушыны оқытады, ал Солтүстік Ирландияда бұл көрсеткіш 2 мектеп және шамамен 1 500 білім алушы.

Ирландия аумағында ирланд тіліндегі бастауыш мектептер әртүрлі аймақтарға таралған. Ең көп мектеп пен білім алушы саны *Leinster* провинциясында 71 мектепте 19 331 бала. *Munster* провинциясында 44 мектепте 11 332 бала, *Ulster* провинциясында 45 мектепте 6 801 бала білім алады. Ең аз көрсеткіш *Connacht* провинциясында (18 мектепте 3 509 білім алушы) тіркелген.

Gaelscoileanna жүйесінде білім алушылар ирланд тіліне толық бойлата оқыту: барлық пәндер ирланд тілінде жүргізіледі, бұл тілді табиғи ортада меңгеруге мүмкіндік береді. Мектепке дейінгі мекемелер (*Naíonraí*) де ирланд тілінде қызмет көрсетіп, балалардың тілге деген қызығушылығын ерте қалыптастырады. Зерттеулерге сәйкес, *Gaelscoileanna* білім алушылары ағылшын тіліндегі стандартталған тестілерде ұлттық орташа көрсеткіштен жоғары нәтиже көрсетеді [*Irish Examiner*], ал *Gaelcholáistí* түлектерінің жоғары оқу орындарына түсу деңгейі ағылшын тіліндегі мектеп түлектерінен жоғары.

Gaelscoileanna жүйесінің дамуы ата-аналар мен жергілікті қауымдастықтардың белсенді қолдауымен тығыз байланысты. Олар жаңа мектептердің ашылуына ықпал етіп, ирланд тіліндегі білім беруді стратегиялық деңгейде қолдайды [*TheJournal.ie*].

9-кесте. *Kōhanga Reo* (Жаңа Зеландия) мен *Gaelscoileanna* (Ирландия) бағдарламалары

Көрсеткіш	<i>Kōhanga Reo</i> (Жаңа Зеландия)	<i>Gaelscoileanna</i> (Ирландия)
Шығу тегі	1980-жылдары маори тілінің жойылып кету қаупіне жауап ретінде басталды	1970-жылдары ирланд тілін сақтау мақсатында басталды
Мақсаты	Маори тілін сақтау, мәдени кодты, дәстүрді және рухани құндылықтарды ұрпаққа жеткізу	Ирланд тілін жандандыру, ұлттық мәдени бірегейлікті нығайту

Оқыту тілі	Барлық сабақтар маори тілінде, ағылшын қосымша пән ретінде	Барлық сабақтар ирланд тілінде, ағылшын жеке пән ретінде
Білім беру деңгейлері	Мектепке дейінгі (Kōhanga Reo) және бастауыш–орта (Kura Kaupapa Māori)	Мектепке дейінгі (Naíonraí), бастауыш (Gaelscoil), орта (Gaelcholáiste)
Географиялық таралуы	Ел аумағындағы маори қауымдастықтарының орталықтарында орналасқан	Ең көп мектеп – Leinster (71, 19 331 білім алушы), ең аз – Connacht (18, 3 509 білім алушы)
Мәдени мазмұны	Karakia (дұға), waiata (ән), marae дәстүрі, Tikanga Māori ережелері	Ирланд музыкасы, биі, әдебиеті, тарихы күнделікті өмірде қолданылады
Нәтижелері	Маори тілін меңгерген балалардың үлесі 5%-дан 25–30%-ға өсті, университетке түсу 70%+, екі тілде жоғары когнитивтік қабілет	Оқушылар ұлттық тестілерде орташа көрсеткіштен жоғары, түлектердің ЖОО-на түсу деңгейі жоғары
Халықаралық әсері	Гавайи, Канада, Уэльс елдерінде үлгі ретінде қолданылған	Ирланд тілін жаңғырту үлгісі басқа кельт тілдеріне ықпал етуде
Басқару	Қауымдастық иелігінде	Қоғамдық және ата-аналық бастамалар арқылы қолдау алады

Тілдік ортаға бойлата оқытудың түрлері

Халықаралық тәжірибеде тілдік ортаға бойлата оқытудың үш негізгі түрі қолданылады: ерте, аралық және кеш бағдарламалар. Олардың айырмашылығы – екінші тілде оқытудың басталу уақыты мен оқу процесіндегі үлесі.

1. Ерте тілдік ортаға бойлата оқыту

Бұл бағдарлама әдетте балабақшада немесе бірінші сыныпта басталады, яғни балалар шамамен 5 жасқа келген кезде. Бірінші сыныптан бастап үшінші немесе төртінші сыныпқа дейінгі барлық пәндер екінші тілде жүргізіледі (аймаққа байланысты ұзақтығы әртүрлі). Кейбір мектептерде бірінші тілде оқыту екінші сыныптан бастап біртіндеп енгізілсе, басқаларында төртінші сыныптан кейін басталады.

Кейінгі бастауыш сыныптарда математика және дүниетану сияқты пәндер бірінші тілде оқытыла бастайды. Бір оқу жылы ішінде ешбір пән екі тілде қатар жүргізілмейді. Соңғы бастауыш сыныптарда бірінші тілдегі оқыту үлесі 20%-дан 60–70%-ға дейін жетуі мүмкін. Әр тілді, мүмкіндігінше, сол тілде еркін сөйлейтін мұғалім оқытады.

Негізгі орта деңгейінде білім алушыларға екінші тілде арнайы курстарды (мысалы, әдебиет, тарих, актерлік өнер) таңдау мүмкіндігі беріледі. Бұл курстар екінші тілді меңгеруді әрі қарай жетілдіруге бағытталады.

2. Аралық тілдік ортаға бойлата оқыту

Бұл бағдарламаларда білім алушылар балабақшадан бастап төртінші немесе бесінші сыныпқа дейін бірінші тілде оқиды. Дайындық кезеңінде екінші тілде күн сайын 30–60 минут сабақ өтеді.

Екінші тілде пәндерді оқыту әдетте төртінші сыныптан басталады (білім алушылардың жасы шамамен 9–10 жас). 4–6-сыныптарда оқу уақытының жартысы бірінші тілде, жартысы екінші тілде өтеді. Уақыттың нақты үлесі аймақтар мен мектептерде әртүрлі болуы мүмкін.

Орта мектеп кезеңінде оқытудың бір бөлігі бірінші тілде, ал қалғаны екінші тілде жүргізіледі. Бұл арақатынас та жергілікті білім саясатына қарай өзгереді.

3. Кеш тілдік ортаға бойлата оқыту

Квебек мысалында бұл бағдарлама көбінесе орта мектептің бірінші жылында (7-сынып) басталады, яғни білім алушылар шамамен 12 жаста болады. Бұған дейін оларда екінші тіл бойынша белгілі бір дайындық болады (көбіне 1-сыныптан бастап күніне 45–60 минут сабақтан).

Бағдарламаның алғашқы бір-екі жылында барлық пәндер екінші тілде жүргізіледі, тек орфография және әдебиет сабақтары бірінші тілде өтеді. Кейінгі сыныптарда (9–11-сыныптар) білім алушылар екінші тілде тарих, география, математика сияқты пәндерді таңдап оқиды. Оқу мазмұны екінші тілді ана тілі ретінде меңгерген білім алушылармен бірдей деңгейде беріледі.

9-кесте. Тілдік ортаға бойлата оқытудың түрлерін салыстыру

Түрі	Басталу жасы	Бастапқы кезеңдегі оқыту тілі	Екінші тілде оқыту үлесі	Ерекшеліктері
Ерте	5 жас (балабақша немесе 1-сынып)	барлық пәндер екінші тілде (3–4 жыл бойы)	кейін бастауышта 20–70% бірінші тілге ауысады	тілді ерте меңгеруге мүмкіндік береді; мұғалімдер екінші тілді ана тілі деңгейінде біледі
Аралық	9–10 жас (4-сынып)	4–5-сыныпқа дейін бірінші тілде, күнделікті 30–60 мин екінші тіл сабағы өтеді	бірінші тілде 4–6-сыныпта 50%, екінші тілде 50%-ды құрайды	бастауыштың орта кезеңінен бастап тең үлесте екі тілде оқытылады
Кеш	12 жас (7-сынып)	күніне екінші тілде тек 45–60 минут сабақ болады	алғашқы 1–2 жыл барлық пәндер екінші тілде, кейін кей пәндер ғана екінші тілде оқытылады	негізге орта деңгейден басталады; пән мазмұны екінші тілді ана тілі деңгейінде меңгерген білім алушылармен бірдей

Тілдік ортаға бойлата оқыту бағдарламасын бағалау

Зерттеу мәселелері мен бағалау бағыттары

Әлемдік тәжірибеде тілдік ортаға бойлата оқыту бағдарламалары бірнеше рет жан-жақты бағаланған. Мұндай зерттеулер Канадада, АҚШ-та, Басконияда

және Каталонияда жүргізілген. Біз нәтижелері басқа елдердің бағдарламаларына ең ұқсас болған Канада тәжірибесіне назар аударамыз.

Канадалық зерттеушілердің басты назарындағы үш мәселе:

- екінші тілді меңгерудің бірінші тілдің дамуына әсері;
- екінші тілді меңгерудің білім нәтижелеріне ықпалы (мектептегі оқу жетістіктері тұрғысынан);
- бағдарламаның тиімділігі (екінші тілді функционалды меңгеру деңгейі) [Genesee, 1987, 1996].

Зерттеулерде тілдік ортаға бойлата оқыту сыныптарындағы білім алушылардың нәтижелері сол деңгейдегі бақылау топтарымен салыстырылды.

Бақылау топтарының екі негізгі түрі қолданылды:

- K1 бақылау тобы – тілдік ортаға бойлата оқыту бағдарламасына қатыспай, тек ана тілінде білім алатын балалар.
- K2 бақылау тобы – бағдарламаның екінші тілі ана тілі болып табылатын балалар.

Бақылау топтарына таңдалған білім алушылардың зияткерлік және әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері тәжірибелік топтағы балалармен статистикалық тұрғыда теңестірілді.

Кейбір зерттеулерде арнайы бағалау қабілеті төмен немесе ана тілі толық дамымаған білім алушылардың нәтижелеріне де жүргізілді. Бұл деректер туралы төменде жеке қарастырылады.

Тілге бойлату арқылы оқытудың ерекшеліктері

Тілге бойлату бағдарламалары бойынша жұмыс жүргізбестен бұрын, бұл бағдарламаның дәстүрлі екінші тілді оқыту түрінен қандай маңызды айырмашылықтары бар екенін түсіну қажет.

Дәстүрлі екінші тілді оқыту бағдарламасының мақсаты – нақты белгіленген дағдыларды қалыптастыру. Бұрынғы кезеңдермен салыстырғанда қазіргі бағдарламаларда екінші тілді оқыту барысында қарым-қатынас дағдыларын дамытуға баса назар аударылады, дегенмен сабақтарда жаңа дағдыларды меңгеруге бағытталған нақты құрылым сақталады. Жаңа сөздік қор, идиомалар, сөйлем құрылымы мен грамматикалық ережелер бұрыннан таныс тәсілдермен үйретіледі.

Ал тілге бойлату бағдарламаларында тіл/мақсатты тіл – басқа білім мен дағдыларды меңгерудің құралы ретінде қолданылады. Мәселен, математика, тарих немесе география секілді пәндер осы мақсатты тіл арқылы оқытылады. Сабақ барысында педагог тілді (сөздік қорды, идиомаларды, сөйлем құрылымын) оқу мазмұнын жеткізу құралы ретінде пайдаланады. Білім алушылар тіл мен мазмұнды бір мезгілде меңгереді.

Осы тұрғыдан алғанда, тілге бойлату бағдарламаларының құрылымы баланың ана тілін меңгеру процесіне ұқсайды. Кішкентай балалар ана тілін ата-анасымен, қамқоршыларымен күнделікті қарым-қатынас арқылы табиғи жолмен меңгереді. Бұл арнайы грамматика сабақтары мен сөз жаттауға негізделмеген.

Алғашқы байланысты сөздер ересектердің тіліне ұқсамайтын болса да, баланың барлық талпыныстары қолдау тауып, сынға ұшырамайды және түзетілмейді.

Осылайша, тілге бойлату бағдарламасы жаңа тілді меңгеруге бөлінетін уақытты ғана емес, екінші тілді оқытуда қолданылатын тәсілдердің алуан түрлілігін де кеңейтеді. Мұндай бағдарламаларда басты назар идеялар мен ұстанымдарды жеткізуге аударылады. Мақсатты тіл – жаңа мазмұн мен дағдыларды үйрету құралы ретінде қолданылады. Білім алушыны осы жаңа тілде жауап беруге ынталандырады. Уақыт өте келе балалар өзара қарым-қатынас барысында жаңа білімді түрлі тақырыпта және бүкіл оқу бағдарламасы аясында қолдана бастайды. Әрине, бастапқы кезеңде олар көп қателік жібереді.

Тілге бойлату бағдарламасына қатысатын білім алушылар оқу процесіне белсенді түрде араласады, сөйтіп өздері тілді «кұрады». Бұл дегеніміз – олар мақсатты тілде бұрын ешқашан естіп көрмеген ойларын сөзбен жеткізуге тырысады. Ол үшін олар бұрын естіген сөз тіркестері мен сөйлем құрылымдарын, сөздік қорды жаңа идеяларын жеткізу үшін қолданады. Сонымен қатар, олар жаңа тілді өз ана тілімен үнемі салыстырып, зерттейді. Ұқсастықты байқаған кезде кейде жалпылама тұжырымдар да жасайды. Көптеген кең таралған қателіктер дәл осындай шектен тыс жалпылаудан туындайды.

Тілге бойлату бағдарламасы дәстүрлі тіл оқыту бағдарламаларынан мүлдем өзгеше. Дәстүрлі бағдарламаларда балалар шектеулі тақырыптарда (мысалы, ауа райы, уақыт т.б.) грамматикалық тұрғыда дұрыс жауап беруді үйренеді. Мұндай бағдарламаларда тілді меңгеру бар дағдыларға жаңа «тілдік құрылыс материалдарын» қосу арқылы жүреді. Ал тілге бойлата оқытуда білім алушыны үнемі тілдің қалай жұмыс істейтінін белсенді түсінуге жетелейтін тілдік орта құрылады.

Бұл бөлімнің мақсаты тілді немесе екінші тілді оқытудың жекелеген мәселелерін талдау емес. Ең бастысы тілге бойлату тақырыбына әлі бейхабар мектеп директорлары дәстүрлі бағдарламалар мен тілге бойлату бағдарламалары арқылы бірінші және екінші тілді меңгеру ұстанымдарын түсіне алуы тиіс. Бұл оларға сыныпта не болып жатқанын және тілге бойлату бағдарламасына қатысатын педагогтар мен білім алушылардың алдында қандай қиындықтар мен міндеттер тұрғанын жақсырақ ұғынуға мүмкіндік береді.

Мектеп директорының рөлі

Мектеп директорының ең маңызды міндеттерінің бірі тілдік ортада оқыту бағдарламасының қолдаушысы болу. Әрбір мектептегі тілдік орта арқылы оқыту бағдарламасының табысты жүзеге асырылуы. Ең алдымен, директордың бұл әдістің тиімділігіне сенуі мен оны қолдауына байланысты. Бұл сенімді ата-аналарға, білім алушыларға және тілдік орта арқылы оқытуды жаңалық ретінде қабылдап отырған педагогтерге де дарыта білу қажет.

Мүмкіндік болса, тілдік ортада оқыту сыныптарына барып, балалардың тілді қалай меңгеріп жатқанын өз көзіңізбен көру. Егер директордың өзі екінші тілді белгілі бір деңгейде меңгерген болса, бұл ата-аналар, педагогтер мен білім

алушылар үшін үлкен артықшылық болады. Мұндай мүмкіндік болмаса да, директор сол тілде бірнеше қарапайым тіркестерді үйреніп алса, бұл тілдің мектепте маңызды екенін көрсетеді.

Тілдік орта әртүрлі болуы мүмкін. Кейбір жағдайларда тілдік орта білім алушыларға екінші тілді кең әрі белсенді қолдануға мүмкіндік береді. Мұндай кезде білім алушылар мектептен тыс жерлерде де сол тілді естіп, сөйлесіп, тәжірибе жинақтай алады. Ал егер қоршаған ортада мақсатты тілді қолдануға мүмкіндік шектеулі болса, онда білім алушының ол тілді мектептен тыс жерде қолдану ықтималдығы төмендейді. Бұл жағдайда оқытуда басты рөл сынып ішіндегі жұмысқа жүктеледі, ал тілдің дұрыс қолданылуының бір ғана үлгісі – мұғалімнің сөзі болады.

Екінші тілді меңгеру процесін жандандыру үшін сыныпқа қосымша сол тілді еркін меңгерген адамдарды шақыруға болады. Әсіресе бастауыш сыныптарда мұғалімнің көмекшісін тарту өте тиімді. Бұл жағдайда сыныпта тілде еркін сөйлейтін тағы бір ересек адам болады. Екі ересек адамның өзара мақсатты тілде сөйлескенін көріп, білім алушылар бұл тілді тез түсініп, меңгере бастайды. Осылайша, білім алушылар үшін жаңа үлгі пайда болады.

Көп жағдайда өмірде кей адамдардың басқаларға қарағанда жақсы сөйлейтінін байқауға болады. Олар тілді оқу және тәжірибе жинау арқылы меңгерген. Мұндай адамдардың сөздік қоры мол, грамматикалық қателері аз болады. Мектеп жағдайында да ата-аналары мақсатты тілді жақсы меңгерген балалар, әдетте, сөздік қорының бай болуымен ерекшеленеді, тілдік нормаларды жақсы сақтайды. Үйде тілге жеткілікті көңіл бөлінбеген жағдайда, балалар жиі қателеседі және бұл қателерді отбасында дұрыс екен деп санайтын болады.

Осындай тілдік ортаның ерекшеліктерін ескерсек, мұғалімнің көмекшісі маңызды тілдік үлгі болып табылады. Егер бір сыныпта отыз бала және тек тілде еркін сөйлейтін бір ғана мұғалім болса, онда мұғалім ғана дұрыс сөйлейді, ал қалған отыз бала жиі қателесетін болады. Біраз уақыттан кейін көпшілік жіберетін қателер «дұрыс нұсқа» ретінде қабылдана бастайды да «бәрі солай айтады» деген көзқарастың ықпалында қалып қояды. Бұл тілді дұрыс қолдану үшін кедергі келтіреді. Көп жағдайда педагогтер білім алушылардың жиі жіберетін қателері бірте-бірте «дұрыс» сияқты естілетінін айтады. Кейбір мұғалімдер осындай қателерді тіпті өз сөзінен де байқап жатады. Сондықтан көмекші мұғалімді тарту өте маңызды.

Егер көмекші мұғалімдердің еңбекақысы қарастырылмаса, тілді білетін ата-аналардан көмек сұрауға болады. Сондай-ақ, сыныпқа сол тілде сөйлейтін актерлерді, суретшілерді шақырып, өз кәсібі жайлы әңгімелеп беруін немесе балалармен қарым-қатынас орнатуын ұйымдастыруға болады. Сонымен қатар жақын маңдағы дүкенде сатушы сол тілді ана тілі ретінде қолданатын адам болса, онда толық сыныппен дүкенге барып, сатушыдан тауарлар жайлы әңгімелеп беруін, білім алушыларды нағыз тұтынушы ретінде сол тілде қызмет көрсетуін сұрауға болады. Тағы да ата-аналарды сыныпқа шақырып, өз мамандығы, хоббиі туралы әңгімелеп беруін, не болмаса кітап оқып беруін

өтінуге болады. Сабақта осы тілде радио немесе телехабарларды тыңдап, білім алушылардың білімін тереңдетуге болады.

Тілге бойлата оқыту мектебі

Тілге бойлата оқыту мектебі сырттай қарағанда бір ғимаратта екі түрлі мектеп жұмыс істеп жатқандай көрінуі мүмкін. Әрқайсысының жеке бюджеті, жеке қызметкерлері, мұғалімдерге арналған кәсіби даму бағдарламалары мен білім алушыларға арналған іс-шаралары болады.

Мұндай жағдайда директордың міндеті екі ұжымды біріктіріп, мұғалімдер арасында өзара түсіністік пен ынтымақтастыққа негізделген орта қалыптастыру.

Директор болудың екі жолы бар:

- директор тікелей тілге бойлату бағдарламасы енгізілген мектепке тағайындалу;

- білім министрлігінің шешімімен, өзі басқарып отырған мектеп тілге бойлата оқыту бағдарламасы бойынша жұмысқа көшірілу;

Екінші жағдайда директор жаңа бағдарламаның алып келетін өзгерістеріне алдын ала дайындалуы тиіс.

Бағдарламаны енгізу кезеңдері

Тілге бойлата оқыту бағдарламасы барлық мектептерде бір мезгілде енгізілмейді. Жаңадан ашылған тілге бойлата оқыту мектептері әдетте жаңа білім алушылардың көптеп келуін күтеді. Бұл ағым мектептің жұмыс ырғағына әсер етіп, директорға қосымша ұйымдастырушылық міндеттер жүктеледі.

Бағдарлама әдетте бір сыныптан басталады (балабақша немесе бастауыш мектеп деңгейінде). Кейін ол табиғи жолмен жыл сайын кеңейеді. Мысалы, алғашқы жылы екі балабақша сыныбы, келесі жылы екі балабақша және екі бірінші сынып т.с.с. Осылайша, барлық жас деңгейлері қамтылғанға дейін жыл сайын екі сынып қосылып отырады.

Алғашқы жылы екі жаңа сыныптың ашылуы айтарлықтай өзгеріс тудырмайды. Бірақ толық енгізілгенде, мектепте он немесе одан да көп сынып пайда болып, білім алушы саны 300-ден асады.

Білім алушылар ағымы және оның әсері

Жаңа келген білім алушылардың бір бөлігі мектептің өз ауданынан, ал басым бөлігі басқа өңірлер мен аудандардан келеді.

Ата-аналар дәстүрлі немесе тілге бойлата оқыту бағдарламасын таңдай алады. Көпшілігі жаңа бағдарламаны қалайды, бұл дәстүрлі сыныптардағы білім алушы санын азайтады. Нәтижесінде кадр саясатына өзгерістер енгізу қажеттігі туындайды.

Тілге бойлата оқыту бағдарламасына қатысушылар санының артуы мұғалімдер мен қосымша сынып бөлмелерін қажет етеді. Бұл педагогикалық ұжымның кеңеюіне, мектеп тәжірибесінің артуына және арнайы пәндер бойынша мамандарды тартуға жол ашады. Алайда, білім алушылардың көбеюі

кітапхана қоры, компьютерлер, асхана, спорт залы сияқты мектеп ресурстарына қосымша жүктеме түсіреді.

Сыныптарды орналастыру

Жаңа сыныптарға орын таңдау басты мәселелердің бірі. Әдетте, бос кабинеттері бар мектептер таңдалады, бірақ екі жыл ішінде олар толық толып кетуі мүмкін.

Кей директорлар тілге бойлата оқыту сыныптарын мектептің жеке қанатына орналастырып, балалардың үзілісте мақсатты тілде сөйлесуіне мүмкіндік жасайды. Бірақ былай бөлу мектеп ұжымының бірлігін әлсіретуі мүмкін.

Директор шешім қабылдағанда:

- мұғалімдер ұжымының бағдарламаға көзқарасын;
- дәстүрлі және тілге бойлата оқыту сыныптары мұғалімдерінің ынтымақтастығының маңызын;
- басқа өңірлерден келген білім алушылардың пайызын ескеруі қажет.

Ата-аналар және жергілікті қоғамдастық

Кей ата-аналар мақсатты тілде оқытуды қолдамауы мүмкін. Олардың пікірін өзгерту қиын, бірақ директор бұл көзқарастардан хабардар болуы тиіс.

Жергілікті тұрғындардың да мүддесін ескеру керек:

- жаңа білім алушылар мектепке қалай қатынайды?
- көлік қозғалысы, қауіпсіздік мәселелері қалай шешіледі?
- көрші тұрғындардың өміріне бұл өзгерістер қалай әсер етеді?

Бұл мәселелердің кейбірі директор құзырынан тыс болғанымен, ол жергілікті билікпен, полициямен және тұрғындармен байланыс орнатуы тиіс.

Тілге бойлата оқыту мектебінің белгілері

Lawrence W. Lezotte және басқа да зерттеушілер тілді бойлата оқыту мектептеріне де тән екенін анықтаған.

Негізгі белгілер:

- қауіпсіз және ұйымдасқан орта (физикалық қауіпсіздік пен жағымды оқу ахуалы);
- микроклимат (ұжым білім алушылардың барлығы негізгі дағдыларды меңгереді деп, ал мұғалімдер білім алушылардың табысына сенеді);
- оқу процесіндегі көшбасшы рөлі (директор мұғалімдермен, ата-аналармен, білім алушылармен жұмыс істеп, білім беру қағидаттарын күнделікті іске асырады);
- айқын миссия (ұжым ортақ құндылықтарға сүйеніп, оқу мақсаттарын бірлесе орындайды);
- оқу мүмкіндіктерінің ауқымдылығы (сабақ уақытының басым бөлігі дағдыны дамытуға арналады);
- жетістіктерді үнемі бақылау (нәтижелер оқу процесін жетілдіруге қолданылады);

- мектеп пен отбасы ынтымақтастығы (ата-аналар мектеп мақсатын қолдап, серіктес ретінде қатысады).

Дәстүрлі де, тілді бойлата оқыту мектебінің де директоры білім берудің заманауи теориялары мен зерттеулерін меңгеруі тиіс. Сонымен бірге, екінші тілді оқыту, тілді бойлату ортасында оқытудың түрлері және күтілетін оқу нәтижелері бойынша да хабардар болуы қажет.

Тілге бойлата оқыту мектебіне мұғалімдерді іріктеу

Тілге бойлата оқыту бағдарламасының табысты іске асуы көбіне директордың кәсіби әрі ынталы педагогтер құрамын жасақтауына байланысты.

Бағдарлама мұғаліміне қойылатын негізгі талап – оқытылатын тілді еркін және сауатты меңгеру. Дәстүрлі бағдарламаларда шет тілін шектеулі деңгейде білетін мұғалім сабақ бере алса, тілді бойлата оқыту бағдарламасында мақсатты тілді ана тілі деңгейінде білу міндетті.

Мұғалім білім алушыларға жаңа ұғымдарды түрлі әдіспен түсіндіре алуы, тілдің құрылымын меңгерту жолдарын тиімді қолдануы тиіс.

Кандидаттың тіл меңгеру деңгейін бағалау кезінде директорға білікті маманның көмегі қажет болуы мүмкін. Мақсатты тілді ана тілі ретінде меңгерген мамандарды басқа өңірлерден шақыру тәжірибесі бар, алайда олардың негізгі оқыту тілін жеткілікті деңгейде білмеуі қарым-қатынас пен кәсіби бейімделуде қиындық тудыруы ықтимал.

Мұғалім іріктеу кезінде тек тілдік құзыреттілік қана емес, шығармашылық қабілет, бастамашылдық, ұжыммен жұмыс істеу дағдысы да ескеріледі. Себебі тілді бойлата оқыту мұғалімдері жиі оқу материалдарын бейімдеп немесе жаңадан әзірлеуге мәжбүр болады.

Сапалы бағдарлама мұғалімдері оқу процесінің бастапқы кезеңінде білім алушыларды үнемі қолдап, жігерлендіреді. Олар оқу ортасын мақсатты тілде қарым-қатынас жасауға толықтай бағыттайды және тілдің дұрыс үлгісін ұсынады.

Мұғалімдердің біліктілігін арттыру

Жергілікті өзін-өзі басқару органдары мен әдістемелік орталықтар мұғалімдерге арналған біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастырады. Алайда тілді бойлата оқыту мұғалімдерінің саны аз болғандықтан, олардың арнайы қажеттіліктері назардан тыс қалуы мүмкін.

Директорлар әдістемелік орталықтарға осы бағдарлама мұғалімдеріне арналған курстар ұйымдастыру туралы ұсыныс білдіруі қажет. Мұндай курстар тек арнайы пән мұғалімдеріне ғана емес, бүкіл педагогикалық ұжымға пайдалы болуы мүмкін. Бұл мектеп ішіндегі кәсіби бірлікті нығайтады.

Ұқсас қиындықтары бар басқа тілді бойлата оқыту мектептерімен ынтымақтастық орнату – тиімді тәжірибе. Бұл арқылы қолдау топтары құрылып, оқшаулану сезімі азаяды. Оқу материалдары мен тәжірибе алмасу мүмкіндігі артады.

Мұғалімдермен ынтымақтастық

Директордың маңызды міндеттерінің бірі – ұжымда өзара түсіністік пен қолдауға негізделген микроклимат қалыптастыру. Бұл тілді бойлата оқыту бағдарламасының табысты жүзеге асуына тікелей әсер етеді.

Тілді бойлата оқыту бағдарламасының табысты жүзеге асуына әсер ететін тиімді тәсілдер:

1) мұғалімдерді іріктеу сапасы:

- тілді жақсы меңгерген педагогтерді таңдау;
- шығармашылық, бастамашыл және ұжыммен жұмыс істей алатын мұғалімдерді тарту;
- оқу материалдарын бейімдеу және әзірлеу дағдысына ие болуын қамтамасыз ету.

2) біліктілікті арттыру жүйесі:

- арнайы курстар ұйымдастыру;
- мектепішілік және мектепаралық тәжірибе алмасу кездесулерін өткізу;
- басқа тілді бойлата оқыту мектептерімен ынтымақтастық орнату.

3) оқу ортасын оқытылатын тілге бағыттау:

- сабақ пен сабақтан тыс іс-шараларды толықтай оқытылатын тілде жүргізу;
- мұғалім тарапынан сауатты тілдік үлгілер ұсыну;
- білім алушылардың тілдік қарым-қатынасын ынталандыратын орта қалыптастыру.

4) ұжым ішіндегі ынтымақтастықты дамыту:

- мұғалімдердің бір-бірінің сабақтарына қатысуын қолдау;
- ортақ тақырыптар бойынша оқу материалдарын бірге әзірлеу;
- жоғары сынып білім алушыларының кіші сыныптарға тілдік қолдау көрсетуін ұйымдастыру.

5) білім алушыларды ынталандыру және қолдау:

- оқу процесінің алғашқы кезеңінде жүйелі қолдау мен жігерлендіру;
- білім алушылардың жетістіктерін көрсетуге арналған қойылымдар, жобалар, шолулар өткізу;
- білім алушылардың өзара қарым-қатынастарын дамыту.

6) бағдарлама тиімділігін бағалау:

- сапаны үнемі бақылау;
- оқу материалдарының тиімділігін талдау;
- білім алушылардың тілдік және пәндік нәтижелерін қатар бағалау.

Мұғалімдерді бағалау

Көптеген өңірлерде мұғалімдерді бағалау – директордың міндеті. Оқытылатын тілді меңгермеген директор үшін бұл күрделі болуы мүмкін, дегенмен бағдарлама мақсаттарын нақты білу бағалауды тиімді жүргізуге мүмкіндік береді.

Тілді бойлата оқыту сыныптары үшін бағалауда ерекше мән берілетін аспектілер:

- мақсатты тілде сабақ жүргізу сапасы;
- оқу материалын білім алушылардың тіл деңгейіне бейімдеу дағдысы;

- оқу процесін ұйымдастырудағы шығармашылық тәсіл;
- білім алушылардың тілдік және пәндік дағдыларын қатар дамыту қабілеті.

11-кесте. Тілді бойлата оқытудағы тиімді тәжірибенің негізгі сипаттамалары мен олардың көрініс табуы

Сипаттамалар	Көрініс табуы
Білім алушыға бағдарланған оқыту	➤ білім алушылар мұғалімге қарағанда көбірек сөйлеуі; ➤ білім алушылар тек мұғаліммен ғана емес, бір-бірімен де сабақ барысында және іс-шараларда сөйлесуі; ➤ шешім қабылдау кезінде білім алушыларға тандау еркі берілуі; ➤ тапсырмаларды орындаған білім алушыларға қосымша мүмкіндіктер ұсынылуы; ➤ қайта түсіндіруді қажет ететін немесе баяу жұмыс істейтін білім алушыларға қосымша материалдар пайдаланылуы; ➤ практикалық іс-әрекетке негізделген тапсырмалар жүйелі қолданылуы; ➤ білім алушыларды ойын, жұмбақтар, проблемалық тапсырмалар және басқа да әрекеттер арқылы жауап іздеуге ынталандыруы.
Ынталандырушы және қолдаушы орта	➤ білім алушылардың оқылатын тілде сөйлеуін ынталандыру және қолдау; ➤ білім алушылардың бір-бірінің қателіктеріне түсіністікпен қарауы; ➤ білім алушылар өз идеяларымен бөлісуі және пікірлерін білдіруі; ➤ білім алушыны бағалау кезінде оның қателіктерінің емес дұрыс жауабының ескерілуі; ➤ мұғалімнің (жүріс-тұрысы, мінезі т.б.) үлгі болуы.
Тіл үйренуде сөйлеу әрекетінің дағдыларын бірдей дамыту бағдарламасы	➤ барлық сыныптарда күн/апта жоспары төрт негізгі тілдік дағдыны қамтуы (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым); ➤ білім алушыларды бағалау осы төрт дағдының меңгерілуін айқындауы және олардың маңыздылығын көрсетуі.
Тіл үйренуге қолайлы орта	➤ қажетті және көрнекі материалдардың болуы (жиһаздар мен заттарға атаулары жазылған жапсырылған жапсырмалар); ➤ сөздіктер, қабырға карталары, кестелер және т.б. болуы; ➤ оқытылатын тақырыптарға қатысты сөздердің көрнекі түрде берілуі; ➤ кітапхана бұрышының болуы.

Ата-аналармен жұмыс

Тілге бойлата оқыту бағдарламасында ата-аналармен тұрақты және ашық қарым-қатынас маңызды рөл атқарады. Ата-аналар баласының оқу жетістігіне назар аударып, өз пікірін білдіреді. Көпшілігі оқу процесіне белсенді қатысуға ниет танытады.

Бағдарламаның дәстүрлі оқытудан ерекшелігіне байланысты ата-аналар жиі алаңдаушылық танытады. Әсіресе, баласының бірінші тілді меңгеруі мен

математика сияқты негізгі пәндерді игеруіне қатысты уайымдайды. Мұндай жағдайда ата-аналарға бағдарламаның мақсаттары, мазмұны мен әдістері туралы, сондай-ақ осы саладағы зерттеу нәтижелері жөнінде түсінікті әрі сенімді ақпарат беру. Бұл олардың сенімін арттырудың негізгі жолы.

Ата-аналармен тиімді жұмыс жүргізу үшін келесі ұсыныстарды ескеру маңызды:

- ата-аналарды тілге бойлата оқыту бағдарламасына қатысты маңызды зерттеу нәтижелерімен таныстыру;

- бағдарламаны аяқтаған түлектердің немесе қазіргі білім алушылардың ата-аналарын жаңа қатысушы ата-аналармен кездестіру, тәжірибе алмасу ұйымдастыру;

- бірінші сыныптағы сабақтарға ата-аналарды шақырып, балалардың жетістігін өз көзімен көруге мүмкіндік беру (мұғалімдердің жүктемесін азайту үшін алдын ала жоспарлау);

- ата-аналар жиналыстарына мамандарды шақырып, олардың сұрақтарына жауап беру (мысалы, тілге бойлата оқытудың математиканы меңгеруге әсері);

- күрделі педагогикалық терминдерсіз, түсінікті тілде таратпалар (брошюралар) дайындап, оларды басқа ақпараттық материалдармен бірге ұсыну;

- директор жылына кемінде үш рет ата-аналармен кездесу өткізгені жөн. Ол оқу жылы басында бағдарламамен таныстыру үшін; оқу жылы ортасында мамандарды шақырып, өзекті мәселелерді талқылау үшін; оқу жылы соңында балалардың жетістіктерін көрсету және келесі оқу жылы қатысуға ниетті ата-аналарға ақпарат беру үшін.

Ата-аналармен белсенді және сенімді байланыс орнату арқылы ғана тілге бойлата оқыту бағдарламасының табысты жүзеге асуының басты кепілі болып табылады. Мектеп пен ата-аналар арасындағы серіктестік білім алушылардың білім сапасын арттырып қана қоймай, олардың психологиялық жайлылығын да қамтамасыз етеді. Ашық пікір алмасу, жүйелі ақпарат беру және өзара қолдау ата-аналардың да, білім алушылардың да тілді меңгеруге деген сенімін күшейтеді.

Мектептен тыс жұмыстар

Ата-аналармен жақсы қарым-қатынас орнату – баланың тілді тиімді меңгеруіне мықты негіз болады. Бұл байланыс тек мектеп қабырғасында ғана емес, мектептен тыс ортада да жалғасуы қажет. Бағдарламаның табысты дамуы үшін директорлар қоғаммен, басқа мектеп басшыларымен және білім беру ұйымдарымен тығыз байланыс орнатып, тұрақты қолдауды қамтамасыз етеді.

Мектептен тыс жұмысты ұйымдастырудың негізгі бағыттары:

1) әріптестермен серіктестік орнату:

- аймақтық немесе қалалық қолдау топтарын құру;
- зерттеу нәтижелері, оқу материалдары мен тиімді әдістемелермен алмасу;
- бірлескен семинарлар, дөңгелек үстелдер және тәжірибе алмасу кездесулерін өткізу.

2) басқарушы органдармен байланыс:

- арнайы бағалау құралдары мен тестілер әзірлеу;
- оқу құралдары және материалдық база мәселелерін шешу;
- бағдарламаның дамуына қатысты ұсыныстар мен есептерді білім беру органдарына ұсыну.

3) қоғаммен байланыс:

- жергілікті қауымдастықтар мен ұйымдарда бағдарламаның артықшылықтарын таныстыру;

- БАҚ пен әлеуметтік желілер арқылы бағдарламаның жетістіктерін жариялау;

- мәдени іс-шаралар, ашық есік күндері арқылы қоғамда қолдау атмосферасын қалыптастыру.

4) ата-аналар қауымдастығымен сыртқы іс-шаралар:

- тренингтер, пікірталастар және тәжірибе алмасу кездесулерін ұйымдастыру;

- тәжірибе бөлісу алаңдарын құру;

- балалардың мектептен тыс ортада да мақсатты тілді қолдануына жағдай жасау (үйірмелер, клубтар, тілдік лагерлер).

Мектептен тыс жұмыстардың тиімді ұйымдастырылуы тілге бойлата оқыту бағдарламасының тұрақтылығы мен дамуын қамтамасыз етеді. Директордың қоғаммен, әріптестермен және басқарушы органдармен жүйелі қарым-қатынасы білім алушылардың білім сапасын арттыруға және бағдарламаның беделін көтеруге ықпал етеді.

12-кесте. Бағдарламаны іске асырудағы міндеттер мен іс-әрекеттер

Міндет	Мүмкін іс-әрекеттер
Білім алушыларды іріктеу	- бағдарламаны кеңінен таныстыру үшін бүкіл мектеп қауымдастығын қамтитын кездесулер ұйымдастыру маңызды. Ата-аналар директорлармен және мұғалімдермен тікелей сөйлескісі келеді, сондықтан мектепте ашық кездесулер өткізу керек. Сондай-ақ, бағдарлама түлектерінің немесе жоғары сынып білім алушыларының ата-аналарын шақырып, өз тәжірибелерімен бөлісуін қамтамасыз ету. Бұл жаңа қатысушыларға сенімді шешім қабылдауға көмектеседі.
Мұғалімдерді іріктеу	- мұғалімдерді таңдау кезінде басты талап: олардың оқытатын тілді еркін меңгеруі. Қажет болған жағдайда тіл деңгейін тексеру үшін арнайы мамандардың көмегін пайдалану керек. Бұл оқыту сапасын жоғары деңгейде ұстап, бағдарламаның тиімділігін қамтамасыз етеді
Мектеп ғимаратын пайдалану	- тілге ерте бойлату кабинеттерін бастауыш сынып кабинеттері орналасқан жерде орналастырған дұрыс. Бұл балалардың басқа білім алушылармен араласуына, өздерін оқшау сезінбеуіне көмектеседі. Сонымен қатар, сабақтан тыс уақытта да тілді қолдануға және мұғалімдердің бір-бірімен жиі байланыста болуына мүмкіндік береді.
Ресурстарды іздеу	- бағдарламаның табысты жүзеге асуы үшін қосымша материалдар мен қолдау қажет. Ол үшін жауапты тұлғалармен тұрақты байланыста болып, туындаған қиындықтарды дер кезінде жеткізу маңызды. Мұғалімдер арасында оқу

	материалдарын бөлісуге мүмкіндік жасау керек. Сонымен қатар, тілге бойлата оқыту сыныбына көмек көрсете алатын қосымша мамандарды немесе еріктілерді тарту жолдарын да қарастырған дұрыс
Ата-аналардың мәселелері	- ата-аналардың сұрақтары мен уайымдарын дер кезінде тыңдап, ашық талқылау маңызды. Ол үшін кездесулер мен пікірталастар ұйымдастырып, жеке сөйлесуге де уақыт бөлу керек. Бағдарлама түлектерінің немесе жоғары сынып білім алушыларының ата-аналарын шақырып, өз тәжірибелерімен бөлісуіне мүмкіндік жасау. Бұл сенім орнатудың тиімді жолы. Сондай-ақ, ата-аналарға арналған ақпараттық парақшалар таратып, бағдарламаның мазмұны мен артықшылықтарын түсінікті тілде жеткізу қажет
Қолдау топтарын құру	- бағдарламаның тұрақты дамуы үшін директорлар, мұғалімдер және ата-аналар арасында тығыз байланыс орнату қажет. Бұл топтар бір-бірімен тәжірибе алмасып, ортақ мәселелерді бірге шеше алады. Сондай-ақ, аудан көлемінде тілге бойлата оқыту бағдарламасын қолдау мүмкіндіктерінің тізімін жасап, қажет болғанда сол ресурстарды пайдалану маңызды
Қоршаған ортаға әсері	- бағдарламаға қатысатын білім алушылар саны көбейсе, бұл қоршаған ортаға, көлік қозғалысына және қауіпсіздікке әсер етуі мүмкін. Сондықтан осы өзгерістерді алдын ала ескеріп, қажет шараларды жоспарлау маңызды. Сондай-ақ, микроаудандағы кәсіпкерлермен және көлік қозғалысының өзгерісінен әсер алуы мүмкін адамдармен кездесіп, оларды жағдайдан хабардар еткен жөн
Білім алушыларды қолдау бағдарламалары	- білім алушылардың жақсы нәтижеге жетуі үшін сынып ішінде түрлі қолдау бағдарламаларын қолдану керек. Сонымен қатар, сабақтан тыс уақытта да тілге бойлата оқытын білім алушыларға дәстүрлі бағдарламадағы балалар сияқты бірдей көмек көрсету маңызды. Бұл олардың өздерін сенімді сезініп, оқуына ынтасын арттырады
Қызметкерлердің біліктілігін арттыру	- тілге бойлата оқыту бағдарламасында жұмыс істейтін мұғалімдерге арнайы біліктілікті арттыру курстары қажет, себебі олардың жұмысы дәстүрлі бағдарлама мұғалімдерінің жұмысынан өзгеше. Мұндай курстар мұғалімдерге жаңа әдістерді үйреніп, тәжірибесін жетілдіруге көмектеседі. Сондай-ақ, тілге бойлата оқытатын мұғалімдердің өздерін оқшау сезінбеуі үшін барлық педагогтер арасында біртұтас, ынтымақты ұжым қалыптастыру маңызды

Жоспарлау

Жоспарлау – бұл өте күрделі, бірақ табысты оқытудың негізі болатын процесс. Алдымен оқу мақсаттарын (күтілетін нәтижелерді) нақты анықтап алу керек. Сол мақсаттарға жету үшін жетістіктерді қалай өлшейтінімізді, әртүрлі тақырыптарға қанша уақыт бөлетінімізді және қандай оқу материалдары қажет болатынын жоспарлау. Бұл кезеңде ата-аналармен байланыс орнату тәсілдерін де алдын ала ойластыру маңызды, өйткені олардың қолдауы білім алушылардың табысына тікелей әсер етеді.

Жоспарлау барысында министрлік немесе жергілікті басқару органдары бекіткен оқу нәтижелері мен талаптарымен танысу міндетті қадамдардың бірі. Осы талаптар мен мақсаттар негізінде сабақ мазмұнын, ресурстарды және ата-аналармен, қоғаммен қарым-қатынас стратегиясын үйлестіріп құру қажет.

Жоспарлау – мұғалім үшін нақты бағыт беретін басты құрал. Оның негізінде мұғалім толық түсініп, қабылдаған оқу нәтижелері мен күтілетін жетістіктер жатады. Алдымен өз сыныбының оқу бағдарламасын мұқият қарап шығып, білім алушылардың қандай білім, дағдылар мен қабілеттерге ие болуы тиіс екенін анықтау керек.

Оқу нәтижелерін жоспарлау – сабақтың дұрыс бағытта жүруінің кепілі. Бұл процесс біраз уақыт алады, ал тұтас оқу бағдарламасын әзірлеу одан да көп еңбекті қажет етеді. Әр сабақтың мақсаты – бір уақытта әрі тілді меңгерту, әрі пән мазмұнын игерту болғандықтан, мұғалім жұмыс жоспарын құруға кіріспестен бұрын тіл үйренуге байланысты күтілетін нәтижелерді нақты білуі тиіс.

Тіл үйренудің бастапқы кезеңінде қойылатын күтілетін нәтижелер, әдетте, оқылым, жазылым, ауызша сөйлеу және күнделікті қарым-қатынас дағдыларын дамытуға бағытталады.

Тіл үйренудің бастапқы кезеңінде білім алушылар алдымен қарапайым әрі қысқа мәтіндерді оқуға машықтанады. Мысалы, әртүрлі белгілерді, балаларға арналған жұқа кітапшаларды немесе қысқа өлеңдерді түрлі мақсатпен оқи отырып, олар жаңа сөздерді меңгереді және түсіну қабілетін дамытады. Жазу барысында жас ерекшеліктеріне сай қарапайым мәтіндерді құрастыруды үйреніп, өз ойларын қысқа әрі нақты жеткізуге жаттығады. Ал ауызша және күнделікті қарым-қатынас кезінде таныс тақырыптарда қарапайым сөздер мен тіркестерді қолданып, әңгімелесуге және пікір білдіруге үйренеді. Осындай бірізді жұмыс олардың тілге деген сенімін арттырып, шынайы өмірдегі түрлі жағдайларда еркін сөйлесуіне мүмкіндік береді.

Жоспарлау тіл үйренуге қойылатын күтілетін нәтижелер мен басқа пәндерге қойылатын талаптарға сүйенеді. Осы талаптар арқылы тілдік ортада оқудың табыстылығы бағаланады. Табысты бағдарламаларда мақсаттар бір жағынан батыл, екінші жағынан қолжетімді болады.

Жоспарлауды оқу жылы басталғанға дейін аяқтау әлдеқайда тиімді. Мұғалім бүкіл оқу жылына арналған жоспарды алдын ала дайындаса, оқу жылы ортасында күтпеген жағдайлар туындағанда да, дайын материал қолда болады. Мұндай дайындыққа жұмсалған әр сағат кейін сабаққа дайындалуда кемінде екі сағат үнемдеуге көмектеседі. Оқу жылы басталған соң жоспарлауға уақыт азаяды, сондықтан алдын ала дайындық аса маңызды.

Сондай-ақ, мектеп әкімшілігі әр сыныптың жоспарымен және оқылатын материалдармен таныс болуы тиіс. Жоспардың көшірмелері деректер жинау орталығында сақталады, ал ата-аналар мен мектеп басшылығы олармен танысуға құқылы. Бұл ата-аналар мен басшылыққа мұғалімнің сыныпта қандай нәтижеге ұмтылып отырғанын түсінуге және оны қолдауға мүмкіндік береді.

Жылдық, айлық, апталық және күндік жоспарды жасау қажеттілігі

Жоспар – бағыт сілтейтін карта. Егер қайда баратынымызды білмесек, оңай адасамыз. Сондықтан оқу нәтижелерін жыл бойына тақырыптар мен бөлімдерге бөліп, әрқайсысына қанша уақыт кететінін алдын ала анықтау маңызды. Сол сияқты, қандай оқу материалдары қажет болатынын және кімнен көмек алуға болатынын (мысалы, музыка мұғалімінен) да ерте ойластырған дұрыс.

Күнделікті сабақ жоспарын бүкіл жылға бірден жасау тиімді емес. Оның орнына, апталық жоспарды немесе жаңа тақырыпты бастар алдында жалпы жоспарыңызды қарап, не істелгенін және әлі не істеу керектігін бағалаған жөн. Бұл тәсіл күнделікті жоспарлауды жеңілдетеді және басты мақсаттарға көңіл бөлуге көмектеседі.

Жоспарға міндетті түрде мерекелік күндерді, өткен материалды қайталау мен бекіту уақытын, жеке жұмыстарды және күтпеген жағдайларға арналған уақытты енгізу керек. Сонымен қатар, балаларға өз қызығушылықтарын дамытуға арналған бос уақыт қалдыру да маңызды.

Пәнаралық байланыс және оқыту тиімділігі

Тілді бойлата оқыту барысында білім алушылар тілді үйренуге қызығып, әр пәннің мазмұнын түсінуге ұмтылады. Пәндерді тақырыптар арқылы байланыстыра оқыту олардың қызығушылығын сақтап, сөздік қорын байытады және материалды терең меңгеруге мүмкіндік береді. Егер пәндер жеке-жеке оқытылса, уақыт тапшылығынан мұғалім бағдарламаның барлық талаптарын орындауға қиналуы мүмкін.

Пәнаралық байланысты қолдану уақытты үнемдеуге көмектеседі. Мысалы:

- қоғамдық білім сабағындағы сөздік қорды тіл үйренуде пайдалану;
- математикада картография, графиктер, кестелер жасау арқылы тілдік дағдыларды дамыту;
- музыка сабағында қоғамдық білім тақырыптарына сай әндерді таңдау.

Жоспарлар мен күтілетін нәтижелерді жария ету

Білім алушылар мен ата-аналар жоспарлар мен күтілетін нәтижелермен таныс болуы тиіс.

- бір тоқсандық жоспар сыныпта көрнекі жерге іліп қою;
- сабақ барысында жоспарланған нәтижелерге сілтеме жасау;
- үй тапсырмалары мен жаңа тақырыптар күнделікке немесе оқу папкасына жазу;
- сабақ мақсатын күнделікті тақтаға жазу.

Бұл тәсілдер білім алушыларды оқуға жауапкершілікпен қарауды үйретеді.

Балалардың шоғырлану деңгейін ескеру

Сабақ жоспарын балалардың жас ерекшелігіне сай құру маңызды:

- 6 жастағы бала: мұғалім бақылауымен 10–20 мин, өз бетімен 20–25 мин шоғырлана алады;

- 7 жастағы бала: мұғалім бақылауымен 15–25 мин;
- қиын (күрделі) тапсырмалар 3–4 күнге бөлініп беру;
- мақсатқа бағытталған ойындарға кемінде 30 мин бөлу;
- бір әрекеттен екіншісіне ауысқанда қысқа үзіліс пен еркін әңгіме жүргізу.

Білім алушылардың күшті және әлсіз жақтарын дамыту

Балалардың өз қабілеттерін көрсетіп, жетістікке жету үшін олардың мықты жақтарын тиімді пайдалану қажет. Дегенмен, әлсіз тұстарын да жүйелі түрде жетілдіру маңызды. Бұл процесте жұптық жұмысты ұйымдастырып, білім алушылардың бір-біріне көмектесу мүмкіндігін барынша қолдану тиімді. Сонымен қатар, білім алушыларды көмек сұраудан ұялмауға үйрету қажет. Үздік білім алушыларды мадақтап, оларды өзгелерге үлгі ету ынталандырудың жақсы тәсілі болып табылады. Әрбір білім алушыны мақтай алатындай жағдай жасап, олардың жеке жетістіктерін атап өту арқылы сенімділік пен ынтаны арттыруға болады.

Икемді болу қажеттілігі

Жоспарларды жүзеге асыру кезінде басты назар әрқашан білім алушыларға аударылуы тиіс. Кейде олардың нақты қажеттіліктеріне байланысты жоспарды өзгерту қажет болады. Көптеген мұғалімдер жақсы дайындалған жоспардың кейде күткендей нәтиже бермейтінін байқаған. Керісінше, қарапайым әрі мұғалімге қызықсыз көрінетін тапсырма білім алушыларға ұнап, олардың белсенді қатысуына себеп болуы мүмкін. Табысты мұғалім осындай сәттерді дер кезінде байқап, білім алушылардың пікіріне құлақ асуы керек. Бағдарламаны орындауда білім алушылардың да белсенді рөлі бар екенін естен шығармау маңызды, өйткені олардың жасы, даму деңгейі, жыл мезгілі немесе тақырыптың мазмұнына байланысты мүмкіндіктері әртүрлі болады. Мұғалім күтілетін нәтижелерді нақты анықтап, күнделікті тәжірибеден алынған маңызды деректерді тиімді пайдалана білуі керек.

Жоспарларға жиі сілтеме жасау қажеттілігі

Әр жаңа тақырып басталғанда жоспарлар мен күтілетін нәтижелерге қайта оралу қажет. Уақыт өте келе жоспарларды түзетуге тура келуі мүмкін, бірақ негізгі мақсаттар өзгеріссіз қалады. Уақытты дұрыс пайдалану үшін, қажет жағдайда қосымша сабақтар немесе іс-шаралар енгізу арқылы тақырыптар белгіленген мерзімге сыйғызу маңызды. Сабаққа арналған материалдар толық дайындалуы тиіс, ал жоспарлар жағдайға сәйкес бейімделіп отырады. Пәндер арасындағы байланыстарды қолдану аз уақытта көбірек нәтижеге жетуге мүмкіндік береді әрі оқыту процесін жеңілдетеді. Жоспарлаудың түпкі мақсаты мұғалімнің іс-әрекетін тиімді бағыттап, оқу бағдарламасындағы мақсаттарға жету. Сонымен қатар, білім алушылар жоспарлар мен күтілетін нәтижелерден хабардар болуы керек. Бұл ақпаратты сынып қабырғасында көрнекі етіп орналастырып, сабақ барысында жүйелі түрде еске салып отырған жөн.

Жоспарлар мен оқу материалдарын сақтау және ұйымдастыру жүйесін құру

Оқу процесінде тиімділік пен тәртіпті сақтау үшін мұғалім жоспарлары мен дайындалған материалдарын сақтау тәсілін алдын ала ойластыруы қажет. Құжаттар мен материалдарды ретімен сақтап, олардың әрдайым қолжетімді болуын қамтамасыз ету маңызды. Материалдардың көлемі жыл өткен сайын көбейетіндіктен, егер оларды жүйелі түрде ұйымдастырмаса, қажетті ақпаратты іздеуге көп уақыт кетеді.

Тақырыптар немесе пәндер бойынша арнайы папкалар мен қоржындарды пайдалану материалдарды реттеудің ең қолайлы жолдарының бірі. Мысалы, бейнелеу өнері, математика, дүниетану т.б. пәндерге арналған түрлі-түсті қораптар немесе арнайы белгіленген қалталар қолдануға болады. Бұл әдіс мұғалімге сол тақырыпқа қайта оралғанда қажетті материалдарды тез тауып, уақыт пен күшін үнемдеуге мүмкіндік береді.

Әр оқу жылының ерекшеліктеріне байланысты қосымша материалдар таңдау қажет болуы мүмкін. Дегенмен, алдын ала дайындалған материалдар мен ресурстар сабаққа дайындықты айтарлықтай жеңілдетеді. Дұрыс жүйеленген материалдар мұғалімдерге тәжірибе алмасуды және қажетті ресурстарды ортақ пайдалануды оңайлатады.

Ресурстар мен материалдар

Жаңа тақырыптарды әріптеспен бірге жоспарлау жұмысты жеңілдетеді, уақытты үнемдейді және әдетте жақсы нәтижелер береді. Бірлескен жоспарлау мұғалімнің жұмысын ғана емес, сонымен қатар стрессті де азайтады.

Тәжірибелі әріптестер жоспарларды қарап, назар аударуға тиісті мәселелерді дер кезінде анықтап, шешу жолдарын ұсына алады. Бұл тәжірибені тез меңгеруге және оны тиімді пайдалануға көмектеседі.

Тілге бойлата оқытатын мұғалімдер арасында материалдармен алмасу өте маңызды. Тақырыптарды дайындау барысында кім қандай материалдарды жинайтыны мен әзірлейтіні алдын ала келісілсе, уақыт үнемделеді.

Бірлескен жұмыстың нәтижелі болуы үшін кездесулердің нақты уақытын алдын ала белгілеу (аптасына бір, екі аптада бір немесе айына бір рет) және оларды сол тәртіппен өткізу маңызды. Кездесулер күндіз, сабақтан кейін немесе демалыс күндері ұйымдастырылуы мүмкін.

Осындай кездесулердің тиімді өтуі үшін мектептегі мамандардың қолдауын пайдалану да маңызды.

Мектептің кітапханашысы, директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасарлары және пән мұғалімдері қосымша материалдар жөнінде ақпарат беріп, туындаған мәселелерді шешуге көмектесе алады. Мұндай мектепшілік ресурстармен қатар, сабаққа дайындықта сыртқы дереккөздерді де тиімді пайдалану маңызды. Интернет – тілді бойлата оқыту бағдарламасының материалдары туралы ақпараттың тамаша көзі. Сондай-ақ, қажетті көрнекі құралдар мен иллюстрацияларды жинау да оқу процесін байытады. Иллюстрациялар жинағын құрастыру үшін білім алушылардан үйден ескі журналдар әкелуді сұрауға,

кітапханашыдан пайдаланылмайтын ескі кітаптар мен журналдарды алуға, дәрігер кабинетінен ескі медициналық журналдар мен буклеттер жинауға болады. Жиналған иллюстрациялардан плакаттар, тақырыптық альбомдар, көрнекі карточкалар сияқты мақсатты тілде өте құнды көрнекі құралдар жасауға болады.

Көрнекіліктермен қатар, білім алушылардан үйден әкелінген тұрмыстық заттарды жинау да сабақта үлкен рөл атқарады. Мысалы, ескі киімдер түстер мен мата түрлерін үйретуге, ал бос ыдыстар мен қораптар бейнелеу өнері мен еңбекке баулу сабақтарына қажет болуы мүмкін. Мұғалімдер оқу жылының басында ата-аналарға қажетті заттардың тізімін берсе, олар әдетте қуана қолдау көрсетеді. Жиналған материалдарды реттеп сақтау үшін арнайы жәшіктер мен қораптарды қолдануға болады. Сондай-ақ, білім алушылар мен мұғалімдер жасаған қолөнер кітапшалары мен көрнекі материалдар сынып кітапханасына қойылып, үнемі пайдаланылады. Бұл әдіс білім алушыларға өз еңбегін бағалап, оны мақтанышпен ұсынуға жағдай жасап, оқу процесін жандандырады.

Осыған қоса, кейбір көрнекі құралдар мен оқу материалдарын сатып алу қажеттілігі туындауы мүмкін. Сондықтан материал сатып алатын фирмалар мен дүкендерді алдын ала іздеп, олардың байланыс деректерінің тізімін жасап, әріптестермен бөлісу тиімді. Мұндай ұйымдардан мұғалімдерге арналған арнайы жеңілдіктер сұрау да артық болмайды.

Материалдарды дұрыс іріктеп, жинап қана қоймай, оларды тиімді пайдалану үшін сынып бөлмесін жүйелі түрде ұйымдастыру қажет. Жақсы жоспарланған және реттелген оқу кеңістігі білім алушыларға түрлі қызмет орталықтарында бір мезгілде жұмыс істеуге, өз бетінше материалдармен танысуға және оқу процесіне белсенді қатысуға мүмкіндік береді.

Сыныптағы микроклимат

Сабақтың нәтижелі өтуі ең алдымен сынып бөлмесінің дұрыс ұйымдастырылуына байланысты. Жақсы ұйымдастырылған орта білім алушылардың көңіл күйіне, назарын шоғырландыруына және өздерін жайлы сезінуіне ықпал етеді. Оқу процесінің сапасын арттырудың алғашқы қадамы ретінде бөлменің жарық, таза әрі реттелген болуы мүмкін. Білім алушылардың өзін психологиялық және физикалық тұрғыдан қауіпсіз сезінуі аса маңызды. Олар тілдік тәжірибеде және әңгімелерге еркін қатысып, өздеріне маңызды тақырыптарда сөйлесуге қатысуы керек. Қоршаған орта білім алушылардың мінез-құлқына тікелей әсер етеді: мұғалімнің анық әрі сабырлы сөйлеп, жылы қарым-қатынас жасауы білім алушылардың да тәртібін жақсартады. Мұғалімнің мінез-құлықтағы және қарым-қатынастағы үлгісі балалар үшін бағдар болып, олардың бойына біртіндеп орнығады.

Тіл үйрену барысында балалар кейде көңілсіз болуы мүмкін, өйткені әр айтқысы келген сөзі жаңа тәжірибе, ал тіл құрылымы әлі таныс емес. Сондықтан мұғалім батыл әрекеттерді байқап, оларды мадақтауы қажет. Қателер – оқу процесінің ажырамас бөлігі, ал бастысы білім алушылар өз еңбегі мен талпынысының бағаланатынын сезінеді. Білім алушыларға өз бетінше әңгіме

жүргізуге мүмкіндік беру арқылы олардың қандай сөздік қор қажет екенін анықтап, оқытуды тиімді етеді.

Сыныпта нақты күн тәртібінің болуы білім алушылардың оқу жұмысына шоғырлануына және өзін сенімді сезінуіне көмектеседі. Бірдей әрекеттерді тұрақты қайталау талаптарды бекітіп, күшейтеді, бұл тәртіпті, жауапкершілікті және тілдік дағдыларды дамытуға ықпал етеді. Жаңа және белгісіз нәрселерді қызықты әрі тартымды етіп ұсыну арқылы білім алушылардың оқуға деген қызығушылығын арттырады. «Бала ойын арқылы өмірді үйренеді» деген сөз бекер айтылмаған: егер тапсырма қызықты болса, олар оны қуана орындайды, ал тіл үйрену процесі байқалмай жүреді.

Мұғалім білім алушылардың назарын қанша уақыт ұстай алатынын ескеруі керек. Түсіндіру уақыты мен өз бетінше жұмыс ұзақтығы назар сақтау мүмкіндігінен аспауы тиіс. Әр бала өзін ұжымда маңызды сезінуі керек, ол үшін тапсырмалар мен жауапкершілікті кезекпен беру тиімді. Топтық жұмыс та әлеуметтік дағдыларды дамытады (белгілі бір кезең бойы бірге жұмыс істейтін топтарда әр бала кезекпен жетекші болады). Бұл бір-бірін қолдауға, түрлі сыныптастарымен жұмыс істеуге және жаңа достық байланыстар орнатуға мүмкіндік береді.

Сыныпта білім алушылардың бір-бірінің күшті жақтарын көріп, үйреніп, қажет болғанда кеңес беруі маңызды. Бұл мұғалімнің жүктемесін жеңілдетіп, білім алушылардың өздігінен шешім қабылдауын арттырады. Сонымен қатар, мұғалім білім алушылардың туған күндерін, мерекелерін, спорттық және оқу жетістіктерін атап өтуге уақыт табуы керек. Мұндай назар ұжымдық рухты нығайтып, мотивацияны күшейтеді. Ұзақ әрі күрделі тапсырмадан кейін шағын мереке ұйымдастыру арқылы білім алушыларға жаңа күш-қуат беріп, келесі сабақтарға ынтымақтастықпен кірісуіне септігін тигізеді.

Білім алушылардың еңбектерін бағалау үшін сыныпта олардың жұмыстарынан көрмелер ұйымдастыру және үнемі жаңартып отыру пайдалы. Білім алушылар өз жұмыстарын көрсеткенде мақтаныш сезінеді, ал үздік жұмыстарды таңдауға қатысу олардың шығармашылық белсенділігін арттырады. Бұл әдіс білім алуға деген қызығушылықты оятып, сыныптағы жағымды атмосфераны нығайтады.

13-кесте. 6 жастағы баланың ерекшеліктері мен педагогқа ұсыныстар

Сипаттамалық ерекшеліктер	Жоспарлау және оқыту кезінде ескеру қажет
Импульсивті, эгоцентрик (басқа адамдар оны өзі сияқты қабылдайды деп ойлайды)	«Мен туралы» тақырыбында балаға бағытталған тақырыптар тізбелерін зерттеу ұсынылады
Қиялдау ұнайды, бірақ бақылау қажет	Мақал-мәтелдерді оқып, талқылағаннан кейін білім алушыларға оны сахналауға мүмкіндік беру керек
Мұғалімнің нақты бағыттауына мұқтаж білім алушылар	Жұмыс тәртібі мен тәртіп ережелерін қатаң ұстану қажет
Қоғамда болуды ұнатады (басқалармен бірге болып, ойнағанды жақсы көреді)	Әр күнге ойын уақыты жоспарлау керек

Мәселелерді шешу барысында көңіл-күйі нашар болса, физикалық және ауызша агрессияға бейім болуы мүмкін	Мәселелерді шешуде инсценировкалар мен рөлдік ойындарды қолдану
Жауапкершілікті өте жақсы көреді	Сыныпта білім алушылардың міндеттері кестесін жасап, жауаптыларды жиі ауыстырып отыру (сонда әр бала жаңа рөлді байқап көре алады)
Қозғалысты көп қажет етеді (жұмысын барлық жерде таратып қояды)	Бұл сынып жоспарын жасауда ескерілуі тиіс
Өртүрлі тәжірибелер жүргізуге мұқтаж	Жұмыстың түрлерін өзгертіп, оларды қайта қайталауға мүмкіндік беру (жаңа немесе таныс материалдарды пайдалана отырып)
Нақты көрнекі материалдармен жұмыс жасағысы келеді	Өртүрлі пәндерді оқыту кезінде осы материалдарды үнемі пайдалану (оларды балаларға қолжетімді жерде сақтау қажет)

14-кесте. 7 жастағы баланың ерекшеліктері мен педагогқа ұсыныстар

Сипаттамалық ерекшеліктер	Жоспарлау және оқыту кезінде ескеру қажет
Не? Неге? деген сұрақтарды көп қояды	Дүниетану және математика сабақтарында түрлі тәжірибелер мен практикалық жұмыстар жүргізу
Жетекші және ұйымдастырушы болу қабілеттері байқала бастайды	Жұмыстың бір бөлігін міндетті түрде топпен жүргізу
Қол еңбегімен айналысуға және пікірталасқа уақыт қажет	Қол еңбегіне арналған материалдарды пайдаланып, балаларға шешімдерді талқылауға мүмкіндік беру
Тәжірибелерге көбірек уақыт қажет етеді	Бұл уақытты жоспарлауда ескеру керек
Жазылғанды түсіну стратегиясын дамытады	Күнделікті хабарламалар беру арқылы осы стратегияларды үнемі тереңдету
Жазуды бастайды (күнделік т.б.)	Күнде білім алушыға (мысалы, күнделікке) жазуға уақыт бөлу
Математика сабағында нақты материалдарға мұқтаж	Білім алушылардың қолмен ұстап көруге болатын түрлі материалдарды көп қолдануға мүмкіндік жасату
Басқа адамдарды жақсырақ қабылдай бастайды	Жұмысты қарапайым пікірталастардан бастау
Өз денесінің ерекшеліктерін жақсы біледі (мазақтанудан қорқады)	Балалармен жеке ерекшеліктер туралы тұрақты әңгімелер жүргізу
Белгілі дәрежеде өзін асыра бағалайды	Ортақ жұмыс талап ететін тапсырмаларда білім алушыларды топтарға бөліп, әрқайсысының пікір айтуына жағдай жасау

15-кесте. 8 жастағы баланың ерекшеліктері мен педагогқа ұсыныстар

Сипаттамалық ерекшеліктер	Жоспарлау және оқыту кезінде ескеру қажет
Ұзақ уақытқа назарын шоғырландыра алады	Өртүрлі іс-әрекеттерге және сабақ санына бөлінетін уақытты көбейту
Өз жұмысының толық аяқталуына жауапкершілік ала алады	Бір күнге немесе аптаға арналған шағын үй тапсырмаларын беруге болады

Қателерін өзі түзетуді бастайды, тәуелсіздікке, дербестікке ұмтылады	Қателерді түзеткені үшін ауызша мақтау және жазбаша жұмыста бақылау нұсқасын қолдану
Өзге сыныптастарымен қарым-қатынас оқу процесінің маңызды бөлігіне айналады	Білім алушыларды топтарға бөліп жұмыс істеу керек
Баланың басым әрекеті – өзі бастайтын зерттеулер	Өнері, дүниетану, математика және дене тәрбиесі сабақтарында мұндай мүмкіндіктерді тұрақты ұсыну
Әлі де өзінің нақты тәжірибесіне мұқтаж	Білім алушының қолы жететін, ұстап қарауға болатын материалдарды қолжетімді орындарға орналастыру керек
Қолмен ұстап көруді ұнатады: құм, су, кубиктер сияқты заттар	Сабақта құм, су, текшелер, ермексаз сияқты материалдарды қолдану; балаларға тәжірибе жасауға және қолмен жұмыс істеуге мүмкіндік беру
Іштей оқу (үнсіз оқу) ұната бастайды	Мұндай оқу үшін арнайы уақыт бөлу және оқу орталықтарында кітаптарды орналастыру қажет

Оқу жылы басталмай тұрып, болашақ білім алушылармен алдын ала танысу маңызды. Ол үшін бұрынғы педагогтерден (тәрбиешілер) білім алушылар туралы қосымша ақпарат жинап алған дұрыс. Мәселен, олардың балабақшада қандай әндерді үйренгенін, күн тәртібі қалай болғанын білу пайдалы. Бұл мәліметтер жаңа ортаға бейімделу барысында білім алушыларға көмектеседі. Егер мектепте де балабақшадағы күн тәртібіне ұқсас жүйе қолданылса, олар өзін жайлы әрі сенімді сезінеді.

Кейбір мұғалімдер болашақ білім алушылардың үйлеріне барып, ата-аналарымен әңгімелесуді дәстүрге айналдырған. Бұл тәсіл педагог пен отбасы арасындағы сенімді байланыс орнатуға ықпал етеді. Ал кейбір мектептерде ата-аналар мен балаларды арнайы шақырып, болашақ мұғаліммен кездесу, сынып бөлмесін көру ұйымдастырылады. Мұндай кездесулерде шағын дастарқан жайылып, шай ішу рәсімі өткізіледі.

Белгіленген күні балалар мен ата-аналарды сыныпта жылы қарсы алып, білім алушылар үшін шағын ойындар ұйымдастыруға болады. Осы сәтте педагог ата-аналармен жеке сөйлесіп, оларды толғандыратын мәселелерді талқылауға уақыт табады. Мұндай дайындық оқу жылының табысты басталуына және балалардың жаңа ортаға бейімделуіне үлкен көмек береді.

Мұғалімнің кәсіби рөлі және оқу процесіндегі орны

Мұғалім өз ана тілінде немесе оқытатын тілде таза сөйлей білуі тиіс. Бұл білім алушылар үшін аса маңызды, себебі олардың тілдік дағдылары алдымен мұғалімнің үлгісіне қарап қалыптасады. Алғашқы күннен бастап білім алушылар мұғалімнің сөзін тындап, үйренген сөздерді қайталап, тілдің табиғатын түсіне бастайды. Осы процесс олардың кейін өздігінен еркін сөйлеуіне негіз болады. Сондықтан мұғалімнің тілге деген біліктілігі, акцентінің анықтығы мен сөз қорының байлығы білім алушының дамуына тікелей ықпал етеді. Мұғалім бұл ерекшелікті әрқашан ескеріп, оқытылатын тілде сөйлеу арқылы білім

алушылардың тілдік жылдамдығын, нақтылығын және еркіндігін дамытуға жағдай жасауы қажет.

Сонымен қатар мұғалім білім алушылардың үйде қарым-қатынас тілін белгілі деңгейде меңгергені жөн. Әсіресе бастауыш сынып білім алушыларының өз ана тілінде қалай сөйлесетінін түсіну мұғалімге олардың қажеттіліктерін дұрыс анықтауға көмектеседі. Ата-аналармен қарым-қатынаста да балалардың ана тілін қолдану тиімді.

Мұғалім өз кәсіби дамуына ерекше назар аударуы қажет. Білім алушылардың дамуына үлес қосу үшін мұғалім үздіксіз білім алып, жаңа әдістерді меңгеріп отыруы тиіс. Кәсіби дамуды тоқтату мұғалімнің кәсіби құлдырауына әкеледі. Осыған орай мұғалімнің кәсіби дәрежесі немесе сертификаты болуы міндетті. Бұл оның оқыту ерекшеліктерін, білім алушының даму сатыларын, бағалау жүйесін, екі тілді және мәдениетті терең білуін, заманауи әдістерді меңгеруін талап етеді.

Білім алушыларды тәрбиелеу мен дамытуда мұғалім басты тұлға болғандықтан, ол шыдамды, мейірімді, мақсатқа бағыттай білетін болуы тиіс. Сыныптағы ахуалды үнемі бақылап, әрбір білім алушының сабақтағы белсенділігі мен өзара қарым-қатынасын қадағалауы қажет. Мұғалім білім алушылардың түсіну деңгейін анықтап, тиімді әдістерді дер кезінде қолдана алуы керек. Бұл барша білім алушылардың жұмысқа тартылуына, ал сыныптағы оқу ортасының тыныш әрі қолайлы болуына мүмкіндік береді.

Мұғалім командалық жұмысқа дағдыланған болуы қажет. Тілдік ортадағы оқыту дәстүрлі сыныпқа қарағанда көбірек ынтымақтастықты талап етеді. Мұндай жағдайда мұғалім әріптестерімен тәжірибе, оқу материалдары, идеялар және шешімдермен бөлісіп, өз кәсібилігін жетілдіреді. Сондай-ақ тәжірибелі жетекшімен жұмыс істеу, кәсіби желіге қатысу пайдалы. Қиындық туындаған сәтте мұғалім көмек сұраудан тартынбауы тиіс, себебі мәселені дер кезінде шешу оқу процесінің тиімділігін сақтайды.

Мұғалім тілдік дағдыларды меңгертуде үлгі бола отырып, жаңа құрылымдар мен сөздерді қайталап, бекітуі қажет. Тілдің жаңа элементтері толық меңгерілгеннен кейін ғана келесі тақырыпқа көшу ұсынылады. Мұғалімнің қолданатын тілі әрқашан білім алушылардың деңгейінен бір қадам алда болуы керек. Бұл жаңа мақсат қоюға, білім алушыларды ынталандыруға және олардың қиындықтарын байқап, дер кезінде қолдау көрсетуге мүмкіндік береді.

Ұйымдастырушылық қабілет те мұғалімнің кәсіби міндеттерінің ажырамас бөлігі. Дұрыс жоспарланған оқу процесі уақытты үнемдеуге және оқу сапасын арттыруға септігін тигізеді. Мұғалімнің ұйымдасқан әрекеті білім алушыларға үлгі болып, олардың да тәртіп пен жүйелілікті сақтауға үйретеді. Балалар күннің негізгі оқиғаларын алдын ала білгенде өздерін сенімді сезінеді, бұл олардың оқу белсенділігіне оң әсер етеді. Сондықтан мұғалім оқу жылы басталар алдында әр пән бойынша жылдық жоспар құрып, ай сайынғы міндеттерді нақтылап, апталық жоспарды да жүйелі түрде дайындауы қажет.

Мұғалім тек білім беруші ғана емес, білім алушылар үшін үлгі, кеңесші және қолдаушы рөлдерін қатар атқарады. Білім алушылар өз әрекеттерінің дұрыс екеніне сенімді болу үшін мұғалімнен қолдау мен мақтау күтеді. Сыныпта қателікті түзетуге және көмек сұрауға қолайлы ахуал орнату аса маңызды. Сонымен бірге мұғалім өзінің физикалық және рухани саулығына да көңіл бөлуі қажет. Мектептегі жұмыс оның өміріндегі жалғыз мақсатқа айналмауы тиіс. Өмірін теңгерімді ұстай білетін, көңілді әрі сергек мұғалім ғана өз білім алушыларына да жеткілікті күш-қуат, қызығушылық пен шабыт бере алады.

Оқу жылының алғашқы айында, әсіресе алғашқы екі аптада, сыныпта болашақтағы тәртіп пен жұмыс қағидалары қалыптасады. Бұл кезеңде білім алушылар мұғалімге мұқият назар аударып, жаңа ортаға бейімделеді. Осы сәтте сыныптағы ережелерді нақтылап, оларды жүйелі түрде түсіндіріп, бекіту қажет. Ережелерді сақтау талап етіледі, ал күн тәртібі реттелген соң негізгі назар оқу бағдарламасына аударылады. Мұндай тәсілдің тиімділігі бірнеше айдан кейін байқалады: ұйымдастырушылық мәселелер шешіліп, барынша күш пен уақыт оқу мақсатына жұмсалады.

Сыныпта дені сау, ұйымдасқан, табысқа бағытталған орта құру – мұғалімнің басты міндеттерінің бірі. Жоспарланған сабақ кестесіне сүйеніп, оқу күнінің біркелкі басталуы, жаңа материалдың жүйелі қайталануы маңызды. Әсіресе алғашқы айда бірлескен жұмысқа негізделген тұрақты дағдыларды қалыптастыру жыл бойғы оқу жетістіктерінің кепілі болады. Осы себепті оқу жылының басында сыныптағы жағымды психологиялық ахуалды қалыптастыру – оқу бағдарламасының мазмұнын орындаудан да маңыздырақ. Бірнеше аптадан кейін оқу бағдарламасын орындау мен нәтижелерге жету білім алушылар мен мұғалім үшін ортақ басты мақсатқа айналады.

Мұғалім – сыныптағы оқу процесінің негізгі ұйымдастырушысы әрі жетекшісі. Ол күнделікті оқу күнін тиімді жоспарлап, білім алушыларға қолайлы жағдай жасай білуі тиіс. Мұғалімнің сабырлылығы мен тұрақты бақылауы балалардың тәртіпті меңгеруіне ықпал етеді. Білім алушылардың бір-біріне талаптар мен күтілетін мінез-құлық үлгілерін еске салуы да жағымды ахуал қалыптастыруға көмектеседі.

Ойынның маңызы

Оқу жылының алғашқы күндері мен апталары мұғалім де, білім алушылар да белгілі бір деңгейде стресс жағдайына тап болады. Осы себепті күннің әр бөлігіне қысқа ойын үзілістерін енгізу маңызды. Ойын барысында түрлі материалдар, көрнекіліктер, музыка мен қозғалыс элементтерін қолдану ұсынылады. Ән айту, қимыл-қозғалыс ойындары, спорт залын жүйелі пайдалану және қолайлы ауа райында сыртта ойнау балалардың психологиялық жайлылығына оң әсер етеді. Сонымен қатар, ойын оқу мақсаттарымен тығыз байланыста болуы тиіс. Әр білім алушының жеке ырғағы мен қарқынын ескеру қажет, бұл үйлестіру кей жағдайда қиындық тудырғанымен, мұғалімнің тәжірибесі мен кәсіби шеберлігі оны жеңілдетуге көмектеседі.

Сабақ құрылымын жоспарлау

Оқу процесінде сабақтардың қысқа әрі мазмұнды болғаны тиімді. Балаларға өздігінен жұмыс істеуге көбірек уақыт бөлу олардың білімді меңгеруіне және бекітуіне мүмкіндік береді. Негізгі оқу материалы таңертең және түскі үзілістен кейін жақсы қабылданады, ал тәжірибелік және шығармашылық жұмыстарды күннің екінші бөлігіне жоспарлаған дұрыс.

Жеке қарым-қатынас орнату

Әрбір білім алушы өзін сыныпта ерекше әрі қамқорлықта сезінгісі келеді. Сондықтан мұғалім күн сайын әр білім алушымен жеке сөйлесуге уақыт бөлуі қажет. Мұндай әңгімелер тек қолдау көрсету құралы ғана емес, сонымен қатар оқу материалын қайталау мен қиын тұстарды түсіндіру үшін де пайдалы. Жеке қарым-қатынас білім алушының сенімін арттырып, оқуына оң ықпал етеді.

Ата-аналармен байланыс орнату

Оқу жылының алғашқы айы ата-аналар үшін ерекше маңызға ие, себебі олар үшін бұл кезең көбіне балаларға қарағанда қиын өтеді. Сондықтан мұғалім ата-аналарды тілдік орта мен оқу процесінің ерекшеліктері туралы алдын ала хабардар етуі тиіс. Ата-аналармен тұрақты байланыс орнатып, оларды күтілетін нәтижелермен таныстыру маңызды. Бұл педагог, білім алушы және ата-ана арасындағы өзара түсіністік пен серіктестікті нығайтады.

Тілдік дағдыларды дамыту

Тілді бойлата оқыту бағдарламасында тілдік құзыреттілік басты орында болғанымен, сонымен қатар білім алушылардың когнитивтік, әлеуметтік және тұлғалық дағдыларын дамыту да маңызды.

Педагог үнемі оқытылатын тілде сөйлеуі тиіс. Тек ерекше жағдайларда ғана (мысалы, қауіпсіздік ережелерін түсіндіруде) ана тілі қолданылуы мүмкін. Мұндайда білім алушылардың қызығушылығын арттыру үшін ойын элементтері пайдалануға болады (мысалы, «сиқырлы бас киім» тәсілі). Бұл тәсіл арқылы педагог қажет кезде ана тіліне қысқаша жүгініп, кейін қайтадан мақсатты тілге оралады.

Ата-аналармен жұмыс барысында олардың ана тілінде сөйлескен дұрыс, бірақ балаларға міндетті түрде оқытылатын тілде жүгіну қажет. Бұл тілдік ортаға толық бойлауға мүмкіндік береді.

Бағдарламаның алғашқы кезеңінде балаларға өз ойларын ана тілінде айтуға рұқсат беріледі. Бұл олардың жаңа тілді қабылдау процесін жеңілдетеді. Әдетте алғашқы үш-төрт айда білім алушылар тыңдау және түсіну дағдыларын дамытады, бірақ мақсатты тілде еркін сөйлей алмайды. Бірінші жартыжылдықта тілдерді араластыру қалыпты құбылыс болып саналады. Мұғалім білім алушыларды біртіндеп оқытылатын тілде сөйлеуге ынталандыруы қажет.

Екінші оқу жылынан бастап сыныптағы қарым-қатынас толығымен оқытылатын тілде жүргізілуі тиіс. Ана тілінің элементтері тек түсіндірілмеген сөздерді немесе жедел ойды жеткізуде ғана қолданылуы мүмкін.

Білім алушыларды оқытатын тілде сөйлегені үшін материалдық сыйлықпен марапаттау ұсынылмайды. Себебі бұл олардың ішкі мотивациясын әлсіретеді. Ең басты марапат оқу материалын меңгеру және жаңа тілде еркін сөйлей алу қуанышы болу керек.

Кейбір жағдайларда көрнекілік кестелер, жұлдызшалар немесе жалпы мектептік «Айдың үздік білім алушысы» сияқты марапаттау жүйелері пайдаланылуы мүмкін. Бұл білім алушылардың жетістіктерін тануға және ынталандыруға ықпал етеді.

Балаларға қателесуден қорықпай, тілдік тәжірибе жасауға мүмкіндік беру маңызды. Сыныптағы микроклимат достық, қорғаныш және зорлық-зомбылықтан алыс болуы тиіс. Ережелерді бірлесіп талқылау және орындау, білім алушылардың өз мінез-құлқын сараптау, бұл психологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің негізгі жолдары.

Тілдік материалды ұсыну әдістері:

- педагог жай, анық және түсінікті сөйлеуі керек;
- грамматикалық тұрғыдан дұрыс сөйлемдер қолдану;
- тұжырымдарды бекіту үшін көрнекілік, ым-ишара пайдалану;
- жаңа сөздер мен сөйлемдер біртіндеп енгізіліп, бірнеше рет қайталанып, әртүрлі контексте қолдану.

Сабақтардың тақырыптары білім алушыларға жақын әрі қызықты болуы қажет. Алдымен отбасы, мектеп, қауымдастық сияқты таныс тақырыптар қамтылып, кейін музыка, спорт, табиғат пен мектептік іс-шараларға байланысты тақырыптар қосылады.

Білім алушыларға әртүрлі адамдардың оқытылатын тілде сөйлегенін есту қажет. Бұл үшін сыныпқа қонақ шақыру, экскурсия ұйымдастыру немесе жоғарғы сынып білім алушыларымен кездесулер өткізу ұсынылады.

Білім алушыларды мақсатты тілдегі радио, телебағдарламалар, интернет ресурстарын қолдануға бағыттау тиімді.

Жұптық және топтық жұмыстарды көбірек ұйымдастыру білім алушылардың тілдік белсенділігін арттырады.

Тілді үйренудегі басты фактор – балалардың өзара қарым-қатынасы. Қателерді уақыт өте келе түзетуге болады, бірақ бастысы білім алушылардың еркін сөйлесуге талпынысын қолдау. Білім алушылар үшін тілдік ойындар мен шығармашылық әрекеттерді қолдану олардың құзыреттілігін қалыптастыруда ерекше тиімді.

Жоғарғы сынып білім алушыларын оқыту барысында өзге пәндердегі сабақтарда тілдің дұрыс қолданылуына жеткілікті назар аударылмай қалу қаупі бар. Мысалы, математика немесе дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері білім алушының қате айтқанын түзетіп, дұрыс нұсқасын қайталап беруді ұмытпауы қажет.

Бағалаудың мазмұнын сипаттау бір немесе бірнеше тарауды қамтуы мүмкін. Төменде бағалау процесі мұғалімнің кәсіби көзқарасы тұрғысынан қарастырылады.

Бағалаудың мақсаты: білім алушылар тобының да, жеке білім алушының да қажеттіліктерін анықтауға және оқу бағдарламасын соған сәйкес жоспарлауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ бағалау білім алушының тілдік дағдылары мен өзге де пәндер бойынша білім деңгейін көрсетеді.

Бағалау нысандары

Мұғалім бағалау барысында келесі жұмыстарды қамтиды:

- күнделікті оқу әрекеттерін;
- ұзақ мерзімді білім алушы жұмысын;
- әр пән мазмұнын қамтитын тапсырмаларды;
- ауызша сөйлеуді және күнделікті қарым-қатынасты;
- әр пән бойынша жазбаша жұмыстарды;
- жеке, жұптық және топтық жұмыстарды;
- жоспарланған тапсырмаларды;
- күтпеген (спонтанды) тапсырмаларды;
- әлеуметтік және эмоционалдық дамуды;
- оқу жауапкершілігін, яғни жеке оқу дағдыларын қалыптастыруды;
- жалпы оқу процесін.

Осылайша бағалау білім алушы дамуының барлық қырларын қамтиды.

Бағалау уақыты

Бағалау келесі жағдайларда жүзеге асырылады:

- күнделікті оқу әрекеттерін бақылау барысында;
- әр тақырыптық бөлімнің соңында;
- белгіленген кезеңдерде, ведомостерді толтыру алдында;
- тестілеу кезінде;
- қажеттілігіне қарай кез келген уақытта.

Бағалау тәсілдері

Бағалау процесі:

- оқу бағдарламасының мақсаттарына сүйене отырып;
- күрделі тапсырмаларды орындау кезіндегі критерийлер негізінде;
- күнделікті сынып ішіндегі бақылау арқылы;
- әр білім алушы жөнінде жинақталған ақпарат негізінде;
- жеке оқу папкалары мен портфолиоға сүйене отырып;
- жиналған жұмыстарды талдау негізінде;
- баға немесе ұпай қою арқылы;
- бақылау тізімдерін пайдалану арқылы;
- көмекшілердің қолдауымен (мысалы, грамматикалық қателерді түзету, оқу дағдыларын жетілдіру);
- білім алушының өзін-өзі бағалау нәтижелері бойынша;

белгілі бір тақырыпқа арналған білім алушылар конференцияларына қатысу арқылы жүргізіледі.

Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, тілге ерте бойлата оқыту тәсілін тиімді ұйымдастыру білім алушылардың тілдік дағдыларын қалыптастыруға және дамытуға елеулі ықпал етеді. Мұнда басты назар тек тілдік білім беруге ғана емес, сонымен қатар білім алушының тұлғалық дамуына, әлеуметтік дағдыларына және оқу әрекетіне жауапкершілікпен қарауына аударылады.

Ерте жастан бастап тілдік ортаға бойлату білім алушының табиғи қабылдау қабілетін пайдаланып, тілді тез әрі нәтижелі меңгеруіне мүмкіндік береді. Сонымен қатар, халықаралық тәжірибеде ойын элементтері, практикалық әрекеттер, қысқа әрі мазмұнды сабақтар, ата-анамен өзара байланыс сияқты әдістердің маңызды рөл атқаратыны дәлелденген.

Бағалау жүйесі де тілге ерте бойлату процесінің ажырамас бөлігі болып табылады. Ол тек білім деңгейін айқындап қана қоймай, білім алушының тілдік дамуын, әлеуметтік дағдыларын және оқу жауапкершілігін кешенді түрде бақылауға мүмкіндік береді. Бағалау күнделікті оқыту барысында үздіксіз жүргізіледі және түрлі әдіс-тәсілдерді қамтиды.

Осылайша, халықаралық тәжірибе ерте кезеңнен бастап тілді үйретудің ғылыми тұрғыдан негізделген, жан-жақты әдістемелік тәсілдер арқылы жүзеге асырылуы білім алушылардың тілдік құзыреттілігін арттыруда тиімді нәтиже беретініне көз жеткізеді.

2 ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ ЕРТЕ БОЙЛАТУ БАҒДАРЛАМАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

Тілге бойлата оқыту білім алушылардың сыныпта қазақ тілін қолдану арқылы тиімді қарым-қатынас жасау, тілдік қабілеттерін дамыту, сондай-ақ ұлттық мәдениетті тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Бұл білім алушылардың тілдік қабілеттерін шыңдауға, олардың қазақ тілінде ойлау және сөйлеу дағдыларын дамытуға бағытталған. Сонымен қатар, білім алушылардың тілдік дағдыларын жетілдіруде маңызды рөл атқарады.

Мақсаты: қазақ тілінде білім алушылардың өз ойларын еркін, ауызша және жазбаша жеткізе алуын қамтамасыз ететін орта құру арқылы қазақ тілін меңгеру деңгейін жоғарылату және тілдік қабілеттерін дамыту.

Міндеттері:

- сөз, сөйлем, сөйлеу туралы қарапайым түсінікті қалыптастыру;
- сөйлеу әрекетінің түрлерін (айтылым, тыңдалым, оқылым, жазылым) дамыту;
- білім алушылардың сөздік қорын байыту;
- сөздің грамматикалық құрылысын меңгерте отырып, тілін дамыту және жетілдіру;
- тілдің қоғамдық мәнін түсінуге, қарым-қатынас жасау салалары мен түрлі жағдаяттарда өз ойларын сауатты және мәдениетті түрде жеткізе білуге дағдыландыру;
- құндылықтарды түрлі іс-әрекеттер негізінде білім алушылардың бойына сіңіру;
- білім алушылардың ана тіліне, Отанына, туған еліне, оның мәдениеті мен салт-дәстүріне деген сүйіспеншілігін арттыру арқылы рухани адамгершілік қасиеттерін дамыту;
- жеке тұлғалық әлеуеті мен қасиетін ашу;
- қарым-қатынас жасаудың түрлерін мақсатты түрде қолдануға, ойын жинақтауға, ауызша немесе жазбаша мәтіндерге сүйене отырып, өзіндік пайымдау жасауға үйрету.

Күтілетін нәтиже:

- сөйлеуде сөз мағынасының түрлерін (мәндес, қарама-қарсы) мағыналы сөздерді қолдана алады;
- сөйлеу әрекетінің түрлерін (айтылым, тыңдалым, оқылым, жазылым) іс-әрекетте қолдана алады;
- сөз мағынасының түрлерін сұрақ қою арқылы ажырата алады, қарым-қатынаста қолданады;
- сөздің грамматикалық құрылысын меңгереді;
- өз ойларын сауатты және мәдениетті түрде жеткізе біледі;
- білім алушылардың бойында құндылықтар мен рухани адамгершілік қасиеттері қалыптасады;
- тіл үйренуге деген ынталары артады;

- мұғалімнің көмегімен сөздіктерді қолдана алады;
 - сөз әдебін, тілдік және этикалық нормаларды біледі, қолданады;
 - түрлі жағдаяттағы әрекеттерде өз көзқарасын білдіреді, пікірталасқа қатысады;
 - тіл және сөйлеудің айырмашылығын түсінеді;
 - ойды жеткізудің ауызша және жазбаша түрлері болатынын біледі;
- жетелеуші сұрақтар арқылы диалогқа түсе алады.

Оқыту тілі ретінде қазақ тілін үйрету функционалдық сауаттылықты қалыптастыруға, сөйлеу әрекетінің барлық түрлерінің: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дамуын қамтамасыз етуге негізделген.

Білім алушыларды ойын және танымдық іс-әрекет арқылы тілді үйренуге деген қызығушылығы мен оң көзқарасын дамытуға, сондай-ақ ақпарат алмасу үшін бастапқы коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруға, нақты жағдайларда сөз тіркестері мен сөз орамдарын қолдану қабілетін дамытуға бағытталған.

Бағдарламаның мазмұны білім алушының туған тілін, Отанын, тарихын, ұлттық мәдениеті мен салт-дәстүрін сүю арқылы танымдық, шығармашылық, рухани-адамгершілік қасиеттерін дамытуды, тұлғалық қасиеттері мен әлеуетін ашу, сөйлеу белсенділігін, оқу мәдениетін дамытуға бағытталған коммуникативтік көзқарасты қалыптастыруды, әлемдік және отандық балалар әдебиетінің озық үлгілері арқылы адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеуді көздейді.

Қазақ тіліне бойлата оқытудың негізгі қағидалары:

- білім алушылардың барлығын және әрқайсысын дамытуға жағдай жасау;
- тілдік орта құру және оны тиімді пайдалану;
- «Бір педагог – бір тіл» қағидасын ұстану (тек қазақ тілін қолдану, аударма жасамау);
- педагогтың грамматикалық тұрғыдан жеңілдетілген дайын тіркестерді қолдануы және вербальды емес контекстпен байланысты сөздік қорды тірек етуі;
- тілді үйретуде күнделікті қалыпты жағдайларды қолдану;
- оқыту ортасын баланың жас ерекшелігіне бейімдеу;
- тілдік ойындар ойнату, түрлі белсенді әдіс-тәсілдер, қимыл-қозғалыстар мен ым-ишаралар арқылы түсінуді қамтамасыз ету, қолдау;
- ұлттық аспаптарда ойнаудың қарапайым түрлерін меңгеру арқылы тіл дамуына әсерін тигізетін ұсақ моториканы дамыту;
- қарапайымнан күрделіге бағыттау қағидасын сақтау, бірге қайталату;
- баланы тілді қолдануға ынталандыру, қызықтыру арқылы мазмұнды кеңейту;
- білім алушылардың сөйлеуде кеткен қателіктерін «қате» деп айтпай, оның сол қатені өзінің түзетуіне ықпал ету (педагог дұрыс сөйлеу үлгісін көрсетеді).

Зерттеудің әдіснамалық негізі болып шетелдік және отандық педагогиканың, психологияның және әлеуметтік теориялық тәсілдері мен ережелері; білім беруді демократияландыру, саралау идеялары, мәдени тәрбие; тұрақты даму мақсатында жалпыадамзаттық құндылықтар мен халықтың мәдени

мұрасы мен дәстүрлерімен таныстыру процесінде тұлғаның жан-жақты және үйлесімді, рухани дамуы туралы ғылыми педагогиканың мақсаты алынады. Тілге бойлата оқыту әдістемесі туралы шетелдік зерттеулермен қатар тіл үйретуге арналған отандық ғалымдардың және қазақ педагогикасы тарихында елеулі еңбектер қалдырған қазақ зиялыларының да еңбектері сараланды. Мәселен, Жүсіпбек Аймауытовтың «Психология», «Тәрбиеге жетекші», Мағжан Жұмабаевтың «Педагогика», «Бастауыш мектепте ана тілі», «Сауатты бол», Ахмет Байтұрсынұлының «Тіл құралы», «Әліпби», Тіл –жұмсар», Әлихан Бөкейханның «География», Қаныш Сәтбаевтың «Алгебра», Міржақып Дулатовтың «Есеп кітабы» және тағы да басқа тарихи құнды педагогикалық мұралардағы негізгі ойлар алынды. Мұхтар Әуезов кезінде Ахмет Байтұрсынұлының еңбегін бағалай келе: «Ахаң ашқан қазақ мектебінің» ұстанымы – қазақ баласын ана тілінде сауатын аштырып қана қоймай, оның әлеуметтік ортада ой-танымы мен талғамын қазақша қалыптастыру болған. Өйткені, сол тұстағы қазақ арасынан оқыған, сауатты жандардың басым көпшілігінің тілі не татарша, не орысша шыққаны және сол тілдермен ана тілін араластырып, «қойыртпақ тіл» жасағаны тарихтан белгілі. Сондықтан да Ахмет Байтұрсынұлы қазақ ұлтының табиғи қалпын сақтау мақсатында, кемшіліктерді болдыртпау үшін өзінің білім беру жүйесінде ана тілмен оқыту тәсілін ұстанды», – деп оқыту мәселесіне байланысты өз ойын білдірген.

Мағжан Жұмабаев баланы сөйлеуге үйрету туралы былай деп жазады: «Бала тілінің дұрыс дамуы үшін ең алдымен үлкендер оған сөзді бұрмалап, бұзып сөйлемейі керек. Сондай-ақ балаға өзі түсінбейтін, мағынасы беймәлім немесе қажетсіз бөгде сөздерді үйретуге болмайды. Екінші – баланы өзімен жасты балалармен бірге ойнауға жағдай жасау қажет. Баланың сөйлесуіне ешқашан тыйым салуға болмайды. Қателесіп сөйлесін, түсініксіз дыбыстар шығарсын – бәрібір сөйлей берсін. Ал баланың тілін шын мәнінде дұрыс бағыттайтын, дамытып, байытатын – мектеп», – деп нақтылайды.

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі уақытта қазақ тілін оқыту мәселесі өзекті проблемалардың бірі болғаны белгілі. Осы орайда қазақ тіліне толық бойлату әдістемесін елімізде алғаш бастап, эксперимент жүргізген ғалым Мақпал Жадринаның: «Заман талабына сай жас ұрпаққа білім берудегі келелі мәселенің бірі – тілді шынайы қарым-қатынас құралы ретінде үйрету. Өйткені жаңа парадигма аясындағы нәтижеге бағытталған білім моделінің басты кейіпкері білім алушының жан-жақты дамыған, бәсекеге қабілетті, рухани дүниесі бай тұлға болуы оның ана тілді ғана емес, сонымен қатар басқа да тілді толық меңгергеніне тікелей байланысты. Әр баланың тілді ана тілінің табиғи болмысына сай меңгеруі оның дүниетанымын, ой-өрісін дамытып, табиғат берген бейімділік пен қабілеттің көзін аша түсетіндігі көпшілікке мәлім. Ал екінші, үшінші тілді үйрену балаға қосымша жаңа мүмкіндіктер береді, оның білім мен білігі артады, мәдени деңгейі өседі», – деген түйінді пікірі де тілге бойлата оқыту әдіснамасына негіз болды.

Еліміздегі және шетелдік тәжірибені пайдалана отырып, жинау, талдау, зерделеу, салыстыру әдістері мен типтері (сипаттаушылық, корреляциялық және эксперименттік) пайдаланылады.

Жобаға қатысты негізгі ақпарат тілге бойлата оқыту әдістерін талдаған, сол әдістер бойынша жұмыс жүргізген шетелдік және отандық ғылыми еңбектерді жинап, саралау, олардың негізінде өз зерттеу мақсатымызға сай жаңа түйінді ойлар мен тұжырымдар жасау, теориялық және әдіснамалық база ретінде материалдарды жинау, талдау, қорытынды жасау тәсілдері қолданылады.

Осы тұрғыда, жаңа бағыттағы ғылыми ой-пікірлер мен жаһандану жағдайында тілге үйретуге байланысты тың көзқарастарды сипаттайтын еңбектер зерттеудің мазмұндық бағытын айқындауда басшылыққа алынады. Олар:

1) тілді білім алушылардың күнделікті тіршілігіне сай үйрету. Мектепке келгеннен бастап, үйлеріне кеткенге дейінгі аралықта қазақ тілді орта (қоңырау кезінде де, сыныпта да қазақ тілінде қозғалмалы ойындар, шаралар ұйымдастыру) құру. Білім алушымен мектеп ұжымы мүшелері тек қазақ тілінде қарым-қатынас жасайды (медициналық кабинетте, асханада, кітапханада т.б.);

2) кіріктірілген білім беру. Сыныпта пәндердің ортақ тақырыптары негізінде белгіленген лексиканы меңгереді;

3) бір педагог – бір тіл, яғни қазақ тіліне бойлата оқыту сыныбында жұмыс істейтін педагог орыс тілін білсе де білім алушылармен тек қазақ тілінде сөйлесуі керек. Мұғалім қазақ тілін жетік меңгеруі, орыс тілін жақсы түсінуі тиіс. Бұл тіл тұлға мен жағдайдың арасында байланыс туындауы үшін қажет. Білім алушы педагогтің сөйлеу тіліне еліктеп, сөйлесу дағдысы қалыптаса бастайды. Педагог білім алушыларға оқу материалдарын өзге тілге аудармайды. Шетелдік тәжірибе бойынша орфографиялық жаттығуларда ғана аударма жасауға болады;

4) қарапайымнан күрделіге қарай жүйелі түрде барлығын бірге қайталау әдісі тиімді нәтижеге жеткізеді. Сөздер мен сөйлемдерді қайталату тәсілі білім алушыларды қазақ тілді ортаға біртіндеп бойлатып, олардың есту қабілетін, дыбыстау машығын және сөздерді дұрыс айту дағдыларын дамытады;

5) білім алушылардың сөйлеу тілінде кеткен қателіктерді «қате» деп айтпау. Мұғалім сөйлемді басқаша айтып, дұрыс сөздің үлгісін көрсетуі керек. Түзетулер көп жасалса, баланың тіл үйренуге деген ықыласы бәсеңдеуі мүмкін. Бастысы білім алушы жалпы не туралы айтылғанын түсінсе болды, содан кейін мұғалім біртіндеп оның дұрыс сөйлеуін ұйымдастырады.

6) сөйлеудің формасы мен мазмұнының маңызы. Педагогтің білім алушылармен қарым-қатынасындағы сөйлеу формасы мен мазмұны маңызды рөл атқарады. Түсінікті әрі әсерлі тілдік орта қалыптастыру үшін педагог қол қимылдарын, ым-ишараны және көрнекі құралдарды тиімді қолдануы тиіс. Сонымен қатар, білім алушылардың жас ерекшеліктері мен тілдік деңгейін ескере отырып, бейімделген сөйлеу тілінің анық, баяу және грамматикалық тұрғыдан жеңілдетілген тілді қолдануы қажет.

7) тілді үйренуге мәжбүрлемей, ынталандыру. Білім алушыларды тіл үйренуге этнопедагогика принциптеріне негізделген әдістер арқылы

ынталандыру қажет. Бұл тұрғыда нейропедагогика тәсілдерін пайдалана отырып, қазақ тілін жеңіл жолмен меңгеруге жағдай жасау маңызды. Сонымен қатар, зерттеу және жобалау дағдыларын қалыптастыру, сахналық қойылымдар ұйымдастыру, ұлттық аспаптар оркестріне қатыстыру, ұлттық ойындар жарыстарын өткізу білім алушылардың толық қатысуын қамтамасыз етіп, қолдау мен мадақтау арқылы ынтасын арттырады.

Бұл тәсілдердің барлығы бастауыш сынып білім алушыларының күн тәртібіне табиғи түрде енгізіліп, қазақ тілін ортада үйренуін қамтамасыз етеді. Мектепте білім алушылар түске дейін жалпы бағдарлама бойынша білім алса, түстен кейін ұзартылған күн топтарында үй тапсырмаларын орындап, ойын арқылы және педагогтер ұйымдастырған әлеуметтік жағдаяттарда тілдік тәжірибелерін бекітеді. Осылайша қазақ тілінде сөйлейтін орта білім алушының күнделікті өміріне еніп, тілдік дағдыларды жүйелі түрде меңгеруіне мүмкіндік жасайды.

Қазақ тіліне бойлата оқыту процесі

Бастауыш сынып білім алушылары мектепте күні бойы болатындықтан, күн тәртібі толық қазақ тілінде ұйымдастырылады. Қазақ тіліне бойлата оқыту әдістемесімен оқыту үшін республика бойынша таңдалып алынған қазақ тілінде білім беретін мектептердің бастауыш сынып білім алушылары мен педагогтері, ата-аналары қатысады. Қазақ тілінде оқитын сыныптар түске дейінгі уақытта жалпы бағдарлама бойынша білім алады. Түстен кейінгі уақытта ұзартылған күн тобы ретінде үй тапсырмаларын орындап, ойын арқылы және педагогтер ұйымдастырған әлеуметтік жағдаяттарға байланысты тілді арнайы ортада меңгереді.

Сыныпта педагог білім алушыларға қолайлы орта жасайды, білім алушылар өздерін еркін сезінеді. Тілдік ортада визуалды және аудио құралдарды қолдану ақпаратты жылдам қабылдауына көмектеседі.

Басқа пәндерден сабақ беретін мұғалімдер бастауыш сынып мұғалімімен бірлесе ортақ тақырып бойынша жылдық, айлық және апталық оқу жоспарында меңгерілетін лексиканы белгілеп алуы тиісті.

Пән бойынша қажетті құрал-жабдықтар мен іс-әрекет суреттерінің атаулары қазақ тілінде жазылады. Үйренген жаңа сөздерді есте сақтауына, түсінуіне, сөздік қорына белсенді енгізуіне және өзара қарым-қатынас кезінде қолдануын қадағалайды, қате кеткен жерлерін сөйлесу арқылы түзетіп отырады.

Оқу жылының басында (қыркүйек) және соңында (мамыр айында) білім алушылардың қазақ тілінде сөйлеу деңгейлері анықталады. Ал әр аптаның соңында педагогтер білім алушылардың сөздік қорды меңгеру деңгейін өзара бірлесіп талқылайды.

Барлық мұғалімдер бақылау күнделігін жүргізеді. Бақылау күнделігіне жеке білім алушылардың немесе сыныптың тілді меңгеруде кездескен қиындықтары мен жетістіктері қысқаша жазылады. Пән мұғалімдері өзара нәтижені талдап, алдағы жұмыс жоспарын белгілегенде міндетті түрде бақылау нәтижелерін есепке алып жоспарлайды. Тілге бойлау қағидалары мен әдістерін

педагогтер қатаң ұстанады. Бұл жұмыс үлкен шыдамдылық пен балаға деген жылы шырай, сүйіспеншілік арқасында жүзеге асады. Сабақ барысы білім алушыға қызықты, тартымды болуы керек. Олардың ең басты жұмыс құралы – қазақ тілі. Қазақ тілінде білім алушылармен пікірлесіп, ойнап, тапсырмалар беріп, олардың орындалу барысын түсіндіріп, бағыттап, алынған нәтижелерді саралайды. Білім алушылардың тіл үйренуге ынтасын ояту педагогтерден асқан шеберлікті талап етеді.

«Тілге бойлата оқыту» бағдарламасын жүргізетін педагогтің кәсіби құзыреттілігіне қойылатын талаптар

«Тілге бойлата оқыту» бағдарламасын тиімді жүзеге асыру педагогтің кәсіби, тұлғалық және әдістемелік құзыреттілігіне тікелей байланысты. Мұндай педагог, ең алдымен, бастауыш сыныптарда жұмыс істеуге арналған жоғары педагогикалық білімі бар маман болуы тиіс. Сонымен қатар, қазақ тіліне бойлата оқыту бағдарламасы бойынша арнайы дайындықтан өтіп, осы әдістеменің мазмұны мен ерекшеліктерін жетік меңгеруі қажет.

Педагог қазақ тілін жоғары деңгейде меңгерген болуы тиіс, ал бұл тілдің ана тілі ретінде игерілуі – кәсіби артықшылық болып саналады. Ол тілдің табиғатын, құрылымын және сезімдік-эмоциялық реңкін терең түсініп қана қоймай, оны білім алушылардың жас ерекшелігіне сай, түсінікті әрі әсерлі түрде жеткізе алуы қажет. Мұндай маман оқыту процесінде сабырлы, эмоциялық тұрғыдан тұрақты, мейірімді, балалармен тез тіл табыса алатын және білім алушыларға шынайы жанашырлықпен қарайтын болуы маңызды.

Сабақ барысында білім алушылардың назарын аударып, қызығушылығын оята білу үшін педагогтің әртістік қабілеті де маңызды рөл атқарады. Ол ым-ишара, пантомима, мимика сияқты вербалды емес құралдарды еркін қолданып, сөйлеу мәнерін, дауыс ырғағын, дикциясын дұрыс пайдалана алуы тиіс. Сонымен бірге, мұғалім креативті ойлайтын, белсенді әрекетке бейім, тілдік материалды көрнекілікпен, ойынмен, шығармашылықпен ұштастыра білетін болуы қажет.

Педагог бастауыш білім берудің әдістемесін терең меңгеріп, білім алушылардың жас және жеке психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып жұмыс істейді. Ол білім алушының тіл үйренудегі жеке ерекшелігіне бейімделіп, қолдау көрсетіп, тілдік ортада өзін еркін сезінуіне жағдай жасай білуі тиіс. Сонымен қатар, педагог адамгершілік құндылықтарға берік, тілге жанашырлықпен қарайтын, оның мәдени-рухани маңызын білім алушыға жеткізе алатын тұлға болуы керек.

Қазіргі білім беру кеңістігінде педагогтің жаңа технологияларды еркін меңгеруі – заман талабы. Әсіресе, ойын, танымдық және шығармашылық іс-әрекеттерді ұйымдастырудың инновациялық тәсілдерін қолдану, түрлі цифрлық құралдарды, мультимедиялық ресурстарды және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды сабаққа енгізе білу аса маңызды. Бұл әдістер білім алушылардың оқу мотивациясын арттырып қана қоймай, олардың сыни ойлау, шығармашылықпен жұмыс істеу және дербес әрекет ету дағдыларын дамытуға

ықпал етеді.

Сонымен қатар, мұғалімнің кәсіби қызметінде ұстанатын қағидалары айқын болуы тиіс. Ол білім алушылармен шығармашылық бағытта жұмыс жүргізіп, олардың тілдік белсенділігін арттыратын тиімді әдістерді қолдануы қажет. Зерттеу және тәжірибелік тапсырмалар арқылы білім алушылардың тілге деген қызығушылығын дамытып, танымдық қабілеттерін жетілдіреді. Сондай-ақ педагог олардың эмоциялық сезімдерін, ішкі уәждерін және өз ойын еркін жеткізу дағдыларын қалыптастыра отырып, білім алушылардың әлеуметтік ортаға бейімделуіне ықпал етеді.

Осылайша, «Тілге бойлата оқыту» бағдарламасын жүргізетін педагог – жан-жақты дайындықтан өткен, тілге және балаға жанашырлықпен қарайтын, шығармашылыққа бейім, кәсіби және тұлғалық қабілеті жоғары маман болуы қажет.

Тілге бойлата оқыту педагогінің көмекшісі – білім алушылардың қазақ тілінде еркін сөйлеп, тілдік ортада белсенді болуына қолдау көрсететін маңызды тұлға. Ол білім алушылардың сөйлеу белсенділігін арттыруға, тілдік қарым-қатынасқа ынталандыруға көмектеседі. Көмекші педагог тарапынан берілетін тапсырмалар мен ойын түрлерінің мақсат-міндеттерін білім алушыларға түсінікті тілмен жеткізеді. Сонымен қатар білім алушылардың өз бетінше ойын мақсатын айқындап, сол ойын барысында белсенділік танытуына және жетекшілік рөлді атқаруына бағыт-бағдар береді.

Көмекші білім алушылардың қазақ тілінде еркін әрекет етуіне жағдай жасап, өз қатарларымен тілдесуіне, шығармашылық және белсенді ойындар ойнауына мүмкіндік туғызады. Ол білім алушылардың қарым-қатынас жасау, ынтымақтастық орнату барысында және күнделікті өмірлік жағдайларда алған білімдері мен дағдыларын қолдана білуіне көмектеседі. Осылайша, көмекші білім алушының тілдік ортада еркін бейімделіп, белсенді болуына жан-жақты қолдау көрсетеді.

Осы ретте көмекші білім алушылардың қазақ тіліндегі әрекеттерін қолдап отырса, педагог олардың тілдік дағдыларын жүйелі дамытуға бағытталған нақты міндеттерді орындайды.

Білім алушылардың тілін қалыптастырудағы педагогтің міндеттері:

- педагог әр тапсырманың барысын алдын ала ойластырады, жүргізілетін ретін нақты біледі;

- әр іс-әрекет білім алушының белсенді қатысуына мүмкіндік беретіндей етіп ұйымдастырылады;

- педагог іс-әрекетті алдымен өзі көрсетіп, әр әрекетін қазақ тілінде түсіндіреді, сөздерді анық әрі түсінікті айтады;

- тапсырмаларды ойын түрінде жүргізіп, тақпақтар мен ұйқастарды пайдаланады. Мысалы: «Су құйғышты аламыз, су толтырып құямыз», «Жаңбыр, жаңбыр, жау-жау»;

- күнделікті тақырыптарға қатысты негізгі сөздерді анықтап, оларды әртүрлі жағдаятта қолдануға үйретеді. Мысалы: құм - құрғақ, ұсақ, ірі, шашылады; су - мөлдір, таза, құйылады, төгіледі, сыңғырлайды және т.б.;

- білім алушыларды белсенділікке шақырады, мақтап, қолдап, ынталандырып отырады. Мысалы: «Сенің қолыңнан бәрі келеді», «Өзің жасап көр», «Жарайсың!»;

- педагог тілдік ортада өзін балалармен тең ұстауға тырысады, олардың қасында болып, әр әрекетке қатысады.

Тілді бойлата оқыту барысында педагог мынадай қағидаларды ұстанады:

- білім алушыларды өз ойын еркін жеткізуге және тілдік жағдаяттарға белсене қатысуға үйретеді;

- қазақ тілінде сөйлесуге ыңғайлы жағдай жасап, балаға қолдау көрсетеді;

- қате айтылған сөздерді түзету кезінде «қате» деп баса айтпай, дұрыс үлгісін көрсетуге мән береді;

- білім алушының бастамасын ынталандырып, ойларын еркін айтуына мүмкіндік береді;

- тілдік тапсырмаларды орындауда көмекші рөлін атқарып, қажет болғанда бағыт-бағдар береді;

- әр сабақта жағымды эмоционалды ахуал орнатып, білім алушының тіл үйренуге деген қызығушылығын арттыруды басты назарда ұстайды.

Педагог пен ата-аналардың бірлескен жұмысы

Баланың тілдік дамуына жағдай жасау мақсатында педагог пен ата-аналар арасында тұрақты ынтымақтастық орнатылады. Осы бірлескен жұмыс аясында педагог оқу мен ойын барысында қолданылатын тілдік дағдыларды, соның ішінде негізгі терминдерді, нұсқаулық сөз тіркестері мен күнделікті қарым-қатынасқа қажетті тірек сөздерді жинақтап, арнайы сөздік әзірлейді.

Сөздік мазмұны білім алушылармен белгілі бір кезеңде жүргізілетін тәжірибелік іс-әрекеттердің тақырыптарымен және мазмұнымен тығыз байланысты болады. Мұндай тәсіл ата-аналарға баланың күнделікті оқу-тәрбие процесіне қосылып, үй жағдайында да тілдік дағдыларын дамытуға белсенді түрде атсалысуына мүмкіндік береді.

Сөздікті және жұмыстың сипаттамасын ата-аналар күнделікті таныса алатындай түрде арнайы ақпараттық бұрыш ұйымдастыру ұсынылады. Бұл бұрышта келесі мәліметтер қамтылады:

- негізгі оқу және даму мақсаттары;

- қолданылатын терминдер мен тірек сөздер;

- үй жағдайында тәжірибені қайталап жасауға арналған нұсқаулықтар;

- балаға қолдау көрсету бойынша ата-аналарға арналған қысқаша кеңестер.

Мұндай ашық және жүйелі қарым-қатынас формасы ата-аналарды оқу процесіне тартуға, сонымен қатар білім алушының ана тіліндегі сөйлеу белсенділігі мен коммуникативтік дағдыларын жүйелі дамытуға жағдай жасайды. Сонымен бірге педагог ата-аналармен кері байланыс орнатып, олардың сабақ барысындағы байқаулары мен ұсыныстарын ескереді.

Білім алушыларға қазақ тілінде оқытылатын материалдың мазмұнын түсінуге көмектесу жолдары

Қазақ тілінде білім алатын білім алушылар үшін оқу материалының мазмұнын меңгеру барысында арнайы педагогикалық қолдау қажет. Оқу процесінің бастапқы кезеңінде білім алушылар өз ойын ана тілінде білдіреді, мұғалім сұрақ қойған кезде де жауаптарын ана тілінде беруге тырысады. Бұл кезеңде тілдік кедергіні жеңілдету үшін педагог тарапынан түсіністік пен қолдау маңызды.

Мұғалімдер оқытуда визуалды және интерактивті әдістерді кеңінен қолданады. Олар суреттер, бейнематериалдар, сызбалар мен нақты көрнекіліктер арқылы оқу материалының мазмұнын түсіндіреді. Сонымен қатар, мұғалімнің сөйлеу мәнері де білім алушының түсінуіне тікелей әсер етеді. Олар ым-ишара мен бет-әлпет мимикасын пайдалана отырып, сөз мағынасын нақтылайды және көңіл-күйлері арқылы мағынаны жеткізеді.

Мұғалімдердің сөйлеуі білім алушыларға түсінікті әрі қарапайым болуы тиіс. Бұл үшін олар жиі кездесетін, күнделікті өмірде қолданылатын сөздер мен сөз тіркестерін пайдаланады. Сөйлеу қарқыны баяу әрі анық болуы керек, себебі бұл білім алушыларға тыңдаған ақпаратты түсініп, қабылдауына мүмкіндік береді. Сонымен қатар, мұғалімдер жаңа сөздер мен тіркестерді қолдану үлгілерін көрсетіп, оларды әртүрлі өмірде қалай пайдалану керектігін мысалдар арқылы түсіндіреді.

Оқытудың бастапқы кезеңінде білім алушылардың тілдік сөздігі шектеулі болғандықтан, мұғалімдер күнделікті өмірде жиі қолданылатын (мысалы, амандасу, ауа райы туралы сұрақтар, апта күндері, туған күн жайлы) тіркестерге назар аударады. Мұндай мазмұн білім алушылардың күнделікті тәжірибесімен байланысты болғандықтан, оларды қабылдау да оңайырақ болады.

Сонымен қатар, мұғалімдер оқу барысын тек тілдік тапсырмалармен шектемей, қозғалысқа негізделген практикалық әрекеттер арқылы да ұйымдастырады. Әсіресе, дене шынықтыру жаттығулары, ойын түріндегі әрекеттер немесе тәжірибелік жұмыстар кезінде білім алушылар тілді белсендірек қолдануға бейімделеді. Мұндай тәсілдер тілдік қорды кеңейтіп қана қоймай, білім алушылардың тілдік ортада өзін еркін сезінуіне жағдай жасайды.

Отбасындағы қолдау тетіктері

Балаға қазақ тілін меңгеруде көмек көрсету отбасы тарапынан да белсенді қолдауды қажет етеді. Бұл ретте ең алдымен оқытылатын тілге деген қызығушылық пен жағымды қатынас қалыптастыру маңызды. Ата-аналар баламен күнделікті мектепте болып жатқан оқиғалар жөнінде әңгімелесе отырып, оған психологиялық қолдау көрсете алады. Бұл баланың талпынысына сенім білдіріп, оны ынталандырады.

Мектепте ұйымдастырылатын іс-шараларға (мысалы, отбасылық шығармашылық байқаулар, театрландырылған қойылымдар және т.б.) бірлесе қатысу да баланың тілдік ортаны жақсырақ сезінуіне мүмкіндік береді. Сонымен қатар ата-ананың баламен бірге мектепте және сабақтан тыс уақытта қазақ

тілінде өтетін түрлі іс-шараларға қатысуы баланың тілдік қарым-қатынас дағдысын дамытады.

Балаға қазақ тіліндегі телебағдарламаларды бірге көруге жағдай жасау, оның тілдік түсінігін кеңейтіп, есту арқылы тілді қабылдауын жақсартады. Сонымен қатар, отбасында ана тілін, ұлттық мәдениет пен дәстүрді сақтау және дамытуға жағдай жасалуы тиіс. Баланың ана тіліндегі сөздік қорын молайту үшін жүйелі түрде кітап оқу тәжірибесін қалыптастыру да маңызды. Мұның бәрі бала дамуының негізі ретінде оның дүниетанымын кеңейтіп, отбасындағы жалпы мәдени-тілдік ортаны байытады.

Тілді түсінуге қалай қол жеткізуге болады?

Негізді қалыптастыру әдістері

Өзара түсіністікке немесе «мағынаны түсінуге» сыныптағы күнделікті оқыту барысында вербальды және вербальды емес әдістерді қолдану арқылы қол жеткізуге болады. Бұл әдістер түсінуді жақсартады және білім алушыға ұзақ уақыт бойы тыңдауға және оқу процесіне белсенді қатысуға мүмкіндік береді. Вербальды емес қарым-қатынас әдістері тікелей (педагог мен білім алушы арасындағы өзара әрекеттесу) және жанама (сынып бөлмесі мен форматқа байланысты) болып бөлінеді және келесі элементтерді қамтиды:

- дене қимылы;
- мимика;
- ым-ишара мен белгілер;
- дауыс ырғағы мен интонациясы;
- көзбен байланыс және назар аудару;
- анық таңбаланған және көзге көрінетін материалдар;
- тақырыпқа байланысты иллюстрациялар мен заттар;
- әліпби және суреттермен безендірілген карточкалары;
- қолмен жұмыс істеуге арналған заттар.

Вербальды және вербальды емес әдістерді біріктіре отырып, тиімді оқу ортасын құруға болады. Түсінуді тереңдету үшін қолданылатын негізгі әдістер мыналар:

- баяу және анық (интонациямен) сөйлеу;
- білім алушылардың білім деңгейіне сәйкес келетін сөздік қорды пайдалану;
- қысқа сөздер, сөз тіркестері, нұсқаулар қолдану;
- жаңа сөздерді заттар мен көрнекі құралдар арқылы алдын ала таныстыру;
- диалогтардың түсінікті және нақты болуын қамтамасыз ету үшін оларды қайта құрастыру;
- сөз тіркестері мен сөздерді қайталау;
- оқыту әдістерін әртараптандыру мақсатында бейне, теледидар және компьютерлік бағдарламаларды пайдалану;
- таныс тақырыптар бойынша диалогтар құрастыру (сабақ кестесі, күнтізбе, ауа райы, санау, әліпби);
- қажетті сөзді табуға немесе бір нәрсені қайталауға мүмкіндік беру;

- таныс әндер мен рифмаларды қолдану.

Бұл әдістер оқылым мен жазылым дағдыларын дамыту және жетілдіруге қажетті ауызша сөздік қорды байыта отырып, қарым-қатынасты жетілдіруге арналған оқу іс-әрекетін қамтамасыз етеді.

Тіл дамуының кідірісін жеңу

Педагогтерді алаңдататын мәселелердің бірі – білім алушылардың тіл дамуының кідіріс кезеңі. Бұл әдетте бағдарлама бойынша екі немесе үш жыл оқығаннан кейін байқалады, педагог білім алушының тілдік дамуы тоқтағанын және өткен жылдардағы қателердің сақталып қалғанын көреді. Тіл дамуының кідірісінің негізгі себептері әртүрлі және күрделі болуы мүмкін:

- қазақ тілін оқуға бөлінетін уақыттың азаюы;
- оқулықтар мен оқу құралдарының өзгеріссіз қалуы;
- сыныптан тыс уақытта басқа тілде қарым-қатынас жасауы;
- тілдің тек бір ортада қолданылуы;
- басқа тілдің қазақ тілінде сөйлеуге кедергі келтіруі;
- жетістіктердің байқалмауы немесе марапатталмауы.

Тіл дамуының кідірісі себептерінің кейбірін жою мүмкін болса, кейбірін жою мүмкін емес. Бұл кезеңді жеңу үшін пассивті және белсенді оқыту тактикаларын қолдану. Педагогтер вербальды және вербальды емес әдістерді пайдаланып, білім алушылардың мотивациясын өзгерістерін бақылап, кері байланыс беру маңызды.

Қателерді түзету

Кез келген тіл үйрету бағдарламасының басты мақсаттарының бірі білім алушыны түсінікті әрі дұрыс сөйлей білуге үйрету болып табылады. Бұл ретте туындайтын маңызды сұрақтар:

- қателерді қашан түзету керек?
- қаншалықты түзету қажет?
- қателерді түзетуде асыра сілтеу мүмкіндігін қалай анықтауға болады?
- тіл үйрену сабақтарында қателерді қалай түзету керек?

Егер білім алушылардың қарым-қатынас әдістеріне назар аударатын болсақ, түзету үшін қандай деңгейде мүмкіндік берілетіні туралы негізгі контекст анық болады. Тілді үйренушілер де қарым-қатынаста өздерінің шағын сарапшыларына айналып, ойларын жеткізу үшін әртүрлі әдістерді қолданады. Мысалы:

- сөйлем барысында қолданылатын кейбір сөз тіркестері («сен білесің бе, мұндай нәрсе бар...» және т.б.);
- дыбыс, қимыл және ым-ишараларды пайдалану;
- заттар мен сөздерді атамай, сипаттау;
- мағынаны нақтылау үшін әртүрлі сөйлемдер құрастыру;
- сілтеме жасау (нысан, иллюстрация және т.б.);
- қажетті сөзді іздеу («Бұл қалай айтылады?...»);
- аударманы қолдану;
- сөздерді суреттеу.

Тіл үйренудің бастапқы кезеңінде қарапайым әдістер білім алушының сөздік қоры жеткіліксіз болғандықтан немесе қажетті сөзді бірден еске түсіре алмайтындықтан қарым-қатынас жасауға мүмкіндік береді. Тілді үйренушілер осы әдістерді тіл үйренудің бастапқы кезеңінде немесе жаңа әрі күрделі ұғымдарды меңгеру кезінде, сондай-ақ сөзді іздеу, әңгімені тоқтату мүмкін кезде қолданады. Әдетте мұғалімдер білім алушыларға мұндай көмекші әдістерді жиі қолдануға кеңес бермейді, себебі олар оқу процесіне кедергі келтіріп, оның тиімділігін төмендетуі мүмкін.

Сондықтан қателерді қашан түзету керек? сұрағы қалады. Қателерді түзетуге қатысты екі негізгі бағыт бар:

Бірінші бағыт білім алушылар жасаған қателерді дереу түзету, себебі қателер жадыға терең сіңіп кетсе, оларды жою әлдеқайда қиын болады.

Екінші бағыт қателерге және оларды түзетуге төзіммен қарау. Қателер тіл үйренудің қалыпты бөлігі болып табылады және оқыту процесінің жүріп жатқанын көрсетеді. Білім алушылар сөйлеу кезінде қателесуі қалыпты жағдай, тіпті ол қазақ тілінде таза сөйлейтіндер арасында де кездеседі. Қателер әдетте білім алушылардың бірі-бірімен қарым-қатынасқа түскен кезде пайда болады. Тілді үйрену барысында назар мазмұнға, яғни сөйлеудің мағынасына бағытталған кезде, грамматикалық дәлдікке қарағанда, білім алушының сенімі мен өзін-өзі бағалауы артады.

Назар аудару қажет факторлар

Тіл үйрету барысында білім алушының сөйлеуіндегі қателерге қандай жағдайда, қалайша назар аудару қажеттігі педагогтің кәсіби шешім қабылдауын талап ететін маңызды мәселе. Бұл шешімді қабылдауда, ең алдымен, қатенің сөйлеу мазмұнына, қарым-қатынас процесіне қаншалықты әсер ететінін анықтау маңызды.

Егер жіберілген қате ақпараттың мәнін бұрмалап, ойды жеткізуді қиындататын болса немесе тыңдаушыға сөйленген сөзді түсінуге айтарлықтай кедергі келтірсе, мұндай жағдайда қатені бірден түзету қажет. Себебі бұндай қателер тілдік өзара әрекеттесудің тиімділігін төмендетіп, қарым-қатынас процесінің үзілуіне әкелуі мүмкін.

Ал егер қате білім алушының ойын түсінуге елеулі түрде кедергі келтірмесе және тілдік қатынас шынайы әрі үзілмей жалғасып жатса, мұндай жағдайда қатені бірден түзетудің қажеті жоқ. Мұндай кезде педагог білім алушыны тоқтатпай, сөйлеуіне мүмкіндік береді және қате болған тұстарды іштей белгілеп отырады. Одан кейінгі кезеңде, әңгіме процесі аяқталған соң немесе арнайы уақыт бөліп, сол қатені түзетіп, дұрыс тілдік үлгіні ұсынады.

Бұл тәсіл білім алушының сөйлеуге деген сенімділігін арттыруға және тіл үйрену барысында өз ойын еркін жеткізуіне ықпал етеді. Сонымен қатар, қатеге деген мұндай икемді және сараланған көзқарас тілдік құзыреттілікті қалыптастыруда педагогтің оқыту стилі мен тактикасын тиімді үйлестіруіне мүмкіндік береді.

Шамадан тыс түзету

Қателерді шамадан тыс немесе тым жиі түзету білім алушының қазақ тілінде сөйлеуін деген ынтасын жоюы мүмкін, нәтижесінде ол қазақ тілінде сөйлеуден қашқақтайтын болады. Сөйлеу барысында жіберілетін көптеген қателер тәжірибе барысында, үнемі оқу және айналасындағылармен қарым-қатынас жасау барысында түзеледі. Жіберілген қателерді түзету барысында білім алушының жасын, эмоционалдық дамуын, тіл үйрену қабілетін, сөздік қорының деңгейін және мақсатын ескеру өте маңызды. Мысалы, білім алушылар пікірталасқа белсенді қатысып жатқан кезде қателерді жиі түзету әңгіме барысын бұзуы немесе олардың ой еркіндігін шектеуі мүмкін, ал қателерді әдеттегі сабақ барысында түзету білім алушыға көмегін тигізіп, әрі қарай үйренуіне жетелейді. Қалыпты оқу процесінде білім алушы қателерді түзетуді жеңіл (оңай) қабылдайды.

«Тілге бойлау» жобасын жүзеге асыруды ұйымдастыру жұмыстары бойынша нұсқаулықтар

Оқу атмосферасы

Сабақтағы жалпы атмосфера мен жағдайлар қателерді түзету процесінде маңызды қосымша факторлар болып табылады. Қолдаушы және ынталандыратын орта қалыптастыру, бірлескен және топтық жұмысты ұйымдастыру білім алушылардың тәуекелге баруына, сондай-ақ екінші тілде еркін сөйлеуіне ынталандырады. Мұндай жағдайда білім алушылар бір-біріне тілдік қолдау көрсетіп, ақпаратпен еркін алмаса алады.

Тілді бойлата оқытудағы мұғалімнің рөлі

Өз бетімен және шығармашылық тұрғыда тіл қолдану тілді бойлата оқыту бағдарламасының басты мақсаты болып табылады. Осыған орай уақыт өте келе мұғалімнің рөлі мен қателерді түзету тәсілдері де өзгереді. Бастапқы кезеңде мұғалім білім алушыларға үлгі болып, олардың қателерін түзетуде жетекші рөл атқарады. Ал біртіндеп білім алушылар өз ойларын еркін жеткізе бастайды және сөздік қорының артуына байланысты әртүрлі тілдік стратегияларды қолдана алады.

Қателерді түзету барысында мұғалімнің ұстанымдары

Білім алушыларды қателерін түзетуге үйрету және осы процеске жауапкершілікпен қарауға баулу үшін мұғалім мына қағидаларды ұстануы қажет:

- тілді дұрыс жеткізуге үйрету;
- бір уақытта тек бір қателікке назар аудару;
- жиі кездесетін қателіктерді түзетуге мән беру;
- түсінуге кедергі келтіретін қателіктерді түзету;
- білім алушыларды өз қателерін түзетуге және сөйлеуін бақылауға бағыттау;
- сөздер мен сөйлемдер құрауды талап ету;
- сабақ, ойын және талқылаулардың өзара байланысын жоспарлау;

- әртүрлі тілдік құрылымдарды жинақтап, жүйелеу үшін кестелер қолдану;
- білім алушылардың даму қарқынын ескеріп, түсініктемелер мен нұсқаулар беру;
- сөздерді дұрыс қолдануды бағалау.

Жоспарлау

Жоспарлау – өте күрделі процесс. Ең алдымен мақсатты (оқу нәтижелерін) анықтап, жетістікке қалай қол жеткізуге болатынын, әртүрлі тақырыптарды оқуға қанша уақыт бөлінетінін, қажетті оқу материалдарын және ата-аналармен қалай қарым-қатынас жасалатынын шешу қажет.

1. Жобаның күтілетін нәтижелермен / мақсаттармен танысу. Жоспарлаудың негізі мұғалім түсініп, қабылдаған күтілетін нәтижелер болып табылады. Мұғалім өз сыныбының оқу бағдарламасын, білім алушылардың осы бағдарлама бойынша қандай дағдыларды, білімдерді және қабілеттерді игеруі тиіс екенін білуі қажет. Оқу нәтижелерін жоспарлау дұрыс бағытта болуға көмектеседі. Білім алушылар нені үйренуі керек екендігімен танысу біраз уақытты алады, ал тұтас бағдарламаны жасау одан да көп уақытты талап етеді. Әр сабақта тіл меңгеру мен пән мазмұнын меңгеру мақсаттары бар екенін ескере отырып, мұғалім сыныптың бүкіл жұмысы жоспарланғанға дейін тіл үйренуге қатысты күтілетін нәтижелерді жақсы білуі керек. Оқу басында қойылған күтілетін нәтижелер негізінен оқылым, жазылым, ауызша және визуалды қарым-қатынасқа бағытталған.

Мысалы: Оқылым мақсаты: білім алушылардың мәтіндерді түсіну, ақпарат алу, сөздік қорын толықтыру дағдыларын дамыту.

- балаларға арналған қысқа әңгімелерді оқу (мысалы, «Айгүлдің мысығы» атты шағын мәтіннен мысықтың қандай екенін түсіну).

- өлең оқу арқылы негізгі сөздерді есте сақтау («Күн шықты, аспан ашық» деген қарапайым жолдарды түсіну).

- ақпарат алу мақсатында суретті кітапты оқу (мысалы, табиғат туралы шағын мәтінді оқып, жыл мезгілдерін ажырата білу).

Жазылым мақсаты: білім алушылардың өз ойын жазбаша қарапайым түрде жеткізе білуін қалыптастыру.

- өзін таныстыруға арналған қысқа мәтін жазу («Менің атым – Айгерім. Мен 3-сыныпта оқимын. Үйде анам, әкем, інім бар»).

- аптаның күндері мен сабақ кестесін жазу («Дүйсенбі: қазақ тілі, математика, сурет»).

- қысқа хат немесе құттықтау жазу («Анама: Ана күні құтты болсын!»).

- сурет бойынша 2–3 сөйлем жазу («Суретте алма бар. Алма қызыл. Мен алма жеймін»).

Ауызша және визуалды қарым-қатынас. Мақсаты: қарапайым сөздер мен сөз тіркестерін пайдаланып, таныс тақырыптарда сөйлесу, пікір алмасу, визуалды материалдарды қолдана білу.

- өз отбасы туралы айту («Бұл – менің әжем. Әжем тәтті бауырсақ пісіреді»).

- «Дүкенде» сюжеттік ойыны («– Сәлеметсіз бе? Нан қанша тұрады? – 150 теңге»).

- сыныптағы заттарды атап шығу («Бұл – тақта, бұл – парта, бұл – кітап»).

- суретте берілген жыл мезгілін сипаттау («Бұл – қыс. Қар жауады. Балалар шана тебеді»).

- қарапайым сұрақтарға жауап беру («Сенің атың кім? – Менің атым Айдос»; «Қазір қай мезгіл? – Жаз»).

Жоспарлау тіл үйренуге қойылған күтілетін нәтижелерге және тілді үйренудегі жетістікті бағалау үшін басқа пәндер бойынша қойылатын талаптарға негізделеді. Сәтті бағдарламалар батыл және қол жетімді мақсаттар қояды.

2. Жоспарлауды оқу жылы басталғанға дейін аяқтау орынды. Мұғалім оқу жылы басталғанға дейін жылдық, тоқсандық және күнтізбелік-тақырыптық жоспарларын әзірлеп, бекітуден өткізуі тиіс. Бұл педагогтің оқу процесін жүйелі ұйымдастыруына, мақсатты түрде нәтижеге жетуіне мүмкіндік береді.

Жоспардың алдын ала дайындалуы мұғалімнің уақытын үнемдеп, сабаққа тиімді дайындалуға жағдай жасайды. Оқу жылы басталған соң мұғалімдердің жүктемесі артып, жоспарлауға уақыт азаяды. Сондықтан оқу мақсаттарын, пән мазмұнын және тілдік дағдыларды дамытуға қатысты міндеттерді алдын ала айқындап алу маңызды.

Жоспарлар мектеп әкімшілігімен келісіліп, әдістемелік бірлестікте қаралады. Әрбір сыныптағы оқыту мазмұны мен мақсаттарымен мектеп басшылығы танысып отырады. Жоспарлардың электрондық және баспа нұсқалары мектептің әдістемелік қорында сақталуы қажет.

Ата-аналар да оқу жылының мақсаттарымен және сыныпта жүргізілетін негізгі бағыттармен танысуға құқылы. Бұл олардың балаларды қолдауына және педагогпен тығыз байланыста болуына жағдай жасайды. Мұғалімнің жоспарлы жұмысын ата-аналар мен әкімшілік біле отырып, білім алушылардың табысты оқуына үлес қосады.

3. Жылдық, айлық, апталық және күнделікті жоспар құрудың қажеттілігі. Білім беру жүйесінде бұл процесс ұзақ мерзімді жоспар (ҰМЖ), орта мерзімді жоспар (ОМЖ) және қысқа мерзімді жоспарға (ҚМЖ) сәйкес жүзеге асады.

(Қайда) Мұғалім қайда барғысы келетінін, яғни оқу жылының соңына дейін қандай нәтижеге қол жеткізуді мақсат ететінін анық білуі қажет. Әйтпесе, оқыту барысында бағыттан ауытқып кету қаупі туындайды.

(Неге) ҰМЖ аясында оқу нәтижелерін жыл бойы тақырыптар мен бөлімдер бойынша таратып жоспарлау маңызды. Бұл әр тақырыпқа қанша уақыт бөлінетінін және оқу мақсаттарына қалай жетуге болатынын анықтауға көмектеседі.

ОМЖ және ҚМЖ құру барысында мұғалім қажетті материалдарды, әдістемелік ресурстарды және басқа да мамандардың (мысалы, музыка немесе дене шынықтыру мұғалімдерінің) қолдауын алдын ала айқындайды.

Күнделікті сабақ жоспарларын (ҚМЖ) бір жылға алдын ала жасау мүмкін емес. Сондықтан апталық немесе жаңа тақырып бойынша жоспар құру кезінде

мұғалім жасалған жұмыстарды саралап, жалпы жоспарды ескеріп отырады. Осылайша, күнделікті сабақтарды жоспарлау жеңілдейді және қол жеткізу керек мақсаттарға назар аудару оңайырақ болады.

4. *Білім беру жүйесінде мерекелік күндерді, қайталау мен бекіту сабақтарын, жеке жұмысты және күтпеген жағдайларды алдын ала жоспарлау маңызды.* Бұл білім алушыларға оқу процесін жүйелі жалғастыруға және қызығушылықтарына сай еркін уақыт бөлуге мүмкіндік береді.

5. *Пәнаралық байланыстарды пайдаланудың мүмкіндіктері.* Тілдік бағдарлама бойынша білім алушылар тілді үйренуге қызығушылық танытып, мазмұнның мәнін түсінуге ұмтылады. Сондықтан ортақ тақырыптар аясында оқу пәндерінің өзара байланысын орнату білім алушылардың қызығушылығын сақтауға, сөздік қорын байытуға және оқылатын материалды терең түсінуге көмектеседі.

Егер пәндер жеке қарастырылса, мұғалім уақыт тапшылығы салдарынан оқу бағдарламасының талаптарын толық орындауда қиындықтарға тап болуы мүмкін. Ал әр пәннің бағдарламалық талаптарын ескере отырып, пәнаралық байланысты пайдалану оқыту уақытын үнемдейді әрі оқу мазмұнын тиімді меңгеруге жол ашады.

Мысалы: дүниетану оқу пәні бойынша сөздік қорды тіл үйрету барысында қолдануға болады. Бұл білім алушыларға терминдерді дұрыс меңгеруге, оларды ауызша және жазбаша сөйлеуде қолдануға мүмкіндік береді.

Математика сабақтарында кестелер мен графиктерді құрастыруды тіл үйренумен байланыстыруға болады (мысалы, «кесте құру», «салыстыру», «үлкейту», «азайту» сияқты сөздерді қолдану).

Музыка сабағында дүниетану тақырыбымен үйлесетін әндерді таңдау білім алушылардың есте сақтау қабілетін арттырады әрі тілдік дағдыларын дамытады.

Сонымен қатар, мұғалімдер пәнаралық байланыс арқылы жаңа идеялар әзірлеп, білім алушыларды жеке тәжірибені пайдалануға, жазба жұмыстарын жүргізуге, зерттеу және шығармашылық тапсырмалар орындауға ынталандыра алады.

6. *Білім алушыларды және олардың ата-аналарын өз жоспарларыңызбен және күтілетін нәтижелермен таныстыру.* Мектеп тәжірибесінде әр сабақтың басында мұғалім сабақ мақсаттарын (немесе тақтаға жазады) хабарлайды. Бұл білім алушылардың нені үйренетінін түсінуге және өз жұмыстарын бақылауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар тоқсандық және ұзақ мерзімді күтілетін нәтижелерді ата-аналар мен білім алушылар электронды күнделік (Kundelik.kz) арқылы көре алады. Кейбір мұғалімдер әр жаңа тақырыпқа байланысты күтілетін нәтижелерді дәптерге немесе оқу папкасына жаздырып қоюға болады.

Үй тапсырмасы берілген кезде тапсырманың сипаттамасы, мақсаты және күтілетін нәтижесі міндетті түрде түсіндіріледі. Сабақ барысында мұғалім білім алушыларды жоспарға қайта сілтеме жасап, олардың өз оқуына жауапкершілікпен қарауын қадағалайды. Осылайша, білім алушылар өз оқуына

жауапты екенін түсінеді, ал ата-аналар мен мектеп әкімшілігі оқу процесін қолдауға белсенді қатыса алады.

7. Балалардың сабақта назар аудару қабілетін ескеру. Күнделікті сабақтар мен сыныптағы іс-шараларды жоспарлау барысында білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес назар аудару уақыты ескерілуі тиіс. Әдетте, 6 жасар балалар мұғалімнің жетекшілігімен орта есеппен 10–20 минут, ал өз бетінше жұмыс істегенде 20–25 минут бойы назарын шоғырландыра алады. Ал 7 жасар балалар мұғалім басшылығымен 15–25 минутқа дейін сабаққа зейін қояды.

Күрделі немесе көлемді тапсырмаларды бірден орындау қиындық тудыруы мүмкін. Сондықтан мұндай жұмыстарды бірнеше күнге бөліп беру тиімді. Әр күн сайын білім алушыға тапсырманың белгілі бір бөлігін орындауға мүмкіндік жасалғаны жөн.

Ойын және белсенді әрекет те назарды тұрақтандыруға ықпал етеді. Белгілі бір мақсатқа арналған ойындарға кемінде 30 минут бөлу ұсынылады. Ал бір әрекеттен екіншісіне ауысу кезінде балаларға қысқа уақыт еркін әңгімеге мүмкіндік беру маңызды. Бұл олардың келесі тапсырмаға тезірек бейімделуіне көмектеседі.

Ең бастысы әрбір бала берілген тапсырманың мәнін толық түсініп үлгеруі үшін жеткілікті уақытқа ие болуы қажет.

8. Білім алушылардың күшті жақтарын пайдалану және әлсіз тұстарын дамыту. Оқыту процесінде білім алушылардың күшті жақтарын пайдалану, сол арқылы олардың өзіне сенімін арттыру және оқу әрекетінен қуаныш сезінуіне мүмкіндік беру маңызды. Алайда тек күшті жақтарға ғана сүйеніп қалмай, әлсіз тұстарын дамытуға да назар аудару қажет. Бұл жұмыс бүкіл сыныппен де, жекелеген білім алушылармен де жүйелі түрде жүргізілуі тиіс.

Мұғалім білім алушыларды жұптық жұмысқа бөлгенде олардың бір-бірін толықтырып, өзара қолдау көрсету мүмкіндіктерін ескеруі маңызды. Мұндай тәсіл мұғалімге жұмысын тиімді ұйымдастыруға жағдай жасайды, ал білім алушылар үшін әлсіз тұстарын дамытуға қосымша мүмкіндік береді.

Сонымен бірге, балалардың көмек сұрау барысында ұялу сезімін болдырмау қажет. Бұл үшін сыныптағы үздік білім алушыларды үлгі ретінде мақтап, барлық білім алушыларға кімнен көмек сұрауға болатынын көрсету тиімді. Мұғалім әр білім алушыны қолдау мен мадақтаудың жолын таба білуі керек, өйткені әр бала мақтауға лайық жетістікке жете алады.

9. Жоспарларды орындауда икемді болудың қажеттілігі. Сабақ жоспарлау барысында ең басты назарда білім алушылар тұруы тиіс. Жоспарды олардың жеке ерекшеліктеріне, оқу қарқынына және қажеттіліктеріне сәйкестендіру үшін өзгерістер енгізу қажеттілігі жиі туындайды. Әр мұғалім тәжірибесінде жоспардың дәлме-дәл жүзеге аспай қалған жағдайларды басынан өткерген. Дегенмен, керісінше, күтпеген сәтте қарапайым көрінетін әрекеттің өзі білім алушылардың ерекше қызығушылығын оятып, олардың белсенді әрі қуана-қуана тапсырманы орындауына жол ашатыны да кездеседі.

Жетістікке жетудің бір кілті мұғалімнің осындай мүмкіндіктерді байқап, білім алушылардың пікірлеріне дер кезінде жауап бере білуінде. Бағдарламаға

бағыт беретін мұғалім емес, ең алдымен, білім алушылар екенін ұмытпаған жөн. Олардың ұсыныстары мен қызығушылықтары нақты жас ерекшеліктерін, даму кезеңдерін және оқу жылының белгілі бір уақытындағы қажеттіліктерін түсінуде маңызды рөл атқарады.

Сондықтан мұғалім өз күтуіне реалистік тұрғыдан қарап, күн сайын білім алушылардан алатын маңызды ақпаратты барынша тиімді пайдалана білуі керек. Бұл тәсіл білім алушылардың қажеттіліктеріне сәйкес келетін икемді әрі нәтижелі оқу процесін қамтамасыз етеді.

10. Өз жоспарларыңызға жиі сілтеме жасау қажеттілігі. Әр жаңа тақырып басталғанда мұғалім өз жоспарына және күтілетін нәтижелерге жүйелі түрде оралып отырғаны дұрыс. Жоспарға түзетулер енгізу қажет болуы мүмкін, алайда негізгі мақсаттар өзгеріссіз қалады. Уақытты дұрыс ескеріп, ортақ тақырыптар жоспарланған мерзімде аяқтауға мүмкіндік беретін жағдайда, сабақтар мен қосымша әрекеттерді көбірек жоспарлау ұсынылады. Бұл материалдың жетіспеушілігін болдырмайды және оқу процесін икемді жүргізуге жағдай жасайды.

Сабақ барысында пәнаралық байланыстарды қолдану уақытты үнемдеп қана қоймай, білім алушылардың тапсырмаларды орындауын жеңілдетеді. Жоспарлау мұғалімнің іс-әрекетін дұрыс бағыттап, білім беру бағдарламасының күтілетін нәтижелеріне жетуге көмектеседі.

Сондай-ақ, білім алушылар мұғалімнің жоспарлары мен күтілетін нәтижелерін білгені маңызды. Ол үшін жоспарды сыныптағы көрнекі стендке іліп қоюға және сабақ кезінде оған үнемі сілтеме жасауға болады. Бұл тәсіл білім алушылардың оқу мақсатын түсінуіне және өз оқуына жауапкершілікпен қарауына ықпал етеді.

11. Жоспарларды, тақырыптық блоктарды және оқуды қолдайтын материалдарды сақтау және ұйымдастыру жүйесін әзірлеу қажеттілігі. Мектептерде мұғалімнің жұмысын жеңілдету үшін жоспарлар мен материалдарды тиімді ұйымдастыру ерекше маңызды. Оқу жылы барысында жиналған құжаттар мен ресурстардың көлемі артып отыратындықтан, жүйелілікке мән берген жөн.

Ұйымдастыруға арналған ұсыныстар:

1) электрондық жүйелерді пайдалану

- Kundelik.kz – сабақ жоспарлары, күнделікті тапсырмалар мен білім алушылардың жетістіктерін енгізуге арналған негізгі платформа.

- Google Drive немесе OneDrive – жоспарларды, қосымша материалдарды және презентацияларды бұлтта сақтау арқылы құжаттардың жоғалу қаупін азайтады. Әр тақырыпқа жеке папка ашып қою ұсынылады.

- Флешка/жеке компьютер – интернетке тәуелсіз жұмыс істеу үшін материалдардың көшірмесін флешкада немесе компьютерде сақтау қажет.

2) қағаз түріндегі ұйымдастыру

- әр пән бойынша жеке папкалар дайындап, оларды түрлі түстермен белгілеу ыңғайлы (мысалы, математика – көк, қазақ тілі – жасыл, дүниетану – сары).

- үлкен көлемдегі материалдарды сақтау үшін арнайы жәшіктер немесе құжат қаптамаларын қолдану тиімді.

3) мектепшілік тәжірибе алмасу

- пән мұғалімдері ортақ ресурстық папка немесе Google Drive ортақ папкасын жасап, сабақ жоспарлары мен материалдарымен алмаса алады.

- әдістемелік бірлестік отырыстарында дайын материалдарды бір-біріне ұсынып, тәжірибе таратуға болады.

4) қайта қолдану мүмкіндігі

- өткен оқу жылындағы жақсы дайындалған сабақ жоспарларын, көрнекіліктерді және тәжірибелік материалдарды келесі жылы қайта қолдануға немесе жаңартып бейімдеуге болады. Мысалы, 2-сыныпта қолданылған дүниетану тәжірибесін 3-сыныпта кеңейтілген түрде пайдалануға болады.

Материалдарды жүйелі сақтау мен ұйымдастыру мұғалімнің уақытын үнемдеп қана қоймай, оқыту сапасын арттырады. Электрондық платформаларды (Kundelik.kz, Google Drive) қағаз түріндегі ұйымдастыру жүйесімен ұштастыра қолдану ең тиімді шешім болып табылады.

Ресурстар және материалдар

1. Жоспарларды және материалдарды әріптестер арасында бөлісу желісін құру. Жоспарлау мен сабаққа дайындық барысында мұғалім үшін сенімді ресурстар мен материалдар жүйесін құру маңызды. Бұл ең алдымен әріптестер арасындағы ынтымақтастыққа байланысты. Жаңа ортақ тақырыптарды бірлесіп жоспарлау мұғалімге жеңілдік береді, уақытты үнемдейді және сапалы нәтиже алуға көмектеседі. Тәжірибелі ұстаз әріптесінің жоспарын қарап, назар аударылмаған мәселелерді ескертіп, сабаққа дейін туындауы мүмкін қиындықтардың алдын алуға кеңес береді. Мұғалімдер бір-бірімен материалдарын бөлісіп, ортақ жұмыс жасағанда кәсіби қолдау алады және жаңа идеялармен бөліседі. Бұл жұмыс жүйелі түрде (аптасына, екі аптада немесе айына бір рет кездесіп, нақты уақытты белгілеу нәтижені арттырады) ұйымдастырылуы керек. Сондай-ақ, алдын ала кім қандай материал дайындайтынын бөліп алу да тиімділік береді.

2. Мұғалімдерге көмекші мамандармен кеңесу мүмкіндігі де үлкен қолдау көрсетеді. Мектеп кітапханашысы немесе оқу ісінің меңгерушісі, әдіскер т.б. қажетті ақпаратты ұсына алады, ал жергілікті басқару органдары тағайындаған кеңесшілер туындаған мәселелерді шешуге көмектеседі. Әдістемелік кабинеттер мен түрлі ұйымдардың ресурстары мұғалім көмек бола алады.

3. Қазіргі таңда *ақпараттық-коммуникативтік технологиялар мен жасанды интеллект мүмкіндіктерін қолдану* ерекше маңызға ие. Бұл құралдар мұғалімге қажетті деректерді табуға, сабақ жоспарын жетілдіруге, дайын үлгілер алуға және жаңа идеяларды енгізуге мүмкіндік береді. Әсіресе тілдік орта бағдарламасын қолдауда АКТ ресурстары маңызды рөл атқарады.

Білім алушылар мен мұғалімнің өзі дайындаған материалдарды пайдалану да оқу процесін тиімді етеді. Мұғалім әзірлеген көрнекі құралдар мен тапсырмалар сынып деңгейіне нақты сәйкес келеді. Ал білім алушылардың өз

қолымен жасаған қолжазба кітаптары, суреттері мен кестелері сабақтың мазмұнын байытып қана қоймай, балалардың мақтаныш сезімін оятады. Мұндай еңбектерді сынып кітапханасында сақтап, оқу барысында тұрақты қолдануға болады.

Осылайша, ресурстарды ұйымдастыру мен материалдарды тиімді пайдалану мұғалімнің кәсіби жұмысына қолдау көрсетіп қана қоймай, білім алушылардың қызығушылығын арттырады, оқыту процесін жеңілдетеді және нәтижелі етеді.

Сыныптағы микроклимат

Сыныптағы қолайлы микроклимат білім алушылардың өзін еркін, қауіпсіз және сенімді сезінуіне тікелей әсер етеді. Әсіресе, тіл үйрену барысында немесе олар үшін маңызды тақырыптарды талқылау кезінде білім алушылар қателесуден қорықпай, еркін тәжірибе жасауға мүмкіндік алуы тиіс. Бұл үшін мұғалім сабақта әрі психологиялық, әрі физикалық тұрғыдан жайлы орта құруы қажет.

Алдымен мұғалімнің өз сөзі мен әрекеті үлкен рөл атқарады. Байсалды да анық сөйлеу, сабырлы қарым-қатынас пен шиеленіссіз орта білім алушыларға сенімділік береді. Мұғалімнің үлгісі білім алушылардың өзара қарым-қатынас жасауына әсер етіп, оларды сыйластыққа, сыпайылыққа және жауапкершілікке баулиды.

Сыныптағы тәртіп пен күнделікті іс-әрекеттердің жүйелі болуы балалардың еркін сезінуіне жағдай жасайды. Олар алда не күтіп тұрғанын білгенде, назарын оқу жұмысына жақсырақ шоғырландырады. Ал талаптардың бірізділігі мен қайталануы оқу процесін жеңілдетіп, табысқа жетуді жылдамдатады.

Мұғалім әрбір білім алушының батылдығын бағалап, қателесуге мүмкіндік беруі маңызды. Тіл үйренуде кез келген талпыныс мадақтауға тұрарлық. Осылайша білім алушыларда өзін еркін сезіну, өз пікірін ашық айтуға үйрену және қажетті сөздік қорды игеру мүмкіндігі артады.

Жаңа немесе күрделі ақпарат ойын арқылы, қызықты әрі тартымды формада берілсе, білім алушылардың ынтасы артып, оқу процесі жеңіл қабылданады. Бастысы дәл қазіргі сәтте тапсырманың қызық болуы. Бұл жағдайда тіл үйрену табиғи әрі тиімді жүреді.

Сонымен қатар, мұғалім білім алушылардың назарын қанша уақыт ұстай алатынын бақылап, тапсырмаларды соған сәйкес жоспарлауы тиіс. Зейін төмендеген сәттерде оқу әрекетін түрлендіріп, белсенділікке мүмкіндік беру қажет.

Сыныптағы әрбір баланың өзін маңызды сезінуі де өте қажет. Мұғалім әр білім алушыға назар аударып, оның үлесін атап өтіп отырғаны дұрыс. Бұл үшін кезектесіп топ басшысы болу, сыныптық міндеттерді бөлісу, топтық жұмыстарды ұйымдастыру сияқты тәсілдер қолданылады. Осындай ұжымдық жұмыс барысында балалар бір-бірін қолдауды, құрметтеуді және жауапкершілікті сезінуді үйренеді.

Сыныптастарының күшті жақтарын көруді және қажет болған жағдайда кеңес беруді үйрету де маңызды. Бұл білім алушылардың дербестігін арттырады және мұғалімнің жұмысын жеңілдетеді. Сонымен бірге білім алушылардың туған күндері мен жетістіктерін атап өту сыныпты біріктіріп, жағымды эмоционалдық атмосфера қалыптастырады.

Соңғысы білім алушылардың еңбегін көрмеге қою. Сынып қабырғасында олардың шығармашылық жұмыстары ілініп тұрса, олар өз жетістігіне мақтанады, ал бұл жаңа ынталандыру көзіне айналады.

Осылайша, сыныптағы микроклимат жай ғана қосымша жағдай емес, ол оқу процесінің табыстылығын айқындайтын басты факторлардың бірі. Мұғалімнің әрбір әрекеті мен қарым-қатынасы осы атмосфераны қалыптастыруда шешуші рөл атқарады.

Тілді меңгеру бағдарламасының ерекшеліктері

Тілді меңгеру процесі білім алушы үшін тек білім алу емес, сонымен бірге психологиялық және әлеуметтік бейімделудің күрделі кезеңі болып табылады. Сондықтан тілдік бағдарлама арнайы ерекшеліктерді ескере отырып ұйымдастырылуы тиіс.

Ең алдымен, білім алушылардың психикалық және физикалық денсаулығы үшін қауіпсіз орта жасалуы қажет. Әрбір бала қателесуден қорықпай, тілде тәжірибе жасауға еркін болуы керек. Сыныпта ешкімді мазақтау, қорлау болмауы тиіс, ал туындаған мәселелер талқылау арқылы шешіледі. Мұндай микроклимат білім алушылардың сенімділігін арттырады.

Мұғалімнің сөйлеу мәдениеті де ерекше рөл атқарады. Жаңа сөздер мен сөйлем үлгілері түсінікті, анық жеткізілуі тиіс. Сабақта тым күрделі сөйлемдерді қолданудан гөрі, білім алушының деңгейінен сәл жоғары деңгейде сөйлеу тиімді, өйткені бұл олардың қызығушылығын сақтайды және тілді меңгеруге ынталандырады.

Тілді бекіту үшін визуалды құралдар, мимика мен ишараттарды пайдалану қажет. Алдымен сөздердің мағынасын тыңдау мүмкіндігі беріліп, кейін сурет немесе қимыл арқылы ой нақты көрнекілендіріледі. Бұл тәсіл білім алушылардың ойлауын мақсатты тілде қалыптастыруға көмектеседі.

Қайталау – тіл үйренудің басты тетігі. Алғашқы кезеңдерде мұғалім негізгі ақпарат көзі болса, уақыт өте келе білім алушылар өздігінен дауыстап айтуға, ойларын еркін жеткізуге дағдыланады. Күнделікті әрекеттердің қайталануы тілдік дағдыларды табиғи түрде дамытады.

Оқыту процесі әрдайым мағыналы болуы шарт. Тіл үйрену тек оқулықтағы тақырыптармен шектелмей, білім алушының күнделікті өмірімен, отбасымен, мектебімен, қоғамымен байланысты болуы тиіс. Кейіннен музыка, спорт, экология сияқты кең ауқымды тақырыптар қосылады. Осылайша білім алушылар жаңа тілді өз тәжірибесі арқылы меңгереді.

Бағдарламада тілдің түрлі қолданылу үлгілерін көрсету маңызды. Сабақта қонақтар шақыру, экскурсиялар ұйымдастыру, жоғары сынып білім алушыларын

тарту, радиобағдарламалар мен телехабарларды тыңдау, интернет арқылы тілдік қарым-қатынас орнату арқылы тілдік тәжірибені байытуға болады.

Тілді белсенді қолдану мүмкіндіктерін жасау да аса қажет. Топтық және жұптық жұмыс, проблемалық тапсырмаларды бірге шешу білім алушылардың бірлескен жұмыс дағдыларын дамытады және өз ойын дауыстап айтуға үйретеді.

Дауыстап оқу тілді меңгерудің тиімді құралы болып саналады. Бастауыш сынып білім алушылары мәтінді жаттап алып оқи алады, ал орта білім алушылар топпен бірге оқып, бір-бірінің айтылуын түзетеді. Мұғалім күн сайын дауыстап оқып беру арқылы білім алушылардың тілдік қабылдауын дамытады және сөздік қорын кеңейтеді.

Жазуға дайындық та біртіндеп жүзеге асады: алдымен сөздерді көшіру, бос орындарды толтыру сияқты жеңіл тапсырмалар беріледі. Кейінірек білім алушылар күнделік, хат, әңгіме, эссе жазуға машықтанады.

Тілді меңгеру бағдарламасы оның мәртебесін көтеруді де көздеуі тиіс. Бұл үшін мектеп әкімшілігі, барлық мұғалімдер тілдік бағдарламаны қолдайтынын көрсетіп, тілдің қоғамдағы және мәдениеттегі орны туралы айтып отыруы қажет. Тіл мұғалімдері өз әріптестерімен тығыз байланыста болып, мектеп өміріне толыққанды араласқаны жөн.

Сонымен қатар, мұғалім тіл үйренудің кезеңдерін түсініп, әр сатыдағы қиындықтарға шыдамдылықпен қарауы тиіс. Бастапқыда білім алушылар тек тыңдап, жеке сөздермен шектелсе, уақыт өте келе күрделі сөйлемдер құрап, еркін сөйлей бастайды. Мұғалім осы дамудың табиғи барысына сеніп, білім алушыға қолдау көрсетуі қажет.

Бағалау жүйесі де кешенді болуы шарт. Ол күнделікті бақылауды, ұзақ мерзімді жобаларды, жазбаша және ауызша жұмыстарды, жеке және топтық тапсырмаларды қамтиды. Бағалау тек білім деңгейін ғана емес, білім алушының әлеуметтік-эмоциялық дамуын, жауапкершілігін және оқу дағдыларын да ескеруі тиіс.

Тілді меңгеру бағдарламасының ерекшелігі оның білім алушы үшін мағыналы, қызықты және қауіпсіз болуы. Оқыту барысында тілді өмірлік жағдайлармен байланыстыру, белсенді қолдану мүмкіндіктерін жасау, әр білім алушыны қолдау бағдарламаның басты қағидаттары болып табылады.

1-сынып білім алушыларына арналған тәжірибе-ойындар үлгілері (әдістемелік кеңестермен)

Білім алушылар табиғатынан зерттеушілер, олар бақылағанды, тәжірибе жүргізгенді жақсы көреді. Мектеп жасында тәжірибе жасау қоршаған ортаны танудың негізгі әдістерінің бірі болып табылады және білім алушыларды тәжірибе жүргізуге дайындауға көмектеседі. Тәжірибе жүргізу барысында білім алушылар үлкендермен бірлесіп, өздерінің алғашқы жаңалықтарын ашады, логикалық ойлауды, салыстыруды, талдауды, жіктеуді, түйін жасауды үйренеді.

Іс-әрекеттің бұл түрі «Тілге бойлата оқыту» топтарында аса маңызды, себебі зерттеу жұмыстары барысында білім алушылардың сөздік қорлары байып,

тілдері қалыптасады, олардың танымдық белсенділіктері, байқампаздықтары, шығармашылық қабілеттері мен қиялдары дамиды.

Тілге бойлау бағдарламасының мақсаттарына сәйкес, тәжірибе-ойындардың мақсаты:

1. Білім алушыларға қоршаған ортаны өз бетінше тануға мүмкіндік беру.

2. Аналитикалық ойлауды, жады мен зейінін дамыту.

3. Сөздік қорды байыту, зерттеулер жүргізу арқылы білім алушылардың қазақ тілін игеру мүмкіндіктерін арттыру.

Танымдық-зерттеу әрекеттері барысында сөйлеу белсенділігін дамыту

Зерттеулер жүргізу барысында тілдік ортаға енгізудің пәндік-дамытушы ортасы жасалады. Олар - шағын зертханалар, «серуен-зертханалары», табиғат құбылыстарымен тәжірибелер, ойындар ұйымдастыру. Солардың көмегімен сөйлеу тілінің диалогы, сөйлеу-суреттеу, уәждеу, тұжырым жасау сияқты қазақ тілінде сөйлеу дағдылары қалыптасады.

**Бастауыш білім беру деңгейінің 1--сыныбына арналған
«Тілге бойлата оқыту» бағдарламасының күнтізбелік тақырыптық
жоспар үлгісі**

№	Бөлім тақырыбы	Сабақ тақырыбы	Оқу мақсаттары
1	1. Өзім туралы	Мен оқушымын	1.1.1.1 мұғалімнің көмегімен тыңдалған мәтін бойынша сұрақтарға жауап беру; 1.1.2.4 мәтін мазмұны бойынша кейіпкерге қатысты суретті таңдау
2		Мен әдепті баламын	1.1.1.3 күнделікті өмірде (танысу, сәлемдесу, қоштасу) ауызекі сөйлеу үлгілерін қолдану
3		Менің сүйікті ісім	1.1.2.6 оқылған мәтін мазмұны бойынша сұрақтар құрастыру; 1.1.3.5 жазба жұмысындағы қателерді мұғалімнің көмегімен түзету
4	2. Менің мектебім	Мектептегі бір күнім	1.1.1.4 сурет бойынша сипаттау мәтінін құрастыру; 1.1.3.4 жаңа сөздерді суретпен, әрекетпен немесе мысалмен байланыстырып, жаза отырып есте сақтау
5		Мұғалім мен оқушы	1.1.1.2 мұғалімнің көмегімен сөздер мен сөйлемдердің мағынасын түсіну; 1.1.2.4 мәтін мазмұны бойынша кейіпкерге қатысты суретті таңдау
6		Мектеп ережелері	1.1.1.5 мәтінді түсіну, оны суретпен сәйкестендіру; 1.1.2.3 оқыған мәтіннің мазмұнын түсіну, сұрақтарға жауап беру
7		Менің достарым мен сыныптастарым	1.1.1.3 күнделікті өмірде (танысу, сәлемдесу, қоштасу) ауызекі сөйлеу үлгілерін қолдану; 1.1.3.7 тірек сөздер арқылы құттықтау жазу

8	3. Менің отбасым және достарым	Менің отбасым	1.1.1.3 күнделікті өмірде (танысу, сәлемдесу, қоштасу) ауызекі сөйлеу үлгілерін қолдану; 1.1.3.7 тірек сөздер арқылы құттықтау жазу
9		Отбасы мүшелерін сипаттаймын	1.1.1.4 сурет бойынша сипаттау мәтінін құрастыру; 1.1.2.1 оқу түрлерін (буындап, тұтас) қолдану
10		Отбасындағы орным	1.1.1.2 мұғалімнің көмегімен сөздер мен сөйлемдердің мағынасын түсіну
11		Менің атам мен әжем	1.1.1.6 тыңдалған сөйлемдерді дұрыс қайталау және мәтін мазмұнына сәйкес ретін сақтап орналастыру; 1.1.3.7 тірек сөздер арқылы құттықтау жазу
12	4. Бізді қоршаған орта	Табиғат деген не?	1.1.1.5 мәтінді түсіну, оны суретпен сәйкестендіру; 1.1.2.6 оқылған мәтін мазмұны бойынша сұрақтар құрастыру
13		Жер - ортақ үйіміз	1.1.1.1 мұғалімнің көмегімен тыңдалған мәтін бойынша сұрақтарға жауап беру; 1.1.2.5 мәтіннің жанрын (санамақ, тақпақ, жаңылтпаш, жұмбақ, ертегі) ажырату
14		Жануарлар әлемі	1.1.1.6 тыңдалған сөйлемдерді дұрыс қайталау және мәтін мазмұнына сәйкес ретін сақтап орналастыру; 1.1.3.4 жаңа сөздерді суретпен, әрекетпен немесе мысалмен байланыстырып, жаза отырып есте сақтау
15		Құстарды қорғайық	1.1.1.5 мәтінді түсіну, оны суретпен сәйкестендіру; 1.1.2.3 оқыған мәтіннің мазмұнын түсіну, сұрақтарға жауап беру
16		Менің сүйікті жануарларым	1.1.1.4 сурет бойынша сипаттау мәтінін құрастыру; 1.1.2.4 мәтін мазмұны бойынша кейіпкерге қатысты суретті таңдау
17	5. Менің Отаным	Отан деген не?	1.1.2.2 берілген сурет бойынша мәтіннің тақырыбын анықтау; 1.1.3.5 жазба жұмысындағы қателерді мұғалімнің көмегімен түзету
18		Менің Отаным - Қазақстан	1.1.1.5 мәтінді түсіну, оны суретпен сәйкестендіру; 1.1.2.6 оқылған мәтін мазмұны бойынша сұрақтар құрастыру
19		Менің туған жерім	1.1.2.2 берілген сурет бойынша мәтіннің тақырыбын анықтау; 1.1.3.1 сурет бойынша 2-3 сөзден тұратын сөйлемдер құрастырып жазу
20		Қазақстанның астанасы	1.1.1.6 тыңдалған сөйлемдерді дұрыс қайталау және мәтін мазмұнына сәйкес ретін сақтап орналастыру;

			1.1.3.2 сөздерді және сөйлемдерді үлгі бойынша қатесіз көшіріп жазу
21		Біздің ту мен елтаңба	1.1.2.5 мәтіннің жанрын (санамақ, тақпақ, жаңылтпаш, жұмбақ, ертегі) ажырату
22	6. «Бабамнан қалған бай мұра»	Қазақ халқының салт-дәстүрлері	1.1.1.3 күнделікті өмірде (танысу, сәлемдесу, қоштасу) ауызекі сөйлеу үлгілерін қолдану; 1.1.2.4 мәтін мазмұны бойынша кейіпкерге қатысты суретті таңдау
23		Бата беру – жақсы тілек	1.1.1.5 мәтінді түсіну, оны суретпен сәйкестендіру; 1.1.2.5 мәтіннің жанрын (санамақ, тақпақ, жаңылтпаш, жұмбақ, ертегі) ажырату
24		Қазақ халқының ұлттық ойындары	1.1.1.6 тыңдалған сөйлемдерді дұрыс қайталау және мәтін мазмұнына сәйкес ретін сақтап орналастыру
25		Ертегілер әлемі	1.1.1.4 сурет бойынша сипаттау мәтінін құрастыру; 1.1.3.6 сөйлемдегі сөздердің дұрыс орналасуын сақтап, сөйлем құрап жазу
26		Наурыз – көктем мерекесі	1.1.2.2 берілген сурет бойынша мәтіннің тақырыбын анықтау; 1.1.3.3 суреттегі кейіпкердің әрекетін, көңіл күйін 1-2 сөйлеммен сипаттап жазу
27	7. «Тағам мен сусын – өмір нәрі»	Дұрыс тамақтанудың маңызы	1.1.1.2 мұғалімнің көмегімен сөздер мен сөйлемдердің мағынасын түсіну; 1.1.2.4 мәтін мазмұны бойынша кейіпкерге қатысты суретті таңдау
28		Менің сүйікті тағамым	1.1.2.1 оқу түрлерін (буындап, тұтас) қолдану; 1.1.3.1 сурет бойынша 2-3 сөзден тұратын сөйлемдер құрастырып жазу
29		Су – ең пайдалы сусын	1.1.1.1 мұғалімнің көмегімен тыңдалған мәтін бойынша сұрақтарға жауап беру
30	8. Дені саудың – жаны сау	Денсаулық деген не?	1.1.1.6 тыңдалған сөйлемдерді дұрыс қайталау және мәтін мазмұнына сәйкес ретін сақтап орналастыру; 1.1.3.6 сөйлемдегі сөздердің дұрыс орналасуын сақтап, сөйлем құрап жазу
31		Гигиена – денсаулықтың алғашқы қадамы	1.1.1.5 мәтінді түсіну, оны суретпен сәйкестендіру
32		Ұйқының маңызы	1.1.1.2 мұғалімнің көмегімен сөздер мен сөйлемдердің мағынасын түсіну
33		Жақсы көңіл-күй мен денсаулық	1.1.1.6 тыңдалған сөйлемдерді дұрыс қайталау және мәтін мазмұнына сәйкес ретін сақтап орналастыру; 1.1.2.1 оқу түрлерін (буындап, тұтас) қолдану

Тақырыптық жоспарлау кезінде бөлімдер мұғалім жоспарлаған тақырыптарға байланысты ауысуы мүмкін. Бөлімдер мен тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу, оқу пәндерін таңдау мұғалімнің еркіне қалдырылады.

№	Сабақ тақырыбы	Оқу мақсаттары	Ұсынылатын жұмыс түрлері	Әдіс-тәсілдер	Мұғалімге арналған ұсынымдар
1	Мен оқушымын	1.1.1.1 мұғалімнің көмегімен тыңдалған мәтін бойынша сұрақтарға жауап беру; 1.1.2.4 мәтін мазмұны бойынша кейіпкерге қатысты суретті таңдау	танысу диалогтары, суретпен жұмыс	«Ыстық орындық», «Сурет пен сөйлемді сәйкестендір»	Білім алушыларға танысу үлгілерін айтуға мүмкіндік беру Сурет арқылы негізгі ойды анықтауға бағыт беру
2	Мен әдепті баламын	1.1.1.3 күнделікті өмірде (танысу, сәлемдесу, қоштасу) ауызекі сөйлеу үлгілерін қолдану	Тыңдалым жаттығулары, сөйлемдер құрастыру	«Тыңда да, белгіле», «Сөйлемді аяқта»	Әдепті сөздерге байланысты мәтін тыңдатып, 2–3 сөзден сөйлем құрату
3	Менің сүйікті ісім	1.1.2.6 оқылған мәтін мазмұны бойынша сұрақтар құрастыру; 1.1.3.5 жазба жұмысындағы қателерді мұғалімнің көмегімен түзету	Қайталау, сөздерді буындап оқу	«Эхо әдісі», «Буындарға бөлу»	Мәтінді буындап оқу, сүйікті істерін атауға түрткі болу
4	Мектептегі бір күнім	1.1.1.4 сурет бойынша сипаттау мәтінін құрастыру; 1.1.3.4 жаңа сөздерді суретпен, әрекетпен	Суретке сипаттама беру, үлгі бойынша жазу	«Суретті сөйлет», «Көшіріп жаз»	Сурет арқылы сөйлем құрату Жазу кезінде көлбеу, таза жазуға көңіл бөлу

		немесе мысалмен байланыстырып, жаза отырып есте сақтау			
5	Мұғалім мен оқушы	1.1.1.2 мұғалімнің көмегімен сөздер мен сөйлемдердің мағынасын түсіну; 1.1.2.4 мәтін мазмұны бойынша кейіпкерге қатысты суретті таңдау	Сұрақ-жауап, дыбыстық талдау	«Сұрақ қой – жауап бер», «Сөз құрамы»	Тыңдалған мәтіннен негізгі ақпаратты табуға бағыттау
23		Қазақтың салт-дәстүрлері	3.1.1.4 жоспар мен тірек сөзді анықтау, әңгімелеу мәтінін құрастыру; 3.1.3.4 жазба жұмысындағы грамматикалық, орфографиялық қателерді мұғалімнің нұсқауы	Сұрақ-жауап, мәтіннен ақпарат алу	Дәстүрлер суреттері, мәтін

			бойынша өз бетімен түзету		
24		Қазақтың ұлттық аспаптары	3.1.1.5 аудио /бейнежазба мазмұнына өз пікірін білдіру; 3.1.3.5 жазба жұмысындағы құрылымдық қателерді мұғалімнің нұсқауы бойынша өз бетімен түзету	Тірек сөздер бойынша әңгіме құру	Аспаптар туралы мәтін, иллюстрациялар
25		Ертегі – ұлттық мұра	3.1.1.6 тыңдалған мәтін кейіпкерлері мен бөлім ретін анықтау; 3.1.2.3 мәтіндегі кейіпкерлердің іс-әрекетін сипаттау	Жазбаша жұмыс, мәтін талдау	Ертегілер, суреттер
26		Бата – жақсы тілек	3.1.1.5 аудио / бейнежазба мазмұнына өз пікірін білдіру	Пікір айту, тілдік нормаларға сай сөйлеу	Баталар мәтіні, аудио жазбалар
27	Тағам мен сусын	Таңғы астың пайдасы	3.1.1.2 сурет / диаграмма бойынша мазмұнды болжау; 3.1.3.4 жазба жұмысындағы грамматикалық, орфографиялық қателерді мұғалімнің нұсқауы бойынша өз бетімен түзету	Тыңдалым, сұрақ-жауап	Тағам суреттері, мәтін
28		Дастарқан ажары – бауырсақ	3.1.1.3 сөйлеу мәдениетін сақтап, диалогқа қатысу;	Әңгіме құру, тірек сөздер	Ұлттық тағам суреттері, мәтін

			3.1.3.4 жазба жұмысындағы грамматикалық, орфографиялық қателерді мұғалімнің нұсқауы бойынша өз бетімен түзету		
29		Пайдалы және зиянды сусындар	3.1.1.2 сурет / диаграмма бойынша мазмұнды болжау; 3.1.3.7 өмірбаян, хабарландыру жазу	Сөздік жұмыс, диалог	Сусындар суреттері, мәтін
30		Қымыздың емдік қасиеті	3.1.1.1 тыңдалған мәтіннің негізгі ойын анықтау	Жазбаша жұмыс, мәтін талдау	Қымыз туралы мәтін, сурет
31	Дені саудың жаны сау	Денсаулық – зор байлық	3.1.2.4 мәтіндегі жаңа сөздерді анықтап, оларға мағыналас сөздерді таңдай алу; 3.1.2.5 ұқсас мәтіндерді жанр, стиль тұрғысынан ажырату	Сұрақ-жауап, мәтін тыңдалым	Денсаулық туралы мәтін, суреттер
32		Спорт түрлері	3.1.1.5 аудио / бейнежазба мазмұнына өз пікірін білдіру; 3.1.3.7 өмірбаян, хабарландыру жазу	Әңгіме құру, сөздік жұмыс	Спорт түрлері суреттері, мәтін
33		Дәрумендердің пайдасы	3.1.1.1 тыңдалған мәтіннің негізгі ойын анықтау; 3.1.2.4 мәтіндегі жаңа сөздерді анықтап, оларға мағыналас сөздерді таңдай алу	Коммуникативтік жаттығу	Дәрумендер туралы суреттер, мәтін

34	Салауатты өмір салтын сақтайық!	3.1.1.5 аудио / бейнежазба мазмұнына өз пікірін білдіру; 3.1.3.5 жазба жұмысындағы құрылымдық қателерді мұғалімнің нұсқауы бойынша өз бетімен түзету	Жазбаша жұмыс, топтық пікірталас	Салауатты өмір туралы мәтін, иллюстрациялар
----	---------------------------------	---	----------------------------------	---

3-сынып білім алушыларының қазақ тілінде сөйлеу және түсіну деңгейін көтеруге бағытталған лексикалық минимум күнделікті өмірде жиі қолданылатын сөздер мен сөз тіркестерін қамтиды. Бұл сөздік қор арқылы білім алушылар:

- тілдік дағдыларын дамытады;
- жағдаяттық диалог құра алады;
- ұлттық мәдени мұра мен дәстүрлерді танып, сүйуге тәрбиеленеді.

3-сынып үшін лексикалық минимум тақырыптық бөлімдерге бөлінеді және әр бөлімге қатысты сөздерден тұрады:

Бөлім	Қатысты сөздер мысалы
Мен және өзім туралы	Туған күнім, мінез, сипат, бой, сырт келбет, мекенжай, сүйікті іс, пән, сөмке, спортзал, ата-ана, сыйластық, бірге, ойын, қонақ
Ауа райы және табиғат	Ауа райы, күн, қар, жаңбыр, бұлт, орман, өзен, көл, тау, шөп, қорғау, тазалық, табиғатты сүю
Саяхат және қауіпсіздік	Мұражай, ескерткіш, қонақ үй, билет, чемодан, жолсерік, карта, бағыт, қауіпсіздік, ереже
Ұлттық мәдениет және әдебиет	Ұлттық, жыр, жаңылтпаш, мақал-мәтел, ұрпақ, мирас, киіз үй, домбыра, шапан, кешкі ас, ұлттық тағам
Тағам және денсаулық	Жеміс, көкөніс, дәмді, пайдалы, сүт, шәй, қымыз, су, салауатты өмір, дәрігер, жаттығу, тіс, қол, сабын, су, ауру, емхана, күтім, ұйқы, тамақтану, тәртіп

Жаңа сөздерді таныстыру және мағыналарын түсіндіру: әр тақырып бойынша сөздердің мағынасы түсіндіріліп, қолданылуы көрсетіледі. Мысалы, «сыйластық» деген не, «мирас» сөзінің мағынасы, «қауіпсіздік ережелері» дегенді түсіндіру.

Жағдаяттық диалог: білім алушылар жаңа сөздерді нақты жағдайларда қолданып сөйлеуге үйретіледі. Мысалы, «Менің туған күнім...», «Біздің үйіміздің мекенжайы...», «Бүгін ауа райы қандай?» сияқты сұрақтарға жауап беру.

Көрнекі материалдар қолдану: суреттер, карталар, видео, аудио материалдар арқылы сөздік қорды бекіту. Мысалы, киіз үй суретін көрсету арқылы ұлттық дәстүрлер тақырыбын ашу.

Ойындар мен жаттығулар: «Жаңылтпаш айту», «Сөзді сәйкестендіру», «Сөздік пазл», «Кім жылдам?» сияқты ойындар арқылы білім алушылардың қызығушылығын арттыру.

Жазбаша жұмыс: жаңа сөздермен сөйлемдер құрастыру, шағын әңгімелер (мысалы, «Менің сүйікті ісім», «Біздің табиғатымызды қалай қорғаймыз?») жазу.

Рөлдік ойындар: «Қонақ үйге бару», «Дәрігерге бару», «Саяхатқа шығу» сынды диалогтарды жаттықтыру.

Педагогке арналған әдіс-тәсілдер

Тыңдалым және айтылым: білім алушыларға мәтін тыңдату, сұрақ-жауап жүргізу, диалог құру, рөлдік ойындар ұйымдастыру.

Жазылым: жаңа сөздерді дұрыс жазуды үйрету, сөйлем құрастыру, шағын әңгіме жаздырту.

Ойын арқылы үйрету: сөздік ойындар, лото, сөздерді сәйкестендіру ойындарын ойнату.

Жобалық тапсырмалар: «Менің туған күнім», «Менің сүйікті ұлттық тағамым» туралы шығармалар жасау, топтық жұмыстар ұйымдастыру.

Үй тапсырмасы: лексикалық минимумдағы сөздермен сөйлемдер құрастыру, отбасымен бірге қайталау.


Оқу жетістігін бағалау тәсілдері:

- ауызша және жазбаша тапсырмалар арқылы сөздік қорды тексеру;
- жеке сөздік дәптерлерін жүргізуді бақылау;
- «Мен не үйрендім?» парақшасы арқылы өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру;
- шағын жобалар мен шығармашылық тапсырмалар нәтижесін қарастыру.

3-сыныпта лексикалық минимумды жүйелі меңгерту қазақ тілін ерте бойлату бағдарламасының маңызды бөлігі болып табылады. Ол тілдік дағдыларды, ұлттық мәдениетке деген сүйіспеншілікті қалыптастырып, білім алушылардың айтылым, тыңдалым және жазылым дағдыларын дамытуға жағдай жасайды.

Қысқа мерзімді сабақ жоспарының үлгілері

Педагогтің аты-жөні			
Күні:			
Сынып: 3		Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы		Өмірдегі маңызды адамдар	
Оқу мақсаты:		3.1.1.4 жоспар мен тірек сөзді анықтау, әңгімелеу мәтінін құрастыру; 3.1.3.6 сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтай отырып, ойды нақты және жүйелі жазу	
Сабақ мақсаты:	оқушылардың өмірдегі маңызды адамдар туралы түсінігін кеңейту, мәтін мазмұнын сұрақтар арқылы түсінуге үйрету, тұлғалық қасиеттерге баулу		
Сабақтың барысы			
Сабақтың кезең уақыт	Педагогтің әрекеті		Оқушының әрекеті
			Ресурстар

Сабақтың басы 5мин	Ұйымдастыру кезеңі: 1.Сәлемдесу. Психологиялық ахуал орнату. «Жүрегімнің ішіндегі жүрегім» «Мен үшін маңызды адам – анам, себебі ол мені жақсы көреді» Келесі оқушы өз ойын	Оқушылар сәлемдеседі. Жанына жақын адамға өз тілегін жүрекшеге айтып немесе жазып тақтаға іледі. Айтылған немесе жазылған тілекті талқылайды	Слайд 
Сабақтың ортасы	жалғастырады: «Мен үшін маңызды адам -» Балалар, бүгінгі сабағымыздың тақырыбы: «Өмірдегі маңызды адамдар». Біз өмірде жалғыз емеспіз. Әрқайсымыздың жанымызда бізді жақсы көретін, қамқор болатын, бағыт-бағдар беретін адамдар бар. Ол – анамыз, әкеміз, ата-әжеміз, ұстазымыз, досымыз болуы мүмкін. Олар бізге өмір сүруді, жақсы мен жаманды ажыратуды, мейірімді болуды үйретеді. Біздің қуанышымызды бөлісіп, қайғымызды жеңілдететін де – осы жақын адамдарымыз. Ата-бабамыз «Жақсы адам – жарық жұлдыз» деп бекер айтпаған. Осы сабақта біз өзіміз үшін маңызды адамдар туралы ой бөлісіп, олардың біз үшін неге қымбат екенін түсінуге тырысамыз.	Мәтінді тыңдайды	 
Сабақтың соңы	1. Мәтінмен жұмыс. Мәтін: «Әли мен атасы» Әли демалыс күндерін атасының ауылында өткізді. Атасы Әлиге ағаш отырғызуды, малға шөп салуды, су әкелуді үйретті. Кешке атасы оған өмір туралы әңгімелер айтып, ақылымен бөлісті. Әли атасын жақсы көретін, себебі атасы оны үнемі қолдап, қамқор болатын. Әли ауылдан қайтарда атасына: «Сен менің өмірімдегі ең маңызды адамымсың?» - деді. 2. Сұрақ-жауап Сұрақтар: 1) Әли демалысты қайда өткізді? 2) Атасы Әлиге не үйретті? 3) Атасы Әлиге қандай кеңес айтты? 4) Сен үшін маңызды адам кім? Неге?	Ұяшықтарды таңдай отыра сұрақтарға жауап береді Бір сөйлеммен өзі мен маңызды адамы арасындағы ұқсастықты айтады Өз өміріндегі маңызды адамға (мысалы: анасына, атасына, әпкесіне, мұғаліміне, досына) хат жазады	Микрофон Ашықхат, түрлі-түсті қалам, қарындаш 

	3. «Мен сияқты, менің адамым да...» (ұқсастығын табу ойыны) <i>Мысалы.</i> - Мен кітап оқығанды ұнатамын, менің әпкем де кітап оқығанды жақсы көреді. - Мен тәтті пісіргенде ұнатамын, әжем де тәтті нан пісіреді. 4. «Маңызды адамға хат» Хат құрылымы: - Сәлемдесу - Не үшін оны маңызды адам деп санайтынын жазу - Рақмет айту - Қоштасу Мысалы: «Сәлем, әже! Сіз мен үшін маңызды адамсыз. Себебі мен ауырғанда сіз мені күтіп, ыстық тамақ бересіз. Сіздің ертегілеріңіз маған ұнайды. Рақмет сізге! Сізді жақсы көремін. Немереңіз – Аружан.» 5. «Мінездеме кубигі» (шаршы ойыны) Кубиктің әр жағына келесі сұрақтар жазылады. - Ол қандай адам? - Ол не істегенді ұнатады? - Ол маған қалай көмектеседі? - Мен одан не үйрендім? - Мен оны не үшін жақсы көремін? - Ол маған не айтқан? Қорытынды: балалар, бүгін біз өміріміздегі ең маңызды адамдар туралы ой бөлістік. Олар бізге тек қамқор болып қана қоймайды, өмір сүруге, дұрыс жолмен жүруге үйретеді. Аналарымыздың мейірімі, әкелеріміздің даналығы, әжелеріміздің ертегісі, аталарымыздың өсиеті – бәрі біз үшін баға жетпес байлық. Біз осындай жақсы адамдармен бірге өмір сүріп жатқанымызға қуанайық, оларды құрметтейік, жақсы көрейік. Себебі жақсылық – жақыннан басталады. Рефлексия «Жүрек жылуы»	Оқушылар кезекпен текшені лақтырып, түскен сұраққа жауап береді Жүрекше бейнесіндегі қағазға бүгінгі сабақтан алған бір жақсы ойын немесе өз өміріндегі маңызды адам туралы бір жылы сөз жазады. Мейірім ағашына жапсырады	
--	--	--	---

Білім беру ұйымының атауы				
Бөлім:		Өзім туралы		
Педагогтің аты-жөні:				
Күні:				
Сынып: 3		Қатысқандар	Қатыспағандар	
Сабақтың тақырыбы:		Арманым мен мақсатым		
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:		3.1.1.5 аудио/бейнежазба мазмұнына өз пікірін білдіру; 3.1.2.2 мәтін түрін (пайымдау) анықтау		
Сабақтың мақсаты		Оқушылар өз көзқарасын білдіреді. Жазбаша жұмыстар орындайды.		
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі/ уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 7 минут	1. Қызығушылықты ояту Ойын: «Бұл арман ба, мақсат па?» Мұғалім бірқатар сөйлемдер оқиды: – Мен президент болғым келеді. – Мен ертең үй тапсырмамды орындаймын. – Мен болашақта кітап жазғым келеді. – Мен сабақта «5» алғым келеді.	«Бұл арман» немесе «Бұл мақсат» деп жауап береді	Керемет!	
Сабақтың ортасы 30 минут	Жаңа тақырыпты ашу Сабақтың тақырыбы мен мақсатын хабарлау 1-тапсырма Тыңдалым мәтіні Мәтін: «Әлинұрдың арманы» (авторлық) Әлинұр 9 жаста. Ол сурет салуды жақсы көреді. Ол қиялдағанды ұнатады. Әлинұр болашақта сәулетші болғысы келеді. Ол үлкен үйлер, әдемі мектептер салғысы келеді. Ол арманына жету үшін көп оқып, сурет үйірмесіне барады. Әлинұр үшін арман — ол болашақтағы үлкен тілек, ал мақсат — сол арманға апаратын қадамдар. Сұрақ - жауап: - Әлинұр не армандайды? - Арманына жету үшін не істеп	Сабақтың тақырыбын анықтайды Мәтінді мұқият тыңдайды Сұрақтарға жауап береді Сөздердің мағынасын түсінеді.		

	жүр? - Сен Әлинұрдың орнында болсаң, не істер едің? Сөздікпен жұмыс <i>Арман</i> – орындалуы мүмкін үлкен тілек <i>Мақсат</i> – нақты жоспар, оған жету үшін әрекет керек Оқушылар 2 бағанға мысалдар жазады: Арман Мақсат Ғарышкер болу Апта сайын кітап оқу Әнші болу Вокал үйірмесіне бару	Жазбаша жұмысты орындайды		Жарайсың! Тамаша!	Бейнематериал
<i>Сабақты қорыту</i> 8 минут	Сергіту сәті Жазбаша жұмыс Тапсырма: «Менің арным мен оған жету жолым» тақырыбында шағын мәтін (5–7 сөйлем) жазу. <i>Бағыттаушы сұрақтар:</i> ➤ Сенің арнаың қандай? ➤ Ол неге сен үшін маңызды? ➤ Арнаың орындалуы үшін не істейсің? ➤ Алғашқы мақсатың қандай?	Әуен ырғағымен кимылды қайталайды		Керемет!	Жұмыс дәптері
Кері байланыс	Қорытынды <i>Ойын: «Арман баспалдағы»</i> Тақтада баспалдақтың суреті бар. Әр оқушы баспалдақа өз арнаын бейнелейтін стикер жабыстырады. Мысалы: ✨ «Мен би үйірмесіне барамын» → «Биші боламын» <i>Сөйлемді толықтыр...</i> <i>«Менің миымдағы арман»</i> <i>бұлты</i> ● <i>«Менің ең үлкен арнаым – Мен оған жету үшін ... істеймін»</i> <i>«Армандар галереясы» ретінде сынып қабырғасына ілуге болады</i>	2-3 оқушы жазған мәтінін оқиды Оқушылар бір-бірден армандарын айтып, стикерді жапсырады Оқушы қағаз бұлтқа жазады	Өте жақсы! Жарайсың!	Стикер, баспалдақ суреті	Таратпа материал

Білім беру ұйымының атауы				
Бөлім:		Өзім туралы		
Педагогтің аты-жөні:				
Күні:				
Сынып: 3		Қатысқаны	Қатыспағаны	
Сабақтың тақырыбы:		Мен кімін?		
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:		3.1.1.3 сөйлеу мәдениетін сақтап, диалогқа қатысу; 3.1.2.1 оқу (астын сызып оқу, рөлге бөліп оқу) түрлерін қолдану		
Сабақтың мақсаты		Мәтінді тыңдайды. Мәтін бойынша негізгі ақпаратты анықтайды		
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі/ уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 7 минут	1. Қызығушылықты ояту Тапсырма: «Сиқырлы айна» ойыны ► Мұғалім қолына айна ұстап, былай дейді: «Бұл айна ерекше. Ол сені көріп, саған сипаттама айтады!» Мысалы: - Бұл бала ақылды, үнемі күлімдейді, ол сурет салғанды жақсы көреді... Жаңа тақырыпты ашу	Оқушылар: «Бұл кім?» деп табады. 2-3 оқушы да басқа оқушыны сипаттап көреді		Айна
Сабақтың ортасы 30 минут	Сабақтың тақырыбы мен мақсатын хабарлау 1-тапсырма Тыңдалым мәтіні Мәтін атауы: Бақытжанның бір күні Менің атым – Бақытжан. Мен таңертең ерте тұрамын. Күнде таңғы жаттығу жасаймын. Мен үшін бұл маңызды. Себебі денсаулық – басты байлық. Сабаққа барғанда әрқашан сөмкемді алдын ала дайындаймын. Мен мектепте достарыммен ойнағанды жақсы көремін. Бос уақытымда анама көмектесемін немесе кітап оқимын. Болашақта дәрігер болғым келеді. Себебі адамдарға көмектескен ұнайды. Мен өзімді еңбекқор,	Сабақтың тақырыбын анықтайды Мәтінді тыңдайды	Жарайсың!	Оқулық

Сабақты қорыту 8 минут Кері байланыс	жауапты бала деп санаймын. ✂ Сұрақ-жауап: ● 1-деңгей (түсіну) • Баланың аты кім? • Ол не үшін таңертең жаттығу жасайды? • Сабаққа бармас бұрын не істейді? ● 2-деңгей (қолдану) • Бақытжан қандай бала? (мәтіннен 2 сипаттама табу) • Болашақта кім болғысы келеді? Неге? ● 3-деңгей (талдау) • Сенің күнің Бақытжанның күніне ұқсай ма? Қай тұсы ұқсас/ұқсамайды? • Бақытжанның мінезі саған ұнай ма? Неліктен? 2-тапсырма. Ойын: «Бұл кім туралы?» ► Мұғалім оқушыларға алдын ала жазылған 5-6 сөйлемді оқиды (бір оқушы туралы). Мысалы: - Бұл бала үш тілде сөйлей алады. Кітапты жақсы көреді. Футбол ойнағанды ұнатады. Шығармашылық жұмыс Тапсырма: «Мен кімін?» – мини-постер жасау - Атым: ____ - Жасым: ____ - Ұнататын ісім: ____ - Менің досым: ____ - Менің арманым: ____ Қорытынды Ойын: «Жұлдызша сыйла» ► Әр оқушы бір досына жұлдызша береді және былай дейді: «Мен бұл жұлдызшаны ____ үшін беремін.» (мысалы: жақсы тыңдағаны үшін, көңілді жауап бергені үшін) Кері байланыс «Менің есімім – менің күшім»	Сұрақтарға жауап береді Негізгі ақпаратты табады Егер кім екенін тапса, сол оқушы орнынан тұрып, «Бұл мен!» деп айтады Балалар сурет салады, стикер жабыстырады, безендіреді Өз постерін таныстырады Оқушылар бір-біріне жұлдызша береді және оң пікір айтады Оқушылар өз есімдерін алып, оған сипаттама береді	Тамаша жауап бердің! Жарайсыңдар!	үлестірме қағаз немесе А4 парақ стикерлер, маркерлер Таратпа материалдар
---	---	--	---	---

	 Айдана – Ақкөңіл, ізетті, дарынды, арманшыл, нәзік, ашық. (Әр әріпке бір оң қасиет) Бұл оқушылардың өз бойындағы жақсы қасиеттерді тануына көмектеседі			
--	--	--	--	--

4-сынып білім алушыларына арналған тәжірибе-ойындар үлгілері

4-сыныпта білім алушылар табиғаттағы заңдылықтарды зерттеуге, түсіндіруге, болжам жасауға және пікір айтуға қызығушылық танытады. Олар байқағанын жазбаша және ауызша жеткізуге ұмтылады, тәжірибе жасау арқылы логикалық ойлау, салыстыру, пайымдау және тұжырым жасау дағдыларын дамытады. Бұл іс-әрекет «Тілге бойлата оқыту» бағдарламасында маңызды, себебі зерттеу жұмыстары барысында білім алушылардың сөздік қоры байып, тілдік дағдылары қалыптасады, олардың байқампаздықтары, шығармашылық қабілеттері және танымдық белсенділігі артады.

Тәжірибе-ойындардың негізгі мақсаты: табиғаттағы заңдылықтарды зерттеуге, түсіндіруге, болжам жасауға және пікір айтуға мүмкіндік беріп, логикалық ойлау, салыстыру, пайымдау қабілеттерін дамытып, зерттеу әрекеттері арқылы сөздік қорды байытып, қазақ тілінде сөйлеу дағдыларын жетілдіру.

1. «Жердің тартылыс күші» тәжірибесі. Мақсаты: заттардың құлау себебін зерттеу.

Тілдік тапсырма: білім алушылар сұрақтарға жауап беріп, өз байқағандарын сипаттайды және ойларын білдіреді (Қай зат бірінші құлады? Неліктен? Бұл нені білдіреді? Сен жердің тартылысын қалай түсіндің?).

2. «Судың тазалануы» (табиғи сүзгі жасау). Мақсаты: суды табиғи жолмен тазарту әдісін көрсету.

Тілдік тапсырма: білім алушылар сұрақтарға жауап беріп, өз байқағандарын сипаттайды және ойларын білдіреді (Қандай материалдар қолдандың? Сүзілген су қандай болды? Бұл әдіс қайда пайдалы?).

3. «Жылу өткізгіштік» тәжірибесі. Мақсаты: металл, ағаш, пластиктің жылу өткізгіштігін салыстыру.

Тілдік тапсырма: білім алушылар сұрақтарға жауап беріп, өз байқағандарын сипаттайды және ойларын білдіреді (Қайсысы тез қызды? Неліктен олай болды? Сенің тұжырымың қандай?).

Бастауыш білім беру деңгейінің 4-сыныбына арналған «Тілге бойлата оқыту» бағдарламасының күнтізбелік тақырыптық жоспар үлгісі

№	Бөлім тақырыбы	Сабақ тақырыбы	Оқу мақсаттары
---	----------------	----------------	----------------

1	1. Өзім туралы	Менің ерекше қасиеттерім	4.1.2.4 сөздік пен тірек сөздерді қолдана отырып, таныс емес сөздерді кіріктіріп мәтін құрастыру
2		Мен таңдайтын мамандық	4.1.2.2 мәтін бөліктерін (басы, ортасы, соңы) анықтау; 4.1.3.1 сюжетті суреттер мен тірек сөздерді пайдалана отырып пайымдау мәтінін құрастырып жазу
3		Отбасындағы рөлім	4.1.2.5 түрлі жанрдағы мәтіндердегі негізгі және қосымша ақпаратты ажырату; 4.1.3.2 мәтіннен сөйлемдер мен сөз тіркестерін көшіріп жазу кезінде орфографиялық және пунктуациялық нормаларды сақтау
4		Мен және менің бос уақытым	4.1.1.5 аудио/бейнежазба мазмұнына сәйкес кейіпкерлердің іс-әрекеттеріне (дұрыс, бұрыс) баға беру; 4.1.3.3 сурет негізінде кейіпкердің іс-әрекеті қамтылған 6–8 сөйлемнен тұратын оқиға мәтінін құрастыру
5	2. Менің мектебім	Мектеп – менің екінші үйім	4.1.2.6 оқылған мәтін мазмұны бойынша шешім шығаруға бағытталған сұрақ құрастыру; 4.1.3.5 кері байланыс негізінде жазба жұмысындағы грамматикалық қателерді анықтау, түзетулер енгізу
6		Маған ұнайтын пәндер	4.1.1.3 жағдаятқа сәйкес сөйлеу мәдениетін сақтап диалогқа қатысу
7		Біздің мектептегі ереже	4.1.1.1 мәтіндегі маңызды ақпаратты іріктеп, мазмұнын айту; 4.1.3.5 кері байланыс негізінде жазба жұмысындағы грамматикалық қателерді анықтау, түзетулер енгізу
8		Менің үлгілі оқушы болу жолым	4.1.1.2 берілген мәтінге жаңа кейіпкер/оқиғалар қосып мәтінді аяқтау; 4.1.3.2 мәтіннен сөйлемдер мен сөз тіркестерін көшіріп жазу кезінде орфографиялық және пунктуациялық нормаларды сақтау
9	3. Менің отбасым және достарым	Отбасылық дәстүр – біздің байлығымыз	4.1.1.1 мәтіндегі маңызды ақпаратты іріктеп, мазмұнын айту; 4.1.3.6 сөйлемдегі сөздердің грамматикалық және мағыналық байланысын сақтай отырып жазу
10		Отбасы – жауапкершілік мекені	4.1.2.6 оқылған мәтін мазмұны бойынша шешім шығаруға бағытталған сұрақ құрастыру
11		Достық деген не?	4.1.1.1 мәтіндегі маңызды ақпаратты іріктеп, мазмұнын айту; 4.1.3.8 ашық хат, сұхбат жазу

12		Менің досым – менің айнама	4.1.1.3 жағдаятқа сәйкес сөйлеу мәдениетін сақтау, диалогқа қатысу; 4.1.3.6 сөйлемдегі сөздердің грамматикалық және мағыналық байланысын сақтай отырып жазу
13	4. Бізді қоршаған орта	Дәрілік өсімдіктердің емдік қасиеттері	4.1.1.4 тірек сөз бен жоспарға сүйеніп пайымдау мәтінін құрастыру; 4.1.3.1 сюжетті суреттер мен тірек сөздерді пайдалана отырып пайымдау мәтінін құрастырып жазу
14		Табиғат – тіршіліктің көзі	4.1.1.5 аудио/бейнежазба мазмұнына сәйкес кейіпкерлердің іс-әрекеттеріне (дұрыс, бұрыс) баға беру; 4.1.3.6 сөйлемдегі сөздердің грамматикалық және мағыналық байланысын сақтай отырып жазу
15		Менің экологиялық бастама	4.1.1.2 берілген мәтінге жаңа кейіпкер/оқиғалар қосып мәтінді аяқтау; 4.1.2.6 оқылған мәтін мазмұны бойынша шешім шығаруға бағытталған сұрақ құрастыру
16		Таза орта – таза ой	4.1.2.4 сөздік пен тірек сөздерді қолдана отырып, таныс емес сөздерді кіріктіріп мәтін құрастыру
17	5. Саяхат	Мен армандайтын саяхат	4.1.2.1 оқу түрлерін (болжау, көз жүгіртіп оқу, тауып оқу) қолдану
18		Саяхат – қызыққа толы әлем	4.1.2.3 мәтін мазмұнына байланысты өз ойын дәлелді айтып беру; 4.1.3.4 жазба жұмысты қайта қарап, мазмұнын, құрылымын мұғалімнің кері байланысына сүйене отырып талдап, өз бетінше түзету
19		Саяхатта ескеру керек ережелер	4.1.1.5 аудио/бейнежазба мазмұнына сәйкес кейіпкерлердің іс-әрекеттеріне (дұрыс, бұрыс) баға беру; 4.1.3.3 сурет негізінде кейіпкердің іс-әрекеті қамтылған 6–8 сөйлемнен тұратын оқиға мәтінін құрастыру
20		Менің саяхаттан алған әсерім	4.1.2.3 мәтін мазмұнына байланысты өз ойын дәлелді айтып беру; 4.1.3.2 мәтіннен сөйлемдер мен сөз тіркестерін көшіріп жазу кезінде орфографиялық және пунктуациялық нормаларды сақтау
21		Әлемнің керемет жерлері	4.1.1.1 мәтіндегі маңызды ақпаратты іріктеп, мазмұнын айту; 4.1.3.6 сөйлемдегі сөздердің грамматикалық және мағыналық байланысын сақтай отырып жазу

22	6. Ата салтым- алтын қазынам!	Қазақ халқының қонақжайлығы	4.1.2.6 оқылған мәтін мазмұны бойынша шешім шығаруға бағытталған сұрақ құрастыру; 4.1.3.6 сөйлемдегі сөздердің грамматикалық және мағыналық байланысын сақтай отырып жазу
23		Төрт түлікке қатысты ырым - тыйымдар	4.1.2.1 оқу түрлерін (болжау, көз жүгіртіп оқу, тауып оқу) қолдану; 4.1.2.6 оқылған мәтін мазмұны бойынша шешім шығаруға бағытталған сұрақ құрастыру
24		Аңыз бен ақиқат: тарихи тұлғалар туралы аңыздар	4.1.1.6 тыңдалған мәтіндегі мазмұн бөліктерін ажыратып, тақырыбын анықтау; 4.1.3.7 ашық хат, сұхбат жазу
25		Ұлттық ойындардың тәрбиелік мәні	4.1.1.4 тірек сөз бен жоспарға сүйеніп пайымдау мәтінін құрастыру; 4.1.3.2 мәтіннен сөйлемдер мен сөз тіркестерін көшіріп жазу кезінде орфографиялық және пунктуациялық нормаларды сақтау
26		Мақал-мәтел халық даналығы	4.1.1.6 тыңдалған мәтіндегі мазмұн бөліктерін ажыратып, тақырыбын анықтау
27	7. Асқа – адалдық, дастарқанға – құрмет	Дұрыс тамақтану – денсаулық кепілі	4.1.1.3 жағдаятқа сәйкес сөйлеу мәдениетін сақтап диалогқа қатысу; 4.1.2.2 мәтін бөліктерін (басы, ортасы, соңы) анықтау
28		Ұлттық тағамдардың тарихы	4.1.1.1 мәтіндегі маңызды ақпаратты іріктеп, мазмұнын айту; 4.1.3.6 сөйлемдегі сөздердің грамматикалық және мағыналық байланысын сақтай отырып жазу
29		Тағам мен сусын: пайдасы мен зияны	4.1.1.4 тірек сөз бен жоспарға сүйеніп пайымдау мәтінін құрастыру; 4.1.3.4 жазба жұмысты қайта қарап, мазмұнын, құрылымын мұғалімнің кері байланысына сүйене отырып талдап, өз бетінше түзету
30		Менің сүйікті тағамым туралы әңгіме	4.1.2.1 оқу түрлерін (болжау, көз жүгіртіп оқу, тауып оқу) қолдану; 4.1.3.6 сөйлемдегі сөздердің грамматикалық және мағыналық байланысын сақтай отырып жазу
31	8. «Денсаулықты сақтай біл»	Спорт – өмір салты	4.1.1.1 мәтіндегі маңызды ақпаратты іріктеп, мазмұнын айту; 4.1.3.7 ашық хат, сұхбат жазу
32		Күн тәртібі – табыстың кілті	4.1.2.2 мәтін бөліктерін (басы, ортасы, соңы) анықтау; 4.1.3.1 сюжетті суреттер мен тірек сөздерді пайдалана отырып пайымдау мәтінін құрастырып жазу

33		Жеке гигиена – денсаулық негізі	4.1.1.1 мәтіндегі маңызды ақпаратты іріктеп, мазмұнын айту; 4.1.3.6 сөйлемдегі сөздердің грамматикалық және мағыналық байланысын сақтай отырып жазу
34		«Шынықсаң – шымыр боласың»	4.1.1.4 тірек сөз бен жоспарға сүйеніп пайымдау мәтінін құрастыру; 4.1.3.2 мәтіннен сөйлемдер мен сөз тіркестерін көшіріп жазу кезінде орфографиялық және пунктуациялық нормаларды сақтау

Мұғалім тақырыптық жоспарды дайындағанда бөлімдер мен тақырыптарды өз оқу жоспарына сәйкес өзгертуге құқылы; сондай-ақ әр бөлім мен тақырыпқа берілетін сағат саны мен пәнді таңдау оның шешіміне қарай жүргізіледі.

Қысқа мерзімді сабақ жоспарының үлгілері

№ р/ с	Бөлім тақырыбы	Сабақ тақырыбы	Оқу мақсаттары	Қолданылатын әдіс-тәсілдер	Қосымша материалдар
1	Өзім туралы	Менің ерекше қасиеттерім	4.1.2.4 сөздік пен тірек сөздерді қолдана отырып, таныс емес сөздерді кіріктіріп мәтін құрастыру	«Ашық микрофон», «Менің ерекшелігім» шеңбері, эссе жазу	Айна суреті, «Мен туралы» жұмыс парағы
2		Мен таңдайтын мамандық	4.1.2.2 мәтін бөліктерін (басы, ортасы, соңы) анықтау; 4.1.3.1 сюжетті суреттер мен тірек сөздерді пайдалана отырып пайымдау мәтінін құрастырып жазу	«Мамандықтар аукционы», кластер, пікірталас	Мамандықтар суреттері, видеоролик
3		Отбасымдағы рөлім	4.1.2.5 түрлі жанрдағы мәтіндердегі негізгі және қосымша ақпаратты ажырату;	«Отбасылық ағаш», «Рөлдік ойын», эссе жазу	Отбасы фотосы, сурет карточкалары

			4.1.3.2 мәтіннен сөйлемдер мен сөз тіркестерін көшіріп жазу кезінде орфографиялық және пунктуациялық нормаларды сақтау		
4		Мен және менің бос уақытым	4.1.1.5 аудио/бейнежазба мазмұнына сәйкес кейіпкерлердің іс-әрекеттеріне (дұрыс, бұрыс) баға беру; 4.1.3.3 сурет негізінде кейіпкердің іс-әрекеті қамтылған 6–8 сөйлемнен тұратын оқиға мәтінін құрастыру	«Уақыт кестесін» жасау, топтық талқылау	Уақытты жоспарлау парағы
5	Менің мектебім	Мектеп – менің екінші үйім	4.1.2.6 оқылған мәтін мазмұны бойынша шешім шығаруға бағытталған сұрақ құрастыру; 4.1.3.5 кері байланыс негізінде жазба жұмысындағы грамматикалық қателерді анықтау, түзетулер енгізу	«Мектеп туралы әңгіме», сипаттама жазу	Мектеп суреті, жоспар үлгісі
6		Маған ұнайтын пәндер	4.1.1.3 жағдаятқа сәйкес сөйлеу мәдениетін сақтап диалогқа қатысу	«Менің сүйікті пәнім» презентация, шағын эссе	Пәндерге қатысты иллюстрациялар

7		Біздің мектептегі ереже	4.1.1.1 мәтіндегі маңызды ақпаратты іріктеп, мазмұнын айту; 4.1.3.5 кері байланыс негізінде жазба жұмысындағы грамматикалық қателерді анықтау, түзетулер енгізу	Дебат, рөлдік ойын, «ереже құрастыру»	«Мектеп ішкі ережелері» плакаты
8		Менің үлгілі оқушы болу жолым	4.1.1.2 берілген мәтінге жаңа кейіпкер/оқиғала р қосып мәтінді аяқтау; 4.1.3.2 мәтіннен сөйлемдер мен сөз тіркестерін көшіріп жазу кезінде орфографиялық және пунктуациялық нормаларды сақтау	Сын тұрғысынан ойлау, «Кім болғым келеді?» тренингі	Үлгілі оқушы бейнесі (плакат, видео)
9	Менің отбасым және достарым	Отбасылық дәстүр – біздің байлығымыз	4.1.1.1 мәтіндегі маңызды ақпаратты іріктеп, мазмұнын айту; 4.1.3.6 сөйлемдегі сөздердің грамматикалық және мағыналық байланысын сақтай отырып жазу	«Отбасы күнтізбесі», «Дәстүрлерді таныстыру»	Фотосуреттер, отбасылық символдар
10		Отбасы – жауапкершілік мекені	4.1.2.6 оқылған мәтін мазмұны бойынша шешім шығаруға бағытталған сұрақ құрастыру	Пікір айту, топтық жұмыс, постер қорғау	Жауапкершілік туралы бейнематериал

11		Достық деген не?	4.1.1.1 мәтіндегі маңызды ақпаратты іріктеп, мазмұнын айту; 4.1.3.8 ашық хат, сұхбат жазу	«Досыма хат», «Шын достық» шеңбері	Достық жайлы өлең/мәтін
12		Менің досым – менің айнама	4.1.1.3 жағдаятқа сәйкес сөйлеу мәдениетін сақтау, диалогқа қатысу; 4.1.3.6 сөйлемдегі сөздердің грамматикалық және мағыналық байланысын сақтай отырып жазу	«Досымды сипаттаймын», сұхбат алу	Досы туралы фотосурет
13	Бізді қоршаған орта	Дәрілік өсімдіктердің емдік қасиеттері	4.1.1.4 тірек сөз бен жоспарға сүйеніп пайымдау мәтінін құрастыру; 4.1.3.1 сюжетті суреттер мен тірек сөздерді пайдалана отырып пайымдау мәтінін құрастырып жазу	«Шөптер галереясы», өз пікірін айту	Өсімдіктер суреттері мен сипаттамалары
14		Табиғат – тіршілік көзі	4.1.1.5 аудио/бейнежазба мазмұнына сәйкес кейіпкерлердің іс-әрекеттеріне (дұрыс, бұрыс) баға беру; 4.1.3.6 сөйлемдегі сөздердің грамматикалық және мағыналық байланысын сақтай отырып жазу	Постер жасау, тірі табиғатпен байланыс	Табиғат құбылыстарының фотосуреттері
15		Менің экологиялық бастамам	4.1.1.2 берілген мәтінге жаңа кейіпкер/оқиғала	«Менің ұсынысым» жобасы, пікірталас	Экологиялық проблемалар жайлы суреттер

			р қосып мәтінді аяқтау; 4.1.2.6 оқылған мәтін мазмұны бойынша шешім шығаруға бағытталған сұрақ құрастыру		
16		Таза орта – таза ой	4.1.2.4 сөздік пен тірек сөздерді қолдана отырып, таныс емес сөздерді кіріктіріп мәтін құрастыру	Әңгімелеу, қорытындылау, талдау	Қоршаған орта жайлы слайдтар
17	Саяхат	Мен армандайтын саяхат	4.1.2.1 оқу түрлерін (болжау, көз жүгіртіп оқу, тауып оқу) қолдану	Саяхат картасын жасау, сурет салу	Карталар, фантастикалық бағыттар суреттері
18		Саяхат – қызыққа толы әлем	4.1.2.3 мәтін мазмұнына байланысты өз ойын дәлелді айтып беру; 4.1.3.4 жазба жұмысты қайта қарап, мазмұнын, құрылымын мұғалімнің кері байланысына сүйене отырып талдап, өз бетінше түзету	Ақпаратпен бөлісу, туристік карта құру	Қазақстан туризмі туралы бейнежазба
19		Саяхатта ескеру керек ережелер	4.1.1.5 аудио/бейнежазба мазмұнына сәйкес кейіпкерлердің іс-әрекеттеріне (дұрыс, бұрыс) баға беру; 4.1.3.3 сурет негізінде кейіпкердің іс-әрекеті қамтылған 6–8 сөйлемнен	Топтық талдау, ереже құрастыру	Саяхат қауіпсіздігі суреттері

			тұратын оқиға мәтінін құрастыру		
20		Менің саяхаттан алған әсерім	4.1.2.3 мәтін мазмұнына байланысты өз ойын дәлелді айтып беру; 4.1.3.2 мәтіннен сөйлемдер мен сөз тіркестерін көшіріп жазу кезінде орфографиялық және пунктуациялық нормаларды сақтау	Өз тәжірибесін айту, суретпен жұмыс	Саяхат фотосуреттері
21		Әлемнің керемет жерлері	4.1.1.1 мәтіндегі маңызды ақпаратты іріктеп, мазмұнын айту; 4.1.3.6 сөйлемдегі сөздердің грамматикалық және мағыналық байланысын сақтай отырып жазу	Слайд көрсету, тандалған елді сипаттау	Елдер туралы ақпараттық парақшалар
22	Салт – дәстүр және ауыз әдебиеті	Қазақ халқының қонақжайлығ ы	4.1.2.6 оқылған мәтін мазмұны бойынша шешім шығаруға бағытталған сұрақ құрастыру; 4.1.3.6 сөйлемдегі сөздердің грамматикалық және мағыналық байланысын сақтай отырып жазу	Дәстүрлі дастарқан көрінісі, сұхбат	Қазақ үй интерьерінің суреттері
23		Төрт түлікке қатысты ырым- тыйымдар	4.1.2.1 оқу түрлерін (болжау, көз жүгіртіп оқу, тауып оқу) қолдану;	Ырым- тыйымдармен танысу, пікір білдіру	Мал түрлері мен ырым суреттері

			4.1.2.6 оқылған мәтін мазмұны бойынша шешім шығаруға бағытталған сұрақ құрастыру		
24		Аңыз бен ақиқат	4.1.1.6 тыңдалған мәтіндегі мазмұн бөліктерін ажыратып, тақырыбын анықтау; 4.1.3.7 ашық хат, сұхбат жазу	Аңыз тыңдау, салыстыру, мәтін жазу	Тарихи тұлғалар иллюстрациясы
25		Ұлттық ойындардың тәрбиелік мәні	4.1.1.4 тірек сөз бен жоспарға сүйеніп пайымдау мәтінін құрастыру; 4.1.3.2 мәтіннен сөйлемдер мен сөз тіркестерін көшіріп жазу кезінде орфографиялық және пунктуациялық нормаларды сақтау	Ұлттық ойын көрсету, талдау	Ойын суреттері мен сипаттамалары
26		Мақал-мәтел – халық даналығы	4.1.1.6 тыңдалған мәтіндегі мазмұн бөліктерін ажыратып, тақырыбын анықтау	Мақал талдау, эссе жазу	Мақалдар жинағы
27		Дұрыс тамақтану – денсаулық кепілі	4.1.1.3 жағдаятқа сәйкес сөйлеу мәдениетін сақтап диалогқа қатысу; 4.1.2.2 мәтін бөліктерін (басы, ортасы, соңы) анықтау	Презентация, пайдалы тағамды анықтау	Тағамдар суреті
28		Ұлттық тағамдардың тарихы	4.1.1.1 мәтіндегі маңызды ақпаратты	«Тағам тарихы» жобасы, сипаттама мәтін	Ұлттық тағам суреттері

			іріктеп, мазмұнын айту; 4.1.3.6 сөйлемдегі сөздердің грамматикалық және мағыналық байланысын сақтай отырып жазу		
29		Тағам мен сусын: пайдасы мен зияны	4.1.1.4 тірек сөз бен жоспарға сүйеніп пайымдау мәтінін құрастыру; 4.1.3.4 жазба жұмысты қайта қарап, мазмұнын, құрылымын мұғалімнің кері байланысына сүйене отырып талдап, өз бетінше түзету	Пікір айту, кеңес жазу	Тағам өнімдері инфографикасы
30		Менің сүйікті тағамым туралы әңгіме	4.1.2.1 оқу түрлерін (болжау, көз жүгіртіп оқу, тауып оқу) қолдану; 4.1.3.6 сөйлемдегі сөздердің грамматикалық және мағыналық байланысын сақтай отырып жазу	Таңдалған тағамды сипаттау	Тағам фотосуреттері
31	Дені саудың жаны сау	Спорт – өмір салты	4.1.1.1 мәтіндегі маңызды ақпаратты іріктеп, мазмұнын айту; 4.1.3.7 ашық хат, сұхбат жазу	Топтық талқылау, спорт түрлерін салыстыру	Спортшылар суреттері, видео
32		Күн тәртібі – табыстың кілті	4.1.2.2 мәтін бөліктерін (басы, ортасы, соңы) анықтау; 4.1.3.1 сюжетті суреттер мен	Күн тәртібі құрастыру, кеңес беру	Күн тәртібі үлгілері

			тірек сөздерді пайдалана отырып пайымдау мәтінін құрастырып жазу		
33		Жеке гигиена – денсаулық негізі	4.1.1.1 мәтіндегі маңызды ақпаратты іріктеп, мазмұнын айту; 4.1.3.6 сөйлемдегі сөздердің грамматикалық және мағыналық байланысын сақтай отырып жазу	Жеке күтім заттарын таныстыру	Гигиена құралдарының суреті
34		Шынықсаң – шымыр боласың	4.1.1.4 тірек сөз бен жоспарға сүйеніп пайымдау мәтінін құрастыру; 4.1.3.2 мәтіннен сөйлемдер мен сөз тіркестерін көшіріп жазу кезінде орфографиялық және пунктуациялық нормаларды сақтау	Шынығу әдістері, тәжірибелік жаттығу	Спорттық жаттығу суреттері

Лексикалық минимум мақсаты: білім алушыларының сөздік қорын жүйелі түрде кеңейту, тілдік нормаларға сай сөйлеу дағдыларын қалыптастыру, құндылықтар жүйесі мен функционалдық сауаттылығын дамыту.

Негізгі ұстанымдар:

- құндылыққа негізделген оқыту: тілдік мазмұн арқылы ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарыту (сыйластық, жауапкершілік, сенімділік, денсаулықты сақтау, ынтымақ);

- коммуникативтік бағыттылық: сөздерді ауызша және жазбаша тілдік әрекетте қолдануға мүмкіндік беру;

- кіріктіру: лексикалық минимум мазмұнын басқа пәндермен байланыстыра отырып қолдану (дүниетану, көркем еңбек, музыка, дене шынықтыру).

- ойын технологиялары: сөздік қорды бекіту үшін ойын элементтері мен шығармашылық тапсырмаларды пайдалану.

Лексикалық минимумды сабақта қолдану бағыттары

Сабақ құрылымына кіріктіру:

Сабақ кезеңі	Қолдану жолы
Қызығушылықты ояту	Лексикалық минимум сөздерін пайдаланып сөзжұмбақ, «Қай сөз артық?» ойыны, кластер құру
Мағынаны тану	Лексикалық минимум сөздерімен мәтіндер құрастыру, диалог құрау, суретпен жұмыс
Ой толғаныс	Постер жасау, «Егер мен...» эссе жазу, ұжымдық әңгіме жүргізу, топтық жоба қорғау

4-сынып білім алушыларының әр бағыт бойынша жұмыс мысалдары келесідей ұйымдастырылады. Жеке тұлға тақырыбында мәтін құруға арналған тапсырмалар беріледі, мысалы: «Менің болашақ мамандығым», «Жауапкершілік деген не?». Сондай-ақ рөлдік ойындар арқылы «Жетістікке жеткен оқушыны таныстыру» жүргізіліп, топтық жұмыста «Тәртіп ережесі қандай болу керек?» тақырыбында постер жасау ұсынылады.

Отбасы және қарым-қатынас бағытында диалогтар ұйымдастырылып, мысалы: «Үлкенге құрмет – біздің міндет». Білім алушылар досқа адалдық пен сенімділікті салыстырып, «Жанашыр дос» тақырыбында шығарма жазады.

Экология және табиғат бағытында сөздік жұмыс жүргізіледі, онда экологиялық тепе-теңдік, ластану, қоқыс сұрыптау сияқты ұғымдар қарастырылады. Жобалық жұмыс ретінде «Табиғатты аяла!» тақырыбында экобуклет жасалады, мәтінмен жұмыс барысында «Табиғатты қорғау – біздің ортақ ісіміз» тақырыбында талқылау жүргізіледі.

Саяхат және мәдениет бағытында сұхбат ұйымдастырылып, «Саяхат кезінде ереже бұзуға бола ма?» деген тақырып қарастырылады. Картамен жұмыс арқылы «Саяхат бағытын анықтау» тапсырмасы орындалады, әңгімелеу барысында «Ұлттық мұражайдағы әсер» тақырыбы талқыланады.

Ұлттық құндылықтар бағытында шешендік сөздер мен мақал-мәтелдердің мағынасы талданады, рөлдік ойындарда «Салт-дәстүр көрінісі» ұсынылады, интерактивті тапсырмалар арқылы «Жоралғы мен ырым-тыйым айырмашылығы» түсіндіріледі.

Салауатты өмір салты бойынша ақпаратпен жұмыс жүргізіледі, мысалы қанттың зияны мен дәруменнің пайдасы қарастырылады. Білім алушылар табиғи өнім мен фастфудты салыстырып, күн тәртібін құру барысында «Дұрыс тынығу мен тамақтану үлгісін» жасайды.

Бағалау тәсілдері ретінде формативті әдістер қолданылып, оларға «Бір минуттық әңгіме», сөздік диктант және тест т.б. тапсырмалары жатады. Кері байланыс алу үшін «Екі жұлдыз, бір тілек» және рефлексиялық шеңбер әдістері пайдаланылады.

Саралау мүмкіндіктері

Тілдік қабілеті төмен білім алушылар үшін суреттермен жұмыс жүргізу және сөздік карточкаларды қолдану ұсынылады. Орта деңгейлі білім

алушыларға жұптық диалогтар ұйымдастыру және сөйлемдерді аяқтау тапсырмалары беріледі. Жетекші білім алушыларға мәтін құрастыру және шағын жоба дайындау тапсырмалары ұсынылады.

Бұл лексикалық минимум тек сөз жаттатуға арналған тізім емес, ол білім алушының функционалдық сауаттылығын, коммуникативтік құзыретін және ұлттық дүниетанымын қалыптастыруға арналған құрал болып табылады. Сабақ барысында оны мақсатты әрі жүйелі қолдану арқылы 4-сынып білім алушысының тілдік дамуын және құндылықтық бағдарын қалыптастыруға болады.

Кіріктірілген сабақ жоспарларының үлгілері

Апта тақырыбы: Табиғат әлемі. Гүлдер Пән: Дүниетану – еңбекке баулу		Мекеме атауы: Мұғалімнің аты - жөні	
Сынып:			
Кіріктірілген сабақ мақсаты		білім алушыларға гүлдер туралы мағлұмат бере отырып, айналадағытабиғат тіршілігіне қамқорлық көрсетуге баулу	
Сөздік қордытолықтыру		гүлдер, түймедақ, раушан, бақ-бақ, қоңыраубас, күлтесі, сабағы, жапырақ, тамыры	
Қолданылатын әдіс-тәсілдер		сурет салу, әңгімелеу, түсіндіру, бақылау, сұрақ-жауап, психогимнастика, өлең мен ертегі оқу	
Дағдылар		танымдық және шығармашылық	
Ресурстар		тірі гүлдерден жасалған композиция, мазмұнды суреттер	
КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕ			
Білуі тиіс		гүлдің құрылысын және гүлдің түрлері	
Түсініктерді игеру		гүлдің күтімді қажет ететінін, олардың тіршілік әрекеті жайлытүсініктерін кеңейту	
Білік, дағдыларды меңгеру және дамыту		сыныптағы бөлме гүлдеріне күтім жасап, гүлдердің суретін сала және жапсыра алуы.	
Жоспар			
Сабақ кезеңдері	Педагогтің әрекеті	Білім алушының әрекеті	Ресурс
Сабақтың басы	Қуаныш шеңбері. Ш.Мұхамеджанов «Қызыл-жасыл көбелек» Дала қандай керемет, Қойның гүлге толады. Қызыл-жасыл көбелек, Бір ұшып, бір қонады. Көбелек те гүл мекен, Гүлге жаны құмар-ақ. Ұстай алмай балалар, Көп жүгірді қуалап. Қанша қусын көбелек, Қанаты бір талмады. Соныменен не керек Ақыры ұстай алмады.	Білім алушылар әсем әуенді тыңдай отырып, өздерін гүлдер арасында көбелектерді қуалап жүргендей сезінеді	

Негізгі бөлім	Музыка ойналып, топқа көбелек ұшып келеді. - Балалар, бізге қонаққа көбелек ұшып келді, онымен амандасып, танысайық. - Балалар, көбелек гүлдерді іздеп ұшып жүр екен. Біз көбелекке гүлдер жайында білетіндерімізді айтып берейік. Көбелек келіседі. - Жарайды, балалар, егер де гүлдер туралы айтатын болсаңдар, мен сендерді тыңдай отырып, дем алып алайын. Балаларды ынталандыру. Тақтадағы мазмұнды суреттер бойынша көрсету, сұрау, әңгіме құрастыру. - Балалар, қараңдаршы, мына тақтада әртүрлі гүлдер жайқалып тұр екен. Қане- ки, көбелек бізді осы гүлдермен жеке-жеке таныстырып берейін дейді. Көбелек балаларға гүлдер жайында мағлұмат береді.	Білім алушылар көбелекпен сәлемдесіп, танысады Білім алушылар гүлдер жайында білетіндерін ортаға салып, әңгімелеп береді Білім алушылар түймедақ туралы білетіндерін қосады	
	Мәтінмен жұмыс (танысу) «Түймедақ» Түймедақ гүлі мамыр және маусым айларында гүлдейді, күлтесі ақ, ортасындағы негізгі түйіндісінің түсі сары, жапырағы жасыл және сабағы ұзын, түсі жасыл, тамыры жердің астында қоңыр түсті екен. Түймедақ гүлі күннің көзін сүйеді, суды күнде ішкенді қалайды. Түймедақтың бойы ұзын болып өседі. Бақ-бақ Бақ-бақ гүлі мамыр айында гүлдейді. Бақбақтың күлтесі сары түсті, жапырағы мен сабағы жасыл түсті, бойы аласа, шөптің арасында өседі. Бақ-бақ гүлін аралар, құмырсқалар, қоңыздар қорек етеді. Қоңыраубас Қоңыраубас гүлі мамыр айында ғана гүл дейді, күлтелері сиялы, күлгін, көк түсті болып келеді. Сабағы ұзын, жапырағы мен сабағының түсі жасыл болады. Қоңыраубас гүлінің сабағында бірнеше гүлі болады, осы гүлдер бастарын төмен қарап өседі. Бастары қоңырауға ұқсағандықтан адамдар осы гүлді «қоңыраубас» деп атап кеткен. Раушан Раушан гүлі «гүлдердің патшасы» деп аталады. Раушан гүлі мамыр айынан бастап күздің соңына дейін гүлдейді. Раушан	Білім алушылар бақ-бақ гүлі жайында қосымша сұрақтар қояды. Білім алушылар өз ойларымен бөліседі. Білім алушылар өз ойларымен бөліседі. Білім алушылар өздерін гүл кейпінде сезінеді. Білім алушылар	

	гүлінің күлтелері түрлі-түсті болып келеді, ақ, сары, қызыл, сарғылт, күлгін. Раушангүлінің жапырағы мен сабағы да жасыл түсті. Сабағы ұзын және тікенектері болады. Раушан гүлі хош иісті, күн мен суды сүйеді. Көбелек топқа ыдысқа салынған гүлдер шоғын алып келеді. Білім алушылар гүлдерді иіскеп, ұстап көреді. - Балалар, қанеки, осы гүлдердің хош иістерімен терең тыныстап дем алайық, иістері біздің тынысымызды ашсын. <i>Психогимнастика</i> Әдемі, хош иісті гүлдер күлтесін ашты. Ақырын жылы жел соқты, гүлдер қозғала бастады. Гүлдеріміз күннің сәулелеріне шомылып, қуанып тұр. Көбелектер ұшып келіп, гүлдерге қонды. Гүлдермен бірге желпініп, қанаттарын қағады. Кеш батты, біздің түрлі гүлдеріміз күлтесін жапты, бастарын шайқап, жай ғана ұйықтайды. Көркем сөз. Ақұштап Бақтыгереева «Гүлектік» Көктемде көңілді, Құстар кеп жатқанда. Құлпыртып өңірді, Гүл ектік бақтарға. Біз доспыз гүлдермен, Той күні бір-бірден Достарға сыйлаймыз, Текке оны жұлмаймыз. - Балалар, біз де көбелегімізге сый ретінде гүлдерге толы аула жасап берейік. Шығармашылық жұмыс. Енді біз сендермен үш топқа бөлініп, осы гүлдерді әртүрлі әдістермен жасайық. Бір топ гүлдердің суреттерін бояулармен, қарындаш, фломастермен салады. Екінші топ гүлдерді мүсіндейді. Үшінші топ түрлі-түсті қағаз, картон, сүлгі, орамал көмегімен немесе жұлмалап кию әдісімен жапсырады. Жұмыс жасаған кезде балаларға ұнтаспадан гүлдер туралы әдемі әуен қойып тыңдатуға болады. Сабақтың соңында балалардың салған суреттерін бір-біріне көрсетіп, талдауларын және достарының еңбектерін бағалап, жақсы	үш топқа бөлініп, өздеріне ұнайтын әдістерді қолданып, шығармашылық жұмыс тандайды. Өздері қалаған гүлдердің суретін салып, гүлдерді мүсіндеп, жапсырады.	
--	--	--	--

	салынған суреттерді үлгі етіп тақтаға ілуге болады. Көрме ұйымдастырып болғаннан кейін гүлдердің суреттерін көбелекке сыйлайды.		
Қорытынды бөлім	- Біз бүгін қандай жаңа сөздермен таныстық? - Сендерге бүгін не ұнады? - Келесі жолы немен айналысқыларың келеді? Соңында көбелек балаларға гүлдер туралы ертегі айтып береді. С. Дүйсенбиев. «Ақ көбелектер қайда ұшып кетті?» ертегісі	Білім алушылар сұрақтарға жауап бере отырып, өз ойларымен бөліседі Білім алушылар қызығушылықпен ертегіні тыңдайды	

Апта тақырыбы: Үй жануарлары Пән: Дүниетану – жаратылыстану		Мекеме атауы: Мұғалімнің аты - жөні	
Сынып: 1			
Кіріктірілген сабақ мақсаты	білім алушыларға үй жануарлары туралы мағлұмат бере отырып, олардың тіршілігі мен қажеттіліктерін түсіндіре отырып, табиғатқа және жануарларға деген қамқорлық пен жауапкершілік сезімін қалыптастыру		
Сөздік қорды толықтыру	жүн, маңырау, үркіту, тұяқ, қошақан, сүт, шақыру, қорек		
Қолданылатын әдіс-тәсілдер	әңгімелеу, түсіндіру, бақылау, сұрақ-жауап, интерактивті әдіс		
Ресурстар:	үй жануарларының суреттері, карточкалар, кестелер, бейнеролик, жануарлар дауыстары жазылған дыбыстық жазбалар		
КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕ:			
Білуі тиіс:	үй жануарларының түрлерін, олардың адам өміріндегі маңызын және күтімін		
Түсініктерді игеру:	үй жануарларының табиғаттағы орны мен рөлі туралы түсінік алу		
Білік, дағдыларды меңгеру және дамыту:	үй жануарларын сипаттап, олардың күтіміне қажетті дағдыларды игеру		
Жоспар			
Сабақ кезеңдері	Педагогтің әрекеті	Білім алушының әрекеті	Ресурс
Сабақтың басы	-Бәріміз шеңбер болып тұрып, бір-бірімізге жымып, күліп жақсы көңіл күй сыйлайық. - Балалар, қазір жылдың қай мезгілі? - Күз мезгілінде неше ай бар? - Күз мезгілінде қандай өзгерістер болады? - Өте жақсы. Жарайсыңдар! - Балалар, тыңдаңдаршы, нелердің дауысы?	Балалар шеңберге тұрады. Қол ұстасып алайық Киіз үйді құрайық. Қазша қанат жаяйық. Аққуша мойнымызды созайық. Құсша қанат	https://www.youtube.com/watch?v=vXBNwXVRAes «Қар жинау» ойыны

	- Дұрыс айтасыңдар, балалар, осы сиыр, қойды үй жануарлары деп атайды. Үй жануарларына сонымен бірге жылқы, түйе, ешкі де жатады.	қағайық Алақанды соғайық Орнымызда табайық.	
Негізгі бөлім	- Балалар, сендерді ата - әжелерің қандай сөздермен еркелетеді? - Сендерді ата - әжелерің жақсы көріп, сүйкімді жануарлардың аттарымен еркелетеді екен, қандай тамаша! - Балалар, осы сүйкімді жануарлар төрт түлікке жатады. Олар: түйе, жылқы, сиыр, қой, ешкі. Түйенің баласы - бота, сиырдың баласы - бұзау, қойдың баласы - қозы, ешкінің баласы - лақ, жылқының баласы - құлыншақ. Халқымыздың байлығы да, берекесі де осы малдар. Адамға пайдасы өте көп. Сүтін ішеміз, етін жейміз, киім қыламыз. Сиырдың, қойдың, сүтінен май, құрт, айран, ірімшік жасайды. Адамдар да оларға қамқорлық көрсетеді. Бағады, шөп, жем, су береді, сауады, көптеген күтім жасайды. Үй жануарлары өздері күн көре алмайды. Ата бабамыздан келе жатқан қасиетті жануарларды өте жақсы көрген, күтіп, қасиеттеп қараған. Жарайды, балалар ендеше мен сендерге жұмбақ жасырайын шешуін кім табады екен? - Кішкене ғана бойы бар Айналдырып киген тоны бар. (Қой) - Қане, балалар ендеше қойдың дыбысын салыңдаршы. Екі айнасы бар Екі найзасы бар Төрт жылтырмағы бар Бір шыпыртқысы бар. (Сиыр) Екеуі елеңдеп келеді Төртеуі төбелесіп келеді . (Жылқы)	- Ботақаным, қозым, құлыным, еркем, кішкентай лағым, қошақаным. Білім алушылар үй жануарлары жайында білетіндерін ортаға салып, әңгімелеп береді жұмбақтарды шешеді - Қой - мә - мә маңырайды - Сиыр - мө - мө мөңірейді - Жылқы - е - е - е кісінейді	
	Мәтінмен жұмыс (танысу) Үй хайуандары Жылқы, түйе, сиыр, қой,	Білім алушылар мәтін бойынша	

	ешкі, ит, мысық, адамның үйінің маңайында тіршілік етеді. Сол үшін үй хайуандары деп аталады. Үй хайуандары адамға көп пайда келтіреді. Жылқыға мінеді, оны арба мен шанаға жегеді, сүтінен қымыз ашытады. Семіздерін қыс мезгілінде соғымға сояды, терісін сатып, ақша қылады. Түйеге жүк артады, жабағысы күпіге жақсы болады, сатса, жүні пұл болады. Сиыр мен қой адамдарды етімен, сүтімен асырайды. Ит қасқыр мен ұрыдан сақтап, қора күзетеді. Осылардың бәрі тегін қызмет етпейді. Олардың қызметі үшін адам асырайды, бағады, қысты күні аяздан тоңбайтын жылы қора жасайды, ұры, бөріден сақтау үшін бақташы қояды. Үй жануарларының түрлері және олардың тіршілігі туралы ақпарат беру: Жылқы: тасымалдаушы, егінге көмектеседі. Қой, сиыр: сүт береді, терісі де пайдалы. Тауық: жұмыртқа береді, етін пайдаланамыз. Сұрақ-жауап - Үй жануарларының денесі қандай бөліктер бар? - Жануарлар қандай өсімдіктермен қоректенеді? - Олар өсімдіктерге қалай әсер етеді? Жануарлар кейбір өсімдіктерді жеу арқылы олардың тұқымдарын таратады. Бұл арқылы өсімдіктер жаңа орындарға жайылып, көбейеді. Мысалы, құстар жеміс-жидектерді жеп, тұқымдарын басқа жерлерге тастап кетеді.	қойылған сұрақтарға жауап береді Білім алушылар өз ойларымен бөліседі	
Қорытынды бөлім	- Біз үй жануарларының түрлері мен олардың адамға пайдасын, сондай-ақ олардың қалай күтім жасау керектігін білдік. Үй жануарларына	Білім алушылар	

	қамқорлық жасау өте маңызды екенін түсіндік. - Үй жануарларының өмірі мен адам өміріне қандай пайдасы бар? - Сіз қандай үй жануарларын асырайсыз немесе асырағыңыз келеді?	сұрақтарға жауап бере отырып, өз ойларымен бөліседі	
--	---	--	--


Апта тақырыбы: Мен және менің отбасым Пән: әліппе, бейнелеу өнері		Мекеме атауы: Мұғалімнің аты - жөні	
Сынып: 1			
Кіріктірілген сабақ мақсаты	отбасы мүшелерінің рөлі мен маңызын түсіндіре отырып, «Мен және менің отбасым» тақырыбы бойынша жаңа сөздер мен тіркестерді үйрету, отбасы мүшелеріне деген сүйіспеншілік пен құрмет сезімін қалыптастыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту арқылы отбасы мүшелерінің бейнесін суретте бейнелеуге үйрету		
Сөздік қорды толықтыру	отбасы, ата, әже, әке, ана, сіңлі, қарындас, әпке, аға, іні, тату-тәтті, дәстүр, шежіре		
Қолданылатын әдіс-тәсілдер	сұрақ-жауап, диалогтік оқыту, көрнекілік әдісі, шығармашылық жұмыс		
Дағдылар: Ресурстар:	танымдық және шығармашылық мазмұнды суреттер, бейнелеу өнеріне арналған құрал-жабдықтар, магниттік карточкалар		
КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕ:			
Білуі тиіс:	отбасы мүшелерінің аталуын біледі және дұрыс қолдана алады		
Түсініктерді игеру:	үлкенге-құрмет, кішіге-ізет көрсету туралы түсінік қалыптасады		
Білік, дағдыларды меңгеру және дамыту:	отбасы мүшелерін жас ерекшеліктеріне қарай ажырата алады, отбасының суретін салады		
Жоспар			
Сабақ кезеңдері	Педагогтің әрекеті	Білім алушының әрекеті	Ресурс
Сабақтың басы	Ширату «Күн сәулесі» ойыны - Балалар, бір сәт көздеріңді жұмып, отбасындағы туыстарыңызды еске түсіріңдерші - Күн сәулесі кімге нұрын шашады? - Аталарына. - Күн сәулесі кімге шуағын шашады? - Әжелеріне. - Күн сәулесі кімге қызуын береді? - Әкелеріне. - Күн сәулесі кімге жарығын береді? - Аналарына.	Білім алушылар көздерін жұмыс туысқандарын еске түсіреді (аталарын жақсы көретін балалар ортаға шығады) (әжелерін жақсы көретін балалар ортаға шығады) (әкелерін жақсы көретін балалар ортаға шығады) (аналарын жақсы көретін балалар ортаға шығады)	

	- Ата, әже, әке, ана, апа, аға, әпке барлығын бір сөзбен қалай айтуға болады?	(балалар шеңбер құрайды) - Отбасы	
Негізгі бөлім	«Қимыл, ым-ишара» арқылы топ құру Пазл құрастыру арқылы білім алушыларды 4 топқа бөлу. «Ыстық картоп» әдісі - Сенің отбасыңда неше адам бар? - Отбасы мүшелерін ата. - Отбасында кімді жақсы көресің? - Анаңа қалай көмектесесің? - Үйге қонақ келгенді ұнатасың ба? - Үйдегі іні, қарындасыңа қалай көмектесесің? <i>Отбасы – ең жақын және туыс адамдар. Әр отбасында жақсы қарым-қатынас болуы маңызды. Отбасы мүшелерін отбасылық дәстүрлер біріктіреді. Әр әулеттің өз тарихы бар. Сенің әулетіңнің тарихы – ата-бабаңның өмірі. Отбасының мұндай тәртібін шежіре дейді.</i> Дереккөз Сен білесің бе? Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясы 1993 жылы 15 мамыр – Халықаралық отбасы күні деп жариялады. Бұл күнді белгілеу туралы шешім әлем жұртшылығында көптеген отбасылық мәселелерге назар аудару үшін қабылданды. Отбасы күнін Мемлекет басшысының Жарлығымен қыркүйек айының екінші жексенбісінде аталып өтіледі. - Халықаралық отбасы күні қашан мерекеленеді? - Біздің елімізде қашан аталып өтеді?	Атаның, әженің, әкенің, ананың суретін құрастырады. Білім алушыларға сұрақтарға жауап береді дәстүр, шежіре сөздерінің мағынасын түсінеді сұрақтарға толық жауап береді	интербелсенді тақтадан мәтін таныстырылады
	- Балалар, суреттерден кімдерді көріп отырсыңдар? - Осы сурет бойынша әңгіме құрастырыңдар. Ойын «Суреттер сөйлейді». Постерлер бойынша өлеңдермен	Білім алушылар сурет бойынша әңгіме құрастырады Білім алушылар өз	

	танысу Ең жақын адамдар, Әкем мен анам бар. Әкемнің әкесі, Ақ басты атам бар. Әкемнің шешесі, Ақ шашты әжем бар. Ұлдардың үлкені, Бір туған ағам бар. Қыздардың үлкені, Бір туған әпкем бар. Ұлдардың кішісі, Бір туған інім бар. Қыздардың кішісі, Бір туған қарындас, Әпкеге - сіңлі бар. Шығармашылық жұмыс. Енді біз сендермен үш топқа бөлініп, әр топ өз тапсырмаларын орындайды. Бірінші топ «Менің отбасым» тақырыбы бойынша отбасы мүшелерінің суреттерін қарындаш, фломастермен салады. Екінші топ отбасы мүшелерін ермексаздан мүсіндейді. Үшінші топ отбасы мүшелерін қолдан жасалған материалдармен немесе түрлі-түсті қағаз, картон, қию және жапсыру әдісін қолдана отырып жапсырады. Жұмыс жасаған кезде балаларға ұнтаспадан отбасы, отбасы мүшелері туралы әдемі әуен қойып тыңдатуға болады. Сабақтың соңында балалар шығармашылық тапсырма нәтижелерінен көрме ұйымдастырады.	ойларымен бөліседі Білім алушылар өз ойларымен бөліседі Білім алушылар үш топқа бөлініп, өз тобына берілген тапсырманы орындайды	
Қорытынды бөлім	Сызбаға мұқият қарап, сұрақтардың көмегімен өзіңе қатысты туыстық атауларды анықтап, жаз. - Әкеңнің әкесі саған кім болады? - Анаңның анасы кім болады? - Оларға сен кім боласың?	Білім алушылар сұрақтарға жауап жазады	

Апта тақырыбы: Табиғат әлемі. Күз сыйлығы
Пән: математика, еңбекке баулу

Мекеме атауы:
Мұғалімнің аты - жөні

Сынып:1			
Кіріктірілген сабақ мақсаты:	күз мезгілінің ерекшеліктері мен сыйлықтар туралы түсінік бере отырып, математика пәнінде қарапайым есептер шешуге үйрету және көркем еңбек арқылы күзгі сыйлықтарды бейнелеп жасау дағдыларын дамыту		
Сөздік қорды толықтыру:	күз, сыйлық, жапырақ, жеміс, табиғат, өсімдік, қураған, бау-бақша, түсі (қызыл, сары, қоңыр), табиғат құбылыстары, қыркүйек, қазан, қараша		
Қолданылатын әдіс-тәсілдер:	сұрақ-жауап, көрнекілік әдісі, шығармашылық жұмыс		
Дағдылар: Ресурстар:	танымдық және шығармашылық математика кітаптары, сандық карточкалар, қағаз, картон, желім, қапсырма		
КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕ:			
Білуі тиіс:	1-5-ке дейінгі сандар қатарын белгілеп үйренеді, күз айларын біледі		
Түсініктерді игеру:	сандық қатарды қолдануды меңгеріп, қарапайым есептерді шығаруды түсінеді, күз мезгілінің табиғи сыйлықтарын және табиғаттағы өзгерістерді көркем түрде бейнелей алады		
Білік, дағдыларды меңгеру және дамыту:	күзгі тақырыпта шығармашылық жұмыстарды орындап, заттарды санап үйреніп, өздерінің математикалық және көркем еңбек дағдыларын дамытады		
Жоспар			
Сабақ кезеңдері	Педагогтің әрекеті	Білім алушының әрекеті	Ресурс
Сабақтың басы	Шаттық шеңбері Қане, қане, тұрайық, Үлкен шеңбер құрайық. Оң жақтағы көршіме, Сол жақтағы көршіме Күлімсіреп қарайық. - Қазір жылдың қай мезгілі? - Оны қандай белгілері арқылы таныдыңдар? - Күз мезгілінде 3 ай бар. Олар: қыркүйек, қазан, қараша.	Білім алушылар шаттық шеңберін құрып, бір-біріне күлімсірейді Сұрақтарға жауап береді	
Негізгі бөлім	«Жемістер жинайық» ойыны арқылы 3 топқа бөлу Жұмбақтар шешу Жауып жаңбыр, Жер сабыр, Шөп, жапырақ солады Бұл қай кезде болады? (Күз) Жалаңаштанып білегі, Жадауланып тұр өңі. Қауырсыны бұрқырап,	жұмбақтарды шешеді берілген себеттерге жемістер мен көкөністерді бөліп салады, санайды	

	Сары ала қаздай түледі. (Күзгі ағаш) - Алдарындағы жемістер мен көкөністерді себеттерге бөліп салып, санаңдар. «Жапырақ жинау» ойыны. Мақсаты: санау дағдыларын қалыптастыру. Шарты: ортаға шыққан балалар түрлі ағаштардың жапырақтарын жинап, санайды және түсін айтады да ағаш бұтақтарына іледі.	Жапырақтардың түсін ажыратады, санайды	
	- «Саңырауқұлақтар саясында» ертегісімен танысу Шығармашылық жұмыс. Енді біз сендермен үш топқа бөлініп, осы күз сыйлықтарын әртүрлі әдістермен жасайық. Бір топ күз байлақтарының суреттерін бояулармен, қарындаш, фломастермен салады. Екінші топ күз байлықтарын мүсіндейді. Үшінші топ түрлі-түсті қағаз, картоннан жұлмалап қию әдісімен жапсырады. Жұмыс жасаған кезде балаларға үнтаспадан әдемі әуен қойып тыңдатуға болады. Сабақтың соңында балалар шығармашылық тапсырма нәтижелерінен көрме ұйымдастырады.	Ертегі мазмұны бойынша берілген сұрақтарға жауап береді өз тобына берілген тапсырмаларды орындайды	https://erketai.kz/ertegiler-alemi/saniraukulak-saysinda/?ysclid=m4ttxw0w8i924060927
Қорытынды бөлім	Шаттық шеңбері	Берекесін сыйлауға, Өлкемізге күз келді. Жемістерін жинауға, Шақырады біздерді.	

Апта тақырыбы: Мен және менің мектебім Пән: әліппе, музыка	Мекеме атауы: Мұғалімнің аты - жөні
---	--

Сынып: 1			
Кіріктірілген сабақ мақсаты:		мектеп туралы түсінік беріп, «Мен және менің мектебім» тақырыбы бойынша жаңа сөздер мен тіркестерді үйрету, мектеп өмірі туралы ән айту арқылы музыкалық талғамдарын дамыту, сөздік қорларын байыту және шығармашылық қабілеттерін арттыру	
Сөздік қорды толықтыру:		мектеп, білім алушы, сынып, мұғалім, сыныптас, дәптер, оқулық, тақта, мектеп алаңы, мектеп формасы	
Қолданылатын әдіс-тәсілдер:		сұрақ-жауап, диалогтік оқыту, көрнекілік әдісі, шығармашылық жұмыс	
Дағдылар: Ресурстар:		танымдық және шығармашылық мазмұнды суреттер, магниттік карточкалар	
КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕ:			
Білуі тиіс:		мектепке қатысты негізгі сөздер мен тіркестерді біледі және қолдана алады	
Түсініктерді игеру:		мектептің маңыздылығын, оқу орындарының құрылымын және мектептегі өмір туралы түсінік алады	
Білік, дағдыларды меңгеру және дамыту:		өз мектебін сұлбасын құрыстыра алады, мектеп өмірі туралы пікір алмасып, көркемдік дағдыларын дамытады	
Жоспар			
Сабақ кезеңдері	Педагогтің әрекеті	Білім алушының әрекеті	Ресурс
Сабақтың басы	Шаттық шеңбері Ы. Алтынсарин «Кел, балалар, оқылық!» өлеңін тыңдап, алғашқы мектеп туралы бейнежазба көрсетіледі. Кел балалар, оқылық! Оқығанды көңілге Ықыласпен тоқылық, Оқысаңыз балалар Шамнан шырақ жағылар, Тілегенін алдынан Іздемей – ақ табылар. - Балалар, мектеп туралы не білеміз? - Мектептің біздің өмірімізде алатын орны қандай деп ойлайсыңдар?	Білім алушылар өлеңді хормен қайталайды Сұрақтарға жауап береді	https://www.youtube.com/watch?v=AS5yasBtN-Y
Негізгі бөлім	«Заттар бойынша бөліну» тәсілі бойынша өз заттарын педагогке бере отырып, топтарға бөлінеді. Топ ішінде буындар арқылы сөз құрастыру арқылы жұпқа бөлінеді. Жұпта талқылау - Білім алушылар мектепке	берілген буындар арқылы сөздер құрыстырады Өлең жолдарын тыңдап, ойларымен	буындар жазылған карточкалар

	не үшін барады? - Өлең жолдарын тыңдайды. Мектебің, мынау – класың, Осында он жыл тұрасың. Тарыдай болып кіресің, Таудай болып шығасың. <i>М. Мақатаев</i> «Сәйкестендіру» әдісі - суреттерге мұқият қарап, кімге не керек екенін анықта. <i>1-топ</i>  <i>2-топ</i>  <i>3-топ</i>  Мектепте кімдер жұмыс жасайды? тапсырмасын орындау. - Мектепте кімдер жұмыс істейді? - Суретте кімдер бейнеленген? - Олар туралы топта әңгімелеу.	бөліседі суреттерге мұқият қарап, кімге не керек екенін анықтайды сұрақтарға толық жауап береді Білім алушылар сурет бойынша әңгіме құрастырады	
	- Жаңа сөздерімен таныстырып, олардың мағынасын ашу және сөйлемдер құрастыру Шығармашылық жұмыс. 1) Мектепке енді барамыз Біз оқушы боламыз. Жақсы оқып сабақты, Кілең бестік аламыз. Қайырмасы Ән салайық бас қоса. Бақшаменен қоштаса Қалам, дәптер, өшіргіш Кітаптармен достаса	Берілген сөздермен сөйлемдер құрастырады Ән айтқан кезде білім алушылар әннің сөздерін тыңдап, дұрыс қайталап, әуенге сәйкес дауыстарын реттеп, бірге көңілді түрде	Мектеп, білім алушы, сынып, мұғалім, дос, дәптер, қалам, парта, оқулық, кітап https://www.youtube.com/watch?v=sCuOfM2PBO8

	2) Ойыншықты жинаймыз Бөбектерге сыйлаймыз Үлкен болып, өссек те, Бақшамызды қимаймыз Қайырмасы: 3) Біз мектепке барамыз, Қолға қалам аламыз. Кітапты да оқимыз, Суретті де саламыз.	орындап, қимыл- қозғалыс жасайды	
Қорытынды бөлім	Суретпен жұмыс	Білім алушылар суретті мұқият қарап, білім алушылардың іс- әрекетін әңгімелейді Сыныптастарымен нені бірлесе орындауға болатынын мысал келтіре отырып әңгімелейді	

Оқушының аты _____

Мәтінді оқы. Мағынасы жуық сөздерді теріп жаз.

Менің досым _____

Менің досымның аты-Әсет. Екеуіміз адал доспыз, жолдаспыз.
Әсет- алғыр, зерек бала. Мен де достықты бағалаймын.

Мағынасы қарама-қарсы сөздерді тауып жаз.

биік - _____

оңай - _____

бар - _____

қуаны - _____

күн - _____

Теректі сөздер: тұн, аласа, жоң, пенж, ұшын.

Оқушының аты _____

Заттың қимылын білдіретін сөздермен толықтыр

Әлия кітапханадан кітап _____

Өсем көгеністен салат _____

Сәния гүлдерді _____

Жанар театрға _____

Мәтінді оқы. Қимылды білдіретін сөздерді теріп жаз.

Тоғайда түрлі аңдар болады. Қалың шатқалға қояндар
жасырынады. Қызыл түлкілер тоғай кезіп жүреді. Тиіндер
ағаштан-ағашқа секіреді.

Балаларға ат қойып, сөйлемдер құрастырып жаз.





Оқушының аты _____

Өлеңді көшіріп жаз. Жаттан ал. Суретті боя.

Күшігім менің Ақтабан,
Бекер қарап жатпаған,
Спыр кірсе аулаға,
Аулаққа қуып тастаған

Ат пен иткі қатысты атауларды сызықпен қос.

Мойнақ

Ақтөс Күтжол

Ақтабан

Қарақасқа Байшұбар

Құлагер Тайбурыл

Қарауыз Тарзан







Тілге бойлата оқыту топтарына арналған ойындар жинағы (санамақтар, тақпақтар қоса берілген)

1. Сөйлеу тынысын дамытуға бағытталған ойындар мен ойын жаттығулары

Мақсаты: дұрыс сөйлеу тынысын дамыту. Мұрын арқылы демді ішке тарту және ауаны сыртқы шығару кезінде дыбыстарды, буындар мен жекелеген сөздерді, екі және үш-төрт сөзден тұратын сөйлемдерді, жаңылтпаштар мен мақалдарды айту. Мұндай әдіс дыбыстардың дұрыс айтылуын қамтамасыз етеді, сөйлеудің қалыпты дауысын, кідірістерді (үзілістерді) сақтауға, сөйлеу барысында интонацияны сақтауға жағдай жасайды.

Міндеттері: бүкіл тыныс алу жүйесінің бұлшық еттерін нығайтуға көмектесу, өкпемен терең тыныс алуға үйрету. Дұрыс тыныс алуды дамыту. Ұрандарды, ұйқастарды, жаңылтпаштар мен мақалдарды бір деммен айтуға үйрету.

«Жер». «Адам». «Ғарыш» ойыны – балалардың тыныс алуын реттеуге және денесін босаңсытуға бағытталған қарапайым жаттығу. Ойын барысында балалар үш түрлі қимылды орындайды, әрбірі белгілі бір бейнені – жерді, адамды және ғарышты білдіреді. Әр әрекет тыныс алу мен қимыл үйлесімділігін қажет етеді.

Ойынның бірінші кезеңі – «Ғарыш». Бұл кезеңде білім алушылар қолдарын жоғары көтеріп, терең тынысты ішке тартады. Содан кейін қолдарын баяу төмен түсіре отырып, мұрын арқылы тынысты шығарады. Бұл қозғалыс ғарыш кеңістігін елестетіп, білім алушының бойындағы сергектікті арттыруға көмектеседі.

Келесі кезең – «Адам». Білім алушылар қолдарын екі жаққа, көз деңгейіне дейін жайып, мұрын арқылы тыныс алады. Осыдан кейін қолдарын баяу төмен түсіре отырып, ауыз арқылы тынысты шығарады. Бұл әрекет адам бейнесін көрсетіп, тыныс пен дене қозғалысын үйлестіруге бағытталған.

Үшінші кезең – «Жер». Білім алушылар алақандарын жоғары қаратып, қолдарын кеуде тұсына дейін көтереді және мұрын арқылы тыныс алады. Содан кейін алақандарын төмен қаратып, қолдарын төмен түсіреді және мұрын арқылы тынысты шығарады. Соңында бір сәтте күрт тыныстап, қолдарын төменге түсіріп, толық тыныс шығарады. Бұл кезең білім алушыны жермен байланыс сезімін түйсінуге баулып, денесін тыныштандырады.

Ойын біртіндеп және жүйелі орындалады. Әрбір кезең білім алушылардың қимыл-қозғалыс координациясын жақсартып, тыныс алу жүйесін дамытуға ықпал етеді. Педагог әр қимылды баяу, анық көрсетіп, балалардың дұрыс орындауын қадағалайды.

«Үрлейміз...» – білім алушылардың тыныс алуын реттеуге, мойын мен иық бұлшықеттерін босаңсытуға бағытталған тыныс жаттығуы. Бұл ойын тыныс алу мен қимыл-қозғалысты үйлестіруге көмектеседі.

Ойынның басында білім алушылар тік тұрады. Аяқтары мен қолдарын еркін, босаң ұстайды. Алдымен олар мұрын арқылы терең тыныс алады. Содан кейін демін сыртқа шығара отырып, бастарын оң жаққа бұрады. Осы кезде еріндерін жеңіл ғана дүрдитіп, иықтарын үрлегендей етіп қозғалыс жасайды.

Бастарын қайта тік қалыпқа келтіргенде, мұрынмен тыныс алып, басты сол жаққа бұрады да дем шығарады. Тағы да басты тік қалыпқа келтіріп, мұрын арқылы тыныс алады. Бұдан соң бастарын жоғары көтереді де, сол мезетте демін шығарады. Қайтадан тік қалыпқа оралып, тыныс алып, енді бастарын төмен түсіргенде дем шығарады.

Бұл жаттығу арқылы білім алушылардың тыныс алу ритмі қалыптасып, дене бұлшықеттері босайды. Педагог жаттығудың әр кезеңін баяу және түсінікті түрде көрсетіп, балалардың дұрыс орындауын бақылайды. Ойын күнделікті сергіту сәті ретінде тиімді қолданылады.

«Оң иыққа үрлейміз, Сол иыққа үрлейміз, Жоғарыға үрлейміз, Төмен қарай үрлейміз».

«Жүрек» – білім алушылардың эмоционалдық күйін реттеуге, тыныс алуын біріздендіруге және ішкі тыныштықты сезінуге бағытталған тыныс алу

жаттығуы. Ойын қарапайым, бірақ балалардың өзін-өзі сабырландыруына, дене және сезім күйін үйлестіруіне көмектеседі.

Ойын басталғанда білім алушылар шеңбер бойымен немесе жай ғана өз орындарында айнала отырып жайғасады. Олар алақандарын кеуделеріне, жүрек тұсына қояды. Көздерін жұмса да, ашық ұстаса да ең бастысы, дене босаңсыған, көңіл тыныш күйде болуы керек.

Педагогтың нұсқауымен балалар мұрын арқылы терең тыныс алады. Демдерін сыртқа шығарған кезде созыңқырап, бәсең дауыспен «с-с-с» деп айтады. Бұл дыбысты айтқанда, педагог: «Жүрегімізді тыныштандырамыз» деп бағыт-бағдар береді. Осы қимыл үш рет қайталанады. Әр қайталауда балалардың тынысы бірқалыпты және баяу болуы, ал қимылдары жұмсақ әрі шынайы сезіммен орындалуы маңызды.

Ойын соңында балалар тыныш қалыпта біраз отырады. Бұл жаттығу олардың бойындағы күйзелісті азайтып, оқу процесіне жағымды көңіл-күймен қайта оралуға мүмкіндік береді. Педагог жаттығуды күнделікті сергіту немесе релаксация сәті ретінде қолдануына болады.

«Отыншы» жаттығуы. Білім алушылар қатарға тұрады: аяқтары иықтың ендігінде, қолдары бос. Саусақтарын байлап, төбеге көтеріп, дем алады, қолдарын төмен түсіріп «Yh-h-h» деп дем шығарады (4 рет қайталайды).

Тіл дамытуға арналған сергіту жаттығулары мен фонетикалық ритмикалық жаттығулары

1) «Қозы»

Балалар хормен айтады:

-зы, -зы, -зы, көрдік біз қозы

-за, -за, -за, сен болма ыза.

-риза, -риза, -риза, шөп берсек риза!

2) «Кірпі»

Балалар хормен айтады:

- ні, -ні, -ні, көрдік біздер Кірпіні.

- ге, -ге, -ге, жақындадық Кірпіге.

- ні, -ні, -ні, қолға алдық Кірпіні.

(Білім алушылар кірпі-массажерін алады).

3) «Жаңылтпаш айтамыз»

Білім алушылар бір деммен жаңылтпаш айтады:

Ұшып кетті үш құс,

Ұшып келді үшқыш.

Сөйлеу элементтері бар саусақ және қол ойындары

Саусақ гимнастикасын пайдалана отырып, мәтіндерді жаттау білім алушылардың сөйлеу тілін дамытуға көмектеседі және қолдың ұсақ моторикасын дамытады. Білім алушылардың жадын дамытады, олар қозғалыстардың ретін еске сақтауды үйренеді. Саусақ ойындарының кейіпкерлері әртүрлі болуы мүмкін. Мысалы, өрмекші мен көбелек, ешкі мен қоян, ағаш пен құс, күн мен жаңбыр тамшылары білім алушылардың қиялы мен

шығармашылықтарын дамытуға көмектеседі. Білім алушылар мәтіндер мен қозғалыстарды педагогпен бірге қайталайды. Жаттығуларды игеріп алған соң, олар өз саусақтарымен тұтас тарихтар «әңгімелеп» бере алады. Осындай жаттығулардың арқасында білім алушылардың қолдары мен саусақтары дамып, икемді болады.

Мәтін элементтері бар қозғалу ойындары.

Мәтін элементтері бар қозғалу ойындары білім алушылардың қажетті қозғалыс дағдыларын қалыптастырып қана қоймайды, сондай-ақ сөйлеудің мағыналық жағын түсінуге көмектеседі, білім алушылардың қазақ тіліндегі сөздерді түсіну қабілеттерін дамытады. Бұл ойындар дене шынықтыру сабақтарында, ойын-сауықтарда, бос уақыттарда, серуенде ойнатылады.

Қозғалу ойындарын ұйымдастыруда санамақтардың маңызы зор, білім алушылар санамақтардың көмегімен ойындардың жүргізушілерін анықтайды. Санамақты білім алушыларға алдын ала жаттатқызған жөн.

Міндеті: білім алушылардың қозғалыстар мен мәтінді үйлестіру шеберліктерін дамыту, белгіні тыңдауға үйрету, сөздерді дұрыс айтқызу, сөздік қорларын және сөйлеу тілдерін дамытуға көмектесу. Қазақ тіліндегі білім алушылардың сөйлеу тілдерін дамыту.

«Даусынан таны» ойыны

Міндеттері: есту қабілеттерін дамыту, ойын ережелерін орындау, белгіге тез үн қату, сөйлеу тілін дамыту.

Түсіндіру: білім алушылар айнала тұрады, ортаға жүргізуші шығады, көзін жұмады. Білім алушылар айнала жүре бастайды:

*«Көңілдендік, шаттандық,
Орнымызға баптандық.
Сен, Әсетжан айта ғой,
Кім шақырды таба ғой!»*

Мәтін аяқталған кезде, білім алушылар тоқтай қалады. Педагог ойыншылардың бірі көрсетеді. Әлгі бала жүргізуші баланы атын айтып шақырады. Жүргізуші бала көзін ашпастан, оны кім шақырғанын табуы керек. Егер ол тапса, көзін ашады да, әлгі баламен орын ауыстырады. Егер қателессе, ойын қайталанады. Білім алушылар кері бағытта айналады.

Ойын ережесі: жүргізуші өзінің атын атаған баланы тапқанша, көзін аша алмайды.

«Іш пысты» ойыны

Міндеттері: сапқа тұруды үйрету. Ептілікке баулу. Жүгіруге жаттықтыру. Сөйлеу тілін дамыту.

Түсіндіру: білім алушылар екі топқа бөлінеді, залдың екі шетіне барып қатарға тұрады:

*Отырудан зеріктім,
Дым істемей еріктім.
Тым-тырақай қашайық,
Орнымызды табайық!-дейді.*

Тақпақ аяқталған кезде, барлық білім алушылар қарама-қарсы қабырғаға қарай жүгіріп барып, қатарға тұрады.

«Қуғыншылар» ойыны

Міндеттері: қозғалыс бағыты мен қарқынын өзгерте отырып жүгірту, сөйлеу тілін дамыту.

Түсіндіру: білім алушылар санамақтың көмегімен қуғыншыны таңдайды. Қуғыншы қабырғаға қарап тұрады. Қалған білім алушылар қарсы беттегі қабырғаға барып тұрады.

Музыканың сүйемелдеуімен білім алушылар қуғыншыға жақындайды да, шапалақ соғады:

Бір, екі, үш, төрт, бес,

Қағып ал тез!

Одан кейін орындарына жүгіреді. Қуғыншы балаларды қуалайды. Қолы тиген бала, ойыннан шығады. 3-4 бала ойыннан шыққан кезде, қайта санамақ айтылып, жаңа қуғыншы таңдалады. Ойын қайталанады.

Ойын ережесі: қуғыншы мәтіннің соңғы сөзі айтыла салып, балаларды қуалайды.

Тілге бойлау топтарына арналған дене шынықтыру ойын-сауықтары мен спорт мерекелерінің тақырыптық үлгілері

Қазақ тілін меңгеру, қазақша сөйлеуді жан-жақты дамыту «Тілге бойлау» топтарындағы білім алушылардың зияткерлік және физикалық дамуы міндетін шешудің негізгі шарты болып табылады.

Педагог мамандар мен білім алушылардың және ата-аналардың бірлескен белсенді демалысының тиімді формасы ретіндегі дене шынықтыру мерекелері мен ойын-сауық білім алушыларды физикалық дамытудың бір түрі болып табылады. Дене шынықтыру мерекелері мен ойын-сауық жағымды сезімдер тәрбиелеуге, білім алушылардың жоғары қимыл-қозғалыс белсенділігін қалыптастыруға, тілге бойлау топтарында өзара емін-еркін қарым-қатынасты қамтамасыз етуге бағытталған.

Залды немесе аланды әсерлі көркемдеу, қажетті атрибуттар мен спорт жабдықтарын дұрыс таңдау, педагогтың көтеріңкі көңіл-күйі білім алушыларды бір-бірімен қазақ тілінде еркін сөйлесуге, қазақ тілін мағыналық тұрғыдан түсінуге ұмтылдырады, ойлау, елестету қабілеттерін дамытуға, сонымен қатар бұрын иеленген қимыл-қозғалыс дағдылары мен машықтары негізінде олардың бойларында жауапкершілік, мақсатқа ұмтылушылық сияқты қасиеттерді қалыптастыруға ықпал етеді, өздерінің ықылас-тілектерін тежей білуге, табандылық көрсете білуге үйретеді.

Мақсаты: тілге бойлау топтарында салауатты өмір салтын қалыптастыру, білім алушыларды көпшілік спорттық іс-шараларға қызықтыру, сөйлеу қабілеттерін дамыту.

Міндеттері:

- білім алушылардың қазақ тілінде байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамыту, оларды қазақ тілінде белсенді сөйлесуге ынталандыру, сөздік қорын байыту;

- дене шынықтыру мерекелері мен ойын-сауықтары арқылы қимыл-қозғалыс дағдылары мен машықтарын жетілдіру;

- ойын кезіндегі әдеттегіден тыс жағдайда физикалық қасиеттерін және сөйлеу белсенділігін танытуға ұмтылдыру;

- танымдық белсенділікті қалыптастыру;

- ұжымшылдыққа, өзара көмек көрсетуге және бір-бірімен достық қарым-қатынаста болуға баулу.

Көпшілік дене шынықтыру іс-шаралары

Дене шынықтыру ойын-сауықтары білім алушылар арасында айына 1 рет ұйымдастырылады.

Ойындардың ұзақтығы білім алушылар үшін 20-30 минут. Дене шынықтыру ойын-сауығы арнайы дайындықты қажет етпейді. Ол балаларға таныс жаттығулардан, ойын тапсырмаларынан, қозғалмалы ойындардан тұрады, бұлар бір тақырыпқа бағынады, қозғалыс дағдылары мен машықтарын бекітеді, физикалық қабілеттерін дамытады, сонымен қатар білім алушылардың қазақ тіліндегі сөздік қоры байып, кеңейеді және сөйлесу дағдылары белсендендіріледі. Педагог ойын-сауыққа белсенді қатысады және оны жүргізеді, педагогтың командасы бойынша ойындар басталады және аяқталады, ол білім алушыларды өзара қазақ тілінде сөйлесуге итермелейді.

Спорттық мерекелер білім алушылар арасында жылына 2 рет ұйымдастырылады. Ойын-сауықтың ұзақтығы білім алушылардың жас ерекшеліктеріне қарай анықталады. Спорт мерекелерінің мазмұны жыл мезгіліне байланысты. Оны дайындауға педагогтер, білім алушылар және ата-аналар қатысады. Мұндай өзара іс-әрекет оларды білім алушылар мен үлкендердің қазақ тілінде еркін қарым-қатынас жасауына ұмтылдырады.

Спорт мерекелері мен ойын-сауықтары жыл мезгілінің барлық маусымдарында ашық далада да, сонымен қатар іште де өткізіледі.

Спорттық іс-шаралар ұйымдастыру кезіндегі жас ерекшеліктері

Білім алушыларды педагог қозғалыстық сипаттағы ұжымдық және жеке іс-әрекеттерге шамаларына қарай қатыстырып, оларды оң әсерлермен байытып, қуанышты көңіл-күйге бөлейді. Бұл педагогтың қазақ тілінде сөйлегенін білім алушылардың естулеріне, түсінулеріне көмектеседі және қазақ тілінде сөйлесуге ұмтылуларына ықпал етеді. Білім алушылар жаттығулар жасап, жарыс ойындарына өз беттерімен қатысып үйренеді, педагог білім алушыларды өздерінің қимыл-қозғалыс мүмкіндіктерін танытуға ұмтылдырады. Білім алушылар педагогтың сөзін түсініп, қазақ тілінде өз жетістіктері туралы әсерлерімен бөлісе алады.

Білім алушылардың бойында өздерінің қимыл-қозғалыс тәжірибелерін құрдастарымен және үлкендермен эмоциялық қарым-қатынас жағдайларында шығармашыл пайдалану дағдылары қалыптасады, олар қазақ тіліндегі

сәлемдесу, ұран, тақпақтарды саналы түрде естеріне сақтай алады және басқа білім алушылармен қосылып мәнерлеп айта алады. Білім алушылар әр түрлі тіршілік әрекеттерінде бастама көрсете алады, дене шынықтыру іс- шараларын дайындауға қатысады.

Дене шынықтыру ойын-сауықтары мен спорт мерекелерінде эстафета, жарыс элементтері бар ойындар, аттракцион ойындар, спорттық ойындар сияқты қозғалыстық сипаттағы ойындар пайдаланылады.

Эстафеталар – бұл ойынға қатысушының әрқайсысы өз командасының мүшесіне «эстафета» (доп, кегли, жалауша сияқты әр түрлі заттар немесе шапалақ) табыстап, қимыл-қозғалыстарды (қозғалыстар балаларға бұрыннан таныс болуы керек) кезекпен орындайды.

Жарыс элементтері бар ойындар – қатысушылар топтарға, командаларға бөлініп, қимыл-қозғалыстық тапсырмалар орындайды (мысалы: «Кімнің командасы бірінші сап түзейді?», «Допты кім бірінші апарып қояды?»).

Аттракцион ойындар – бұл қысқа ойын жаттығулары, қатысушылар өздерінің ептілігін, жылдамдығын, көзбен мөлшерлей алу қабілеттерін және қозғалысының үйлесімділігін көрсете алады (мысалы, «Мерген футболшы»).

Спорттық ойындар – спорттық ойындардың білім алушылар орындай алатын жеңіл элементтері (баскетбол, футбол, теннис, волейбол, хоккей).

Спорттық ойын-сауықтар мен мерекелерді өткізу кезіндегі қауіпсіздік ережелері

1) *Жылдың жылы мезгілінде спорттық ойын-сауықты, мерекелерді сыртта өткізер алдында – іс-шара өтетін алаңды мұқият қарап шығып, білім алушыларды жарақаттауы мүмкін заттардың болуына жол бермеу керек. Қысқы уақытта – алаңды қардан тазартып, қардан жасалатын қажет құрылыстарды дайындап қою керек.*

2) *Дене шынықтыру-спорттық іс-шараларды өткізуге дене шынықтыру нұсқаушысы, сынып жетекшісі, пән мұғалімі, аға медбике қатысады (олардың әрқайсысы өз міндеттерін білулері тиіс).*

- *медбикенің қол астында тез арада алғашқы медициналық жәрдем көрсету үшін шағын аптека болуы керек (ішінде не бар, не жоғын білуі тиіс).*

- *дене шынықтыру нұсқаушысы білім алушылардың физикалық мүмкіндіктерін ескеруі тиіс (шектен тыс шаршап-шалдығуына жол бермеуі керек).*

3) *Спорт киімі жыл маусымына, ауа райына сәйкес, ыңғайлы болуы керек.*

4) *Спорт жабдығы қауіпсіз, білім алушылардың жасына сәйкес болуы керек.*

Білім алушылардың спорттық мерекелерде жетістіктерге қол жеткізуі үшін педагог оларға келесі ережелерді орындауды үйретеді:

1. *Қарсылас командамен сәлемдесу – ұран мен тақпақ сөздерін анық, берілген ырғақпен және дауыс күшін түрлендіре отырып айтып шығу, бұл қазақ тіліндегі сөздердің мағынасын түсініп, меңгеруге ықпал етеді.*

2. *Командада – адал, тату, ережелерді бұзбай ойнау (ойын ережелері – заң).*

3. Спорт жарыстарында ойын ережелерін бұзбай отырып, ойдан тапқыштық, тапқырлық таныту.

4. Командалас досқа көмекке келу. Әр команданың заңы – «Бәріміз – біріміз үшін, біріміз – бәріміз үшін».

5. Жетекшіні тыңдау – ол басты адам, команда капитанына бағыну – ойын кезінде ол басты.

6. Жеңіске жетсеңдер – дандайсып кетпеңдер, мынаны есте сақтандар: ойын үстінде сендер – қарсылассыңдар, ал ойыннан тысқары – доссыңдар.

7. Жеңіліп қалсаңдар – жабықпаңдар, жеңімпазға алғыс айтыңдар.

8. Спортта байқаусыз ренжіткенге ренжімеңдер (*байқамай итеріп қалса немесе аяғыңды басып кетсе*).

9. Ойыннан және жарыстардан кейін спорт жабдықтарын, атрибуттарын орындарына қойып, оларға ұқыпты қарандар.

Дене шынықтыру іс-шараларына бірге дайындалуға қатысу, спорттық қызбалық, алдағы спорт жарыстарында жеңіске жетуге тырысу және іс-шараларға белсенді қатысу қазақ тіліндегі жаңа сөздерді сапалы әрі тез ұғып алуға және оларды қолданып сөйлеуге ықпал етеді.

Ал спорттық жаппай іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу, олардың әсерлілігі, тартымдылығы, әдеттегіден өзгешелігі білім алушыларды өз қатарластарымен және үлкендермен қазақ тілінде емін-еркін сөйлесулеріне өте жақсы ынталандырады.

«Ойлаймын, шығарамын, сөйлеймін»

Тілдік ортаға енгізуге арналған математика жаттығуларының үлгілері

Қарапайым математикалық түсініктерді дамытудағы педагогтың мақсаты: тілге бойлата оқыту топтарындағы білім алушылардың бойында математикалық мәдениеттің, математикалық тілдің, қазақ тілін үйрете отырып зияткерлік қабілеттердің негіздерін қалыптастыру болып табылады.

Міндеттері:

1) білім алушының жадын, зейінін, ойлау қабілеттерін дамыту;

2) қазақша сөздік қорларын толықтыру, өз ойларын жеткізе алуға, математикалық қарапайым сөйлемдер құруға үйрету;

3) математикаға деген танымдық қызығушылығын ояту.

Қарапайым математикалық түсініктерді дамыту барлық білім беру саласы арқылы өтеді, тек аралық тақырыптар ескеріледі және күнделікті қазақ тілін үйрену барысында үйретілетін қарапайым әдістердің бірі болып табылады.

Қарапайым математикалық түсініктерді дамыту жұмысы білім алушылармен жүргізілетін барлық жұмыстар барысында жүргізілуі тиіс:

- дене шынықтыру сабағында;
- музыка сабағында;
- әліппе;
- дүниетану, жаратылыстану оқу пәндері кезінде;
- серуенде;
- еңбекке баулу, бейнелеу өнері сабақтарында.

Дене шынықтыру сабағында – заттарды көлеміне қарап салыстыру, оң және сол жақты анықтау, реттік санаумен, геометриялық фигуралармен таныстыру, жыл мезгілдері мен тәулік мезгілдері туралы түсініктерді бекіту жұмыстарын жүргізуге болады.

Музыка сабағында – кеңістікті бағдарлау, мысалы: оң жақ, сол жақ, алдыңғы жақ, артқы жақ деген сияқты бағдарлармен танысу, сандық есептеуді үйрену: үш рет тепсіну, екі рет шапалақ соғу; жұптың ретін анықтау - бірінші жұп, екінші жұп, музыкалық аспаптарды геометриялық фигуралармен салыстыру: дабыл – шеңбер, домбыра – сопақша, асатаяқ – ромб.

Тілді дамытуда және әріптермен таныстыруда – ертегілерде реттік және сандық есептеулермен танысу, арифметикалық есептердің негіздерімен танысу, көркем шығармалармен танысу кезінде көлем және кеңістікті бағдарлау, тәулік мезгілдері, апта күндері, жыл мезгілдері сияқты түсініктерді қалыптастыру.

Серуенде - математикалық мазмұндағы «Шеңберге тигіз» (шаршы, үшбұрыш), «Сыныптар», «Қай команда көп доп лақтырады», «Формасына, түсіне, көлеміне қарап үйді тап» деген ойындар арқылы формалармен таныстыру, санауды үйрету.

Еңбекке баулуда – геометриялық жазықтықтармен және көлемді фигуралармен таныстыру, жазықтықта бағдарлауға үйрету, «үстіңгі жақ», «төменгі жақ», «ортасы» деген ұғымдармен таныстыру.

Бейнелеу өнері сабағында – форма туралы түсініктерін, геометриялық фигураларды түрлі-түсті мозайка туралы білімдерін жетілдіру, реттік санауды үйрету, сандардың графикалық көрінісімен (ермексазбен), жыл мезгілдері, тәулік мезгілдері туралы білімдерін бекіту.

Кіріктіру мақсатында шағын ойындар ойнатуға болады, сондай-ақ педагогтің қалауы бойынша білім алушылармен өзіндік жұмыстар жүргізуге болады. Мұндай кіріктіру білім алушылардың сөздік қорын байытуға, өз іс-әрекеттерін түсіндіре білуге үйретеді.

Педагог қазақ тілін үйреткен кезде, математикалық мазмұндағы ойындарды ойнатқан кезде негізгі заманауи әдістерді сақтай отырып, мына *шарттарды сақтауы керек*:

1) білім алушылардың жеке, психологиялық жас шамасының ерекшеліктерін ескеруі тиіс;

2) сабақ барысында жайлы психологиялық атмосфера жасауы, эмоциялық көңілмен сөйлеуі тиіс (педагогтың сабырлы, салмақты сөйлеу мәнері балалармен жұмыс істеу барысында маңызды);

3) білім алушылардың зерігуіне жол бермес үшін, іс-әрекет түрлерін кезектестіріп, дамушы мазмұндағы ойындарды таңдаған жөн;

4) математика пәні барысында қазақ тілін игеруге ойын мотивациясын қолдана отырып, түйінді жағдай жасайды;

5) белгілі бір математикалық іс-әрекеттерді орындау барысында балалардың қазақ тілінде сөйлеу белсенділіктерін ынталандырады.

Балалардың бос уақыттарында педагог мынадай ойындар ұйымдастыра алады. Мысалы: «Үш саны» қай жерде тұрады? деген ойын (аптаның қай күні,

айдың қай күні, жылдың қай мезгілі, үйлердің нөмірлерінде). «Санды қимылмен көрсет» ойыны (білім алушылар сұрақтың жауабын қазақ тілінде айтулары тиіс). «Сиқырлы көзілдірік» деген ойынды ойнатуға болады: мысалы, бала көзіне дөңгелек көзілдірік киді делік және ол көзілдірікпен тек дөңгелек заттарды ғана көре алады. Бала дөңгелек пішінді заттарды атайды). Мұндай ойындар барысында білім алушылардың қазақ тіліндегі сөздік қорлары мен тілдері дамиды.

Қазақ тілін бойлата оқыту бағдарламасын іске асыруда ойын технологияларын, тәжірибелік тапсырмаларды және шығармашылық әрекеттерді қолдану – білім алушылардың тілдік ортаға табиғи енуіне, сөздік қорын молайтуына, қарым-қатынас дағдыларын дамытуына мүмкіндік береді. Ойындар мен тәжірибелер барысында білім алушылардың қызығушылығы артып, олар өз ойларын еркін жеткізуді үйренеді. Сонымен бірге, осындай әдістер білім алушылардың танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, қазақ тілін үйренуге деген уәжін күшейтеді. Сондықтан әр сабақта ойын мен зерттеу элементтерін жүйелі түрде кіріктіру педагог үшін маңызды әдістемелік бағыт болып табылады.

ҚОРЫТЫНДЫ

«Тілге бойлау» жобасы білім алушылардың топта қазақ тілін қолдану арқылы тиімді қарым-қатынас жасау, тілдік қабілеттерін дамыту, сондай-ақ ұлттық мәдениетті тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Бұл жоба білім алушылардың тілдік қабілеттерін шыңдауға, олардың қазақ тілінде ойлау және сөйлеу дағдыларын дамытуға бағытталған. Сонымен қатар, білім алушылардың тілдік дағдыларын жетілдіруде маңызды рөл атқарады.

Қазақ тілінде білім алушылардың өз ойларын еркін, ауызша және жазбаша жеткізе алуын қамтамасыз ететін орта құру арқылы қазақ тілін меңгеру деңгейін жоғарылату және тілдік қабілеттерін дамыту бүгінгі күнде өзекті мәселелердің бірі. Сондықтан мақсатқа жету үшін ұсынымдарда сөз, сөйлем, сөйлеу туралы қарапайым түсінікті қалыптастыру; сөйлеу әрекетінің түрлерін (айтылым, тыңдалым, оқылым, жазылым) дамыту; білім алушылардың сөздік қорын байыту, сөздің грамматикалық құрылысын меңгерте отырып, тілін дамыту және жетілдіру; тілдің қоғамдық мәнін түсінуге, қарым-қатынас жасау салалары мен түрлі жағдаяттарда өз ойларын сауатты және мәдениетті түрде жеткізе білуге дағдыландыру; құндылықтарды түрлі іс-әрекеттер негізінде білім алушылардың бойына сіңіру; білім алушылардың ана тіліне, Отанына, туған еліне, оның мәдениеті мен салт-дәстүріне деген сүйіспеншілігін арттыру арқылы рухани адамгершілік қасиеттерін дамыту; жеке тұлғалық әлеуеті мен қасиетін ашу; қарым-қатынас жасаудың түрлерін мақсатты түрде қолдануға, ойын жинақтауға, ауызша немесе жазбаша мәтіндерге сүйене отырып, өзіндік пайымдау жасауға үйрету міндеттері нақтыланған.

Оқыту тілі ретінде қазақ тілін үйрету функционалдық сауаттылықты қалыптастыруға, сөйлеу әрекетінің барлық түрлерінің: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дамуын қамтамасыз етуге негізделген.

Жобаның мазмұны білім алушылардың ойын және танымдық іс-әрекет арқылы тілді үйренуге деген қызығушылығы мен оң көзқарасын дамытуға, сондай-ақ ақпарат алмасу үшін бастапқы коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруға, нақты жағдайларда сөз тіркестері мен сөз орамдарын қолдану қабілетін дамытуға бағытталған.

Жобаның мазмұны білім алушының туған тілін, Отанын, тарихын, ұлттық мәдениеті мен салт-дәстүрін сүю арқылы танымдық, шығармашылық, рухани-адамгершілік қасиеттерін дамытуды, тұлғалық қасиеттері мен әлеуетін ашу, сөйлеу белсенділігін, оқу мәдениетін дамытуға бағытталған коммуникативтік көзқарасты қалыптастыруды, әлемдік және отандық білім алушылар әдебиетінің озық үлгілері арқылы адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеуді көздейді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕРДІҢ ТІЗІМІ

1. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 23 қаңтардағы № 12 бұйрығы;
2. Кенжебаева Б.М., Сағымбек М.Қ. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ. Тілге бойлау негізінде мектепке дейінгі ортаңғы топқа арналған кіріктірілген сабақтардың технологиялық карталары (жинақ) – 2015, 56 бет.
3. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ. «Қозғаламыз, сөйлейміз, ойнаймыз». Тілдік ортаға енгізу топтарына арналған ойындар жинағы) – 2012, 81 бет.
4. Бодаренко Т.В., Симиляк В.А., Абдуллина Г.К., Медет Ж.Т., «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ «Ойлаймын, шығарамын, сөйлеймін». Тілдік ортаға енгізу топтарына арналған математика жаттығуларының жинағы-2013, 64 бет.
5. Медет Ж.Т., Гуляренко Т.В., Абдуллина Г.К., Симиляк В.А. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, «Шынықсаң шымыр боласың». Тілдік ортаға енгізу топтарына арналған таңертеңгілік жаттығулар – 2013, 72бет.
6. Е.В. Марудова. Мектеп жасына дейінгі балаларды «Тәжірибе жүргізу» ортасымен таныстыру. С-п: Детство – Пресс. 2010ж.
7. Б.Никитин. Дамушы ойындар. М.: Педагогика. 1981ж.
8. Н.Ф. Виноградова. Табиғатпен таныстыру барысында балалардың ақыл-ойларын дамыту. М.: Просвещение. 1982ж.
9. А.И. Савенков. Кішкентай зерттеуші. Ярославль. 2002ж.
10. А.Н. Поддьяков. Зерттеушілік қабілет. М., 2000ж.
11. А.И.Иванова. «Балабақшадағы бақылаулар және тәжірибелер». Сфера М: 2009 ж.
12. М.В.Лучич. «Балаларды табиғатпен таныстыру» М: Просвещение 1989ж.
13. В.Ромодин, М.Ромодина. «Балабақшадағы тәжірибелер». Сфера М: 2009ж.
14. Л.Д. Глазырина, В.А. Овсянкин. Методика физического воспитания дошкольного возраста: Пособие для педагогов дошк. учреждений. –М.: ВЛАДОС гуманит.басп.орталығы, 1999 ж.
15. В.Я Лысова, Т.С. Яковлева, М.Б. Зацепина, О.И. Воробьева. Спортивные праздники и развлечения. Сценарии. Средний дошкольный возраст. – М.: АРКТИ, 2000 ж.
16. Г. Абилова. «Казахские детские игры». «Аруна» баспасы, 2001 ж.
17. Г.И.Погадаев. «Физкультура!». – Мәскеу, Школьная Пресса, 2003 ж.
18. З.Ф. Аксенова. Спортивные праздники в детском саду: Пособие для работников дошкольных учреждений. – М.: ТЦ Сфера, 2004 ж.

19. Туылғаннан мектепке дейін - От рождения до школы. Мектеп жасына дейінгі негізгі жалпы білім беретін бағдарлама /Н.Е. Вераксы, Т.С. Комарова, М.А.Васильевалардың редакциялауымен. 2-басылым, түзетіліп, толықтырылған -М. :МОЗАИКА-СИНТЕЗ, 2011ж.

20. Комарова Т. С., Зацепина М. Б. «Балабақшадағы тәрбиелеу-сауықтыру жүйесіндегі жұмысты кіріктіру», мектепке дейінгі мекемелердегі педагогтарға арналған құрал, М.:МОЗАИКА-СИНТЕЗ, 2010ж.

21. Сажина С. Д. «МДМ кіріктірілген сабақтардың технологиясы - Технология интегрированного занятия в ДОУ», 2008ж. («Управление ДОУ» журналына қосымша).

22. Е. В. Колесникова «Арифметикалық есептерді шешуге үйрету – Обучение решению арифметических задач» әдістемелік құрал, ересек топтарға арналған сабақтар, М. : СФЕРА шығармашылық орталығы, 2011ж.

23. Е. С. Демина «Қарапайым математикалық дағдыларды дамыту – Развитие элементарных математических представлений», Мектеп жасына дейінгі бағдарламаларды сараптау, М.: СФЕРА шығармашылық орталығы,

24. Интернет ресурсы: https://www.clo-ocol.gc.ca/en/canadas-first-french-immersion-program-launched-through-efforts-three-english-speaking-quebec-mothers-dubbed-mothers-immersion?utm_source=chatgpt.com

25. Интернет ресурсы: https://www.educationestonia.org/estonian-education-language-reform/?utm_source=chatgpt.com

26. Интернет ресурсы: https://eric.ed.gov/?id=EJ1030010&utm_source=chatgpt.com

27. Интернет ресурсы: https://finlandeducationhub.com/multilingualism-in-education-how-finland-nurtures-language-skills/?utm_source=chatgpt.com

28. Интернет ресурсы: https://pmc.ncbi.nlm.nih.gov/articles/PMC6813428/?utm_source=chatgpt.com

29. Интернет ресурсы: https://www.abo.fi/en/languageresource/immersion/about_immersion/?utm_source=chatgpt.com

30. Интернет ресурсы: https://paperzz.com/doc/9331356/strategy-for-the-national-languages-of-finland?utm_source=chatgpt.com

31. Интернет ресурсы: https://www.abo.fi/en/languageresource/immersion/about_immersion

32. Интернет ресурсы: <https://www.abo.fi/en/study/teacher-education/>

33. Интернет ресурсы: <https://tewhariki.tahurangi.education.govt.nz/>

34. Интернет ресурсы: [https://www.stats.govt.nz/information-releases/2018-census-totals-by-topic-national-highlights-updated/#:~:text=26136-,Languages %20spoken,69%2C471%20people%20or%201.5%20percent](https://www.stats.govt.nz/information-releases/2018-census-totals-by-topic-national-highlights-updated/#:~:text=26136-,Languages%20spoken,69%2C471%20people%20or%201.5%20percent)

35. Интернет ресурсы: https://web-assets.education.govt.nz/s3fs-public/2024-05/BN-1321550-Maori-education-overview.pdf?VersionId=PbMot_Os63IQA1qs95.KGp_gqjqDVv2P

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	3
1. Тілге ерте бойлату тәсілін жүзеге асыру бойынша халықаралық тәжірибе	5
2. Қазақ тіліне ерте бойлату бағдарламасын жүзеге асыру бойынша әдістемелік ұсынымдар	54
Қорытынды	161
Пайдаланылған дереккөздердің тізімі	162